



ISSN 2307-5686

Выпуск

№3 (4)

2013

Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

Халықаралық ғылыми журнал

Международный научный журнал

ВЕСТНИК

Казахско-Русского Международного университета

International Scientific Journal

VESTNIK

of Kazakh-Russian International University



**Направления: экономические науки, социально-гуманитарные
науки, технические и естественные науки, юридические науки**

2013

Выпуск №3 (4)

Товарищество с ограниченной ответственностью “Международное
высшее учебное заведение” Казахско-Русский Международный
университет” (ТОО “МВУЗ”КРМУ”)

LTD “International higher educational
institution. Kazakh-Russian International
University” “LTD “IHEI” KRIU”

Международный научный журнал
«Вестник Казахско-Русского
Международного университета»
издается с 2012 г.

Тематика статей между-
народного журнала
«Вестник КРМУ» отражает
научные интересы специалистов
в области социально-
гуманитарных и естественно-
технических знаний. В
публикуемых материалах
рассматриваются актуальные
проблемы данных направлений,
обсуждаются результаты
эмпирических исследований

The subject of international
journals articles in “Vestnik
KRIU” are socially humanitarian
and natural-technical fields.
Urgent problems of philosophy,
psychology and sociology are
considered in published materials.
There are results of empirical
researches in the articles

Журнал зарегистрирован в
Комитете информации и архивов
Министерства Культуры и
информации Республики
Казахстан
(№ 13379-Ж
от 19 февраля 2013 г.)

Территория распространения —
Республика Казахстан,
Российская Федерация

Дата выхода: 27.09.2013 г.

© ТОО “МВУЗ”КРМУ”, 2013

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

Бердимуратов Темерхан Байбосынович (профессор, доктор психологии,
DBA в сфере управления человеческими ресурсами, академик Академии
Педагогических Наук Казахстана)

Заместитель главного редактора

Мырзашова Алтын Куанышбековна (профессор, канд. филол. наук,
доктор PhD)

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОЙ КОЛЛЕГИИ

Такишева Гүлбану Акылбековна (профессор, канд. пед. наук)

Сулима Сергей Владимирович (профессор, канд. экон. наук)

Яппарова Гульфия Муратовна (доцент, канд. пед. наук)

Каирова Нелля Имамуратовна (профессор, канд. юрид. наук)

Тукашев Жумабай Баракбаевич (доцент, канд. техн. наук)

Абенов Даулет Кусаинович (доцент, канд. ист. наук)

Каири Мария Сериковна (доцент, доктор DBA в сфере связи с
общественностью и коммуникации)

Алеуова Зарина Жеткергеновна (ст. преп., канд. физ.-мат. наук)

МЕЖДУНАРОДНЫЙ РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Гатут Л. Будионо (доктор PhD, профессор Университета Панкасия,
Индонезия)

Рогожников Татьяна Павловна (доктор фил. наук, Омский
государственный университет им. Ф.М. Достоевского, РФ)

Михалис Глампедакис (профессор по направлению математика,
Технологический образовательный институт, Афины, Греция)

Николас Оурусофф (профессор по направлениям информатики и
психологии, государственный университет в Нью Мексико, США)

Азрил Азахари (доктор PhD, профессор Университета Трисакти,
Индонезия)

Винсент Дидиек В.Арянто (доктор PhD, профессор Университета
Соедженя, Индонезия)

Сесилия Акуино (доктор PhD, профессор Университета Санто Томас,
Филиппины)

Тан Сри Датук М.Салех (доктор PhD, профессор Университета
Объединенных Наций, Малайзия)

АДРЕС РЕДАКЦИИ

030006 г.Актобе, ул. Айтеке би, 52. Тел. +7(7132) 22-15-16, ф.:21-42-12. Е-
mail: ahmetaliya@mail.ru, mmu@akparat.kz web-site: [http:// www.krmu.kz/](http://www.krmu.kz/)

СОДЕРЖАНИЕ
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

Демесинова Гүлбану Молдахметқызы, Абрашева Назгүл. Қазақтың ұлттық киімдерінің ағылшын тіліндегі көрінісі	3
Қалабаева Айгүл Дүйсенқызы, Бөкенбаева Арайлым. Қазіргі кездегі жастардың мәдениеті мен өзекті мәселелері	6
Tri Widayastuti, Meiliyah Ariani. Moral rationale and student's personal factors of moral conduct	11

ТЕХНИЧЕСКИЕ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

Абиева Тамара Асаухановна, Улжанова Акбота Асылбековна. Вода – источник жизни	21
Удербасева Нургуль Калиевна. Автоматизированная информационная система управления научно-исследовательской деятельностью как подсистема корпоративной информационной системы вуза	26

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

Алексеева Алия Сайлауовна, Советы мотивации успеха компании.	31
Gatut L. Budiono. Protectionism: the benefits, losses and whose interest?	34
Идрисова Алия Рамазановна. Роль и значение международных стандартов финансовой отчетности в гармонизации системы бухгалтерского учета	42
Карабалина Жанар Жумабергеновна. Перспективы развития туризма в Республике Казахстан	45
Карнакбаева Айнуур Ерлановна. "Паблик Рилейшнз" как средство экономического благополучия фирмы в условиях рыночной экономики	48
Отешова Алмагул Кайыргалиевна. Организация инновационной деятельности на предприятии	54
Рыбцова Олеся Леонидовна, Снасапина Альбина Сергалиевна. Развитие экотуризма в пределах особо охраняемых природных территорий Актюбинской области	59
Снасапина Альбина Сергалиевна, Жаримбетова Гулсая Алпамысовна. Қызылорда облысындағы туризмнің даму мәселесі	64
Кулумбетова Дина Булатовна. Теоретические и методические аспекты разработки дивидендной политики предприятия	70
Тұрманбетова Айнамкөз Құдайбергекқызы. Зейнетақы жүйесінің пайда болу тарихы және оның Қазақстандағы жағдайы	75
Калугина Светлана Афанасьевна, Макаров Андрей Анатольевич. Информационное обеспечение маркетинговой стратегии продвижения продукции в новом технологическом укладе	82
Шәріпова Жанна Құлмұқанбетқызы. Әлемдегі банктік несие жүйесінің дамуының қазіргі қазіргі тенденциялары	85

ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

Альшурин Гаухар Рамазанқызы. Әділ билер сотының құрылуы – мемлекетіміздің құқықтық өркендеуінің кепілі	93
Джигитова Раушан Нұрболатқызы. Азаматтық құқық нормаларының принциптері	99
Еңсепаев Асланбек Болатұлы. Дәстүрлі құқықтағы азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері	106
Исмагулова Рабига Даулетбаевна. Взаимодействие Республики Казахстан с международной организацией в свете председательства в ОБСЕ	112
Исмагулова Рабига Даулетбаевна. Некоторые вопросы правотворческой деятельности Генеральной Ассамблеи ООН	116
Калимукан Ринат Калимуканович. Наследство с позиций брака и семьи в современных условиях	123
Қуатова Айгүл Әкімқызы. Жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары	129
Медетуова Махаббат Нұрланқызы. Қазақ қоғамындағы сауда қатынастарының даму ерекшеліктері	134
Сарсенбаева Зита Қонысбайқызы. Мұрагерлік мұраты – бірлік	140
Саяхат Гүлабзал Саяхатқызы. Қазақы неке -отбасы қатынастарына шариат заңдарының әсері	143
Серікқызы Дильнар. Жеке адамды жалдау шартынан туындайтын міндеттемедегі жауапкершілік	148

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚИИМДЕРІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Демесинова Гүлбану Молдахметқызы – филология магистрі, Психология, филология және аударма кафедрасының аға оқытушысы,

Абрашева Назгүл – «Аударма ісі» мамандығының 2 курс студенті,

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе, 030006, Әйтеке би, 52, gdm0386@mail.ru

Ұсынылған мақалада қазақтың ұлттық киімдерін ағылшын тіліне аудар ерекшеліктері сөз болған. Аударма жасау барысында жиі қолданылатын аудару тәсілдеріне назар аударылып, олар мысалдар арқылы көрсетілген. *Кілт сөздер:* қазақтың ұлттық киімдері, аударма тәсілдері, ағылшын тіліне аудару, аударматану, ұлттық киім түрлері.

Біздің заманымыздан бұрынғы дәуірлер шежіресіндегі қазақтың ұлттық киімдері бүгінгі таңда тек мұражайларда сонымен бірге мұрағаттар мен тарихи әдебиеттерде сақталған. Қазақ қыздарының ұлттық киімін баршын, торғын, шәй, қырмызы сияқты жұмсақ, нәзік маталарды пайдалана отырып, бүрмелі етек, бүрмелі жең қылып және кең көлбендете тіккен. Бұлай тігілетіндігі қыз балалар мен әйел адамдардың нәзіктігі мен әдептілігі үстіндегі киімінен көрініп тұрсын деген ниеттен. Ал етек-жеңі кең болатыны – қазақтың дархандығын, үрімді-бұтақты екендігін, мейірім мен қонақжайлығын, даладай кең пейілділігін білдіреді. Басқа ұлттық киімдерді былай қойғанда қазақ халқы ежелден шапанды, камзолды, тақия мен бөрікті айрықша киелі киім ретінде санаған. Халқымыз ерте заманнан бері ұлттық киімді кімнің болса соның иығына жауып, қалай болса солай сыйға тартпаған және де ел басқарған хандар мен сұлтандар қазақы қалыптың, ұлтымыздың айрықша белгісіндей болған шапанды әсте иықтарынан тастамаған. Қазақ әйелдерінің дағдылы аяқ киімі кебіс-мәсі, ауқатты отбасы әйелдерінің салтанатқа киетін оюланған кестелі етігі, көк сауыр былғарыдан тігіліп, оюлап, күміс құйма қақтырған кебістер болды. Қазақтың киім-кешек үлгілерінде кейбір жергілікті рутайпалық сәндер де болды. Мысалы, керей тымақ, найман тымақ, албан бөрік, қызай калпақ т.б.

Қоршаған орта мен климат жағдайлары, кәсібі, шаруашылық негіздері мен жалпы тұрмыстық ахуал, халықтың әдет-ғұрпы мен табиғи талғамы қазақтың ұлттық

киім үлгілеріне ықпал еткен. Ақын Абай Құнанбаев «Ескілік киімі» өлеңінде ұлттық киім туралы былай дейді:

Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен,

Тон қабаттап кигенім **шидем шекпен.**

Жиде, дамбал ақ саннан **жарғақ шалбар,**

Жырым балақ матамен **әдіптелген.**

Мықшима аяғымда **былғары етік**

Киіз байпақ тондырмас ызғар етіп.

Үлкен кісе белімде жез салдырған

Шақпағым, дәндекуім жарқ-жүрқ етіп.

Күләпәрә басымда **пұшпақ тымақ,**

Ішкі буын өткізген **тесік құлақ.**

Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап

Артын белге қыстырған бар **құрысқақ.**

Шидем шекпен. Тысы қолдан тоқылған қоңыр түсті түйе жүнінен және қоңыр түсті матадан тігілген ер адамның сырт киімі. Тік жағалы, кең етегі жіңішке сұр түсті матамен әдіптелген.

Shidem shekpen. Homespun fabric from camel's wool, silk, velvet, quilting.

Шалбар. Ақшыл сары түсті түйе жүнінен тоқылған матадан тігілген, қоңыр сәтенмен астарласқан.

Man's trousers. Middle of the XX c. Wool, sateen, wooly fabrics.

Қазақ еркектері киім сыртынан кісе, оқшантай, дәндекулер асылған құймалы былғары белбеу буынды. Бұл белбеулерде былғары, яки ағаштан жасалған қын мен пышақ және шақпақ асулы тұрды. Ал қалың матадан тігілген бас киім башлық яғни күләпәрә деп аталды.

Қазақтардың қысқы киімдері көбінесе әр түрлі теріден, жазғы киімдері пұлдан тігіледі. Өйткені қысқы киім жылулықты, ал жазғы киім сұлулықты талап етеді. Еркектер

ақ пұлдан кең жейде, дамбал, оның сыртынан бешпент, камзол, онан соң түрлі үлгілі шапан киеді. Қысқы киімі қойдың немесе түйенің жүнінен тоқылып, қалың матамен тыстап, кең тігілетін күпі, аң терілерінен құрастырылып, сыртын пұлмен тысталған ішік, күпі немесе тон сыртынан киілетін кең шидем шекпен.

Қасқыр иілік. Kaskyr ishik. Man's wolf skin coat.

Сенсең тоң. Sensen ton. Man's fur coat. Tanned sheepskin, colour threads, embroidery.

Күпі. Kipi. Man's fur coat. Silk, camel's wool, cotton fabric, fox pads' fur.

Шапан. Man's shapan. Velvet, silk, galloon, gold thread.

Бешпент. Man's beshmet. The beginning of the XIX c. Sateen.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» атты көлемді поэмасында қазақтың салт-дәстүрімен қоса қазақтың ұлттық киімдеріне де қысқаша өлең жолдарында айтылып кеткен.

...Мамыр жылқы бағады күндіз барып,

Тымақ киіп, қолына құрық алып.

Қалқаман Мамырменен малда жүріп,

Біраз сөз сөйлесіпті, кез боп қалып.

Тымақ ағылшынша «Tymak» деп аударылады. Жалпы В.Плотников 1859-1862жж тымақтың 15 түрін жазған. Олардың бізге жеткен кейбір түрлері мынадай: жаба салма тымақ, қайырма тымақ, шошақ төбе тымақ, жекей тымақ.

Сахналық бешпент. Тысы күрең, қызыл түсті мақпалдан, астары ашық қоңыр жібектен салынған әйелдің сырт киімі. Белінен сәл ғана қынап тігілген. Жағасы тік, тірсек жеңді болады.

Stage beshmet. Velour, silk, beaver lamb, silk, cord.

Қазақтың сахналық бешпентін – ҚазКСР халық артисі Ш.Жиенқұлова киген.

Қазақ арасында аса шебер зергерлер болды. Олар алтын-күміспен, алуан түрлі асыл тастармен ер, жүген, үзеңгі сияқты ертұрмандарын безеп, сырға, білезік, алқа, шолпы, белбеу, сәнді сәукеле жағаларын жасаған.

Сәукеле – конусқа ұқсас пішінді, тәжісі қызыл мауытымен, мильғы қара барқытпен тысталған. Тәжінің жоғарғы бөлігінің

алдыңғы бетіне төртқұлақ пішінді құйма шытыралар қондырылған. Оның үстіне маржан және перуза тастар орнатылады.

Saukele. Woman's wedding headdress. The beginning of the XX c. Cloth velvet, fringe, eagle - owl's feathers, metal, braid, corals, turquoise, otter's fur.

Ұлттық киімдердің түрлеріндегі ерекшесі – бас киімдер. Жас қыздың басына ақ-қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі. XIX мен XX ғасырдың бас кезінде қазақтың ұлттық киімдеріне зерттеу жүргізген И.В.Захарова мен Р.Р.Ходжаева ер адамдардың бас киімдерін 6 топқа бөлген

1) Дөңгелек, жеңіл, өзін сырып, кестелеп матадан тіккен және қалпақ, тымақ астынан киетін кішігірім бас киім – тақия.

2) Матадан тігілген, кішкентай, етегі терімен көмкерілген бас киім – төбетей.

3) Киізден жасалған бас киім – қалпақ.

4) Қалың матадан тігілген – башшық.

5) Тері қапталған, жылы бас киім – бөрік.

6) Аң терісінен жасалып, суықта киетін бас киім – тымақ.

Мұрақ – барқыттан жасалған салтанатты бас киім. Мұны Баймұхамед Айшуақов киген. Арнайы сұлтан-билерге арналып тігіледі. *Murak. Ceremonial man's headdress, beginning of the XXC, Velvet, gold thread, felt and card.*

Kalpak. felt hat with fields. Beginning of the XXC. Felt, sateen.

Көйлек. XX ғасырдың басы. Жібек, барқыт, оқа сияқты маталар қолданылады. Қоңыр түсті жібектен кебенекше ойып пішіледі. *Woman's dress. selk, braid.*

Etik. (foots) are subdivided into the following groups: *biik orshe* (high heeled), *zharma konysh* (with double wide top), *tiremeli* (lined with metal heeltaps), *koksaur* (from high - quality saur leather), *saptama* (winter footwear with hightop), *zhumsak taban* (on soft sole), *ushkil tumsyk* (with pointed toe) *shonkaima* (with stanting heel), *zhibek etik* (silk foots), etc. Traditionally, the footwear with identically formed sole (left and right foot did with no difference).

Masi – soft footwear with light top without heels.

Masi are light, practical and comfortable, they are sewn from soft lamb's, shagreen leather. There are mainly intended for women and old people.

Жалпы айтқанда, қазақтың ұлттық киімдері ағылшын тіліне қалай оқылады сол бойынша жазылады. Нақты аудармасын табу қиын, өйткені, қазақ тілінде қолданылатын, әрі түсінікті болатын сөздер, ежелден айтылып келе жатқан қазақтың тіліне жатық

сөздер ағылшын тілінде жоқ. Егер де ұлттық киімді сипаттайтын болсақ ортақ сөздерді қолданамыз. Мысалы, асыл тастарды, металл, көйлектерді, бас киімдерді, етіктер мен шалбарларды айтамыз да аталуын сол қалпы өзгертпейміз. Аудармада киімнің қалай, неден жасалатындығын, өлшемін, қай мезгілде киетінін, қандай мән-мағынада екенін білу шарт.

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА НА АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК НАЗВАНИЙ КАЗАХСКИХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ОДЕЖД

Демесинова Гулбану Молдахметовна, Абрашева Назгуль

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассматриваются особенности перевода на английский язык названий казахских национальных одежд. Выделяются наиболее часто используемые способы перевода данных слов, приводятся различные примеры.

Ключевые слова: национальная одежда казахов, способы перевода, перевод на английский язык, переводоведение, виды национальных одежд.

FEATURES OF THE TRANSLATION INTO ENGLISH NAMES OF THE KAZAKH NATIONAL CLOTHES

Demesinova Gulbanu Moldahmetovna, Abrasheva Nazgul

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

This article discusses the features of the English translation of the Kazakh national costume names. Stand out the most commonly ways and various examples to transfer data words.

Keywords: Kazakhs national costumes, methods of translation, English translation, translation, types of national costumes.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қалабаева Айгүл Дүйсенқызы, Техникалық және ғылыми-жаратылыстану пәндер кафедрасының аға оқытушысы,

Бөкенбаева Арайлым - «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 2 курс студенті,
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе, 030006, Әйтеке би, 52

Тәуелсіздік алғанымызға 20 жылдан астам уақыт болды, бірақ қазақ жастарының жағдайы бүгінгі күні қазақ қоғамын алаңдату керек. Сондықтан ұсынылған мақалада жастардың ұлттық мәдениетке, ұлтқа, тілге, дінге, білімге деген көзқарастарына қатысты проблемалар көтеріліп, айтылымш мәселені шешу жолдары көрсетіледі.

Кілт сөздер: жастар мәдениеті, жастар тәрбиесі, жастар арасындағы қылмыстар, ұрпақ болашағы, ұлт болашағы.

Жастар мемлекеттің қоғамдық саяси өміріне белсенді қатысушылардың бірі және қоғамның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жастар мемлекеттің проблемаларын өткір сезінетін және қабылдайтын топтардың бірі екенін біле отырып елемеу немесе оны жеткілікті деңгейде зерделеу жастардың саяси жоғары бағамдарды түсінбеуіне әкеліп соқтырады.

Тәуелсіздік алғанымызға 20 жылдан астам уақыт болды, бірақ қазақ жастарының жағдайы бүгінгі күні қазақ қоғамын алаңдату керек деп ойлаймын. Жастардың ұлттық мәдениетке, ұлтқа, тілге, дінге, білімге деген көзқарастары, жағдайлары, жұмыссыз жүрген жастарымыз, қылмыстың жастар арасында дамуы, өсуі болашақ үшін үлкен мәселе.

Қылмыстың жастар арасында дамуы, өсуі болашақ үшін үлкен проблемаға айналып тұр. Орыстың ұлы жазушысы Н.А.Островский «Өмір әрбір адамға ғаламат, зор, баға жетпес сый – күш, жігерге толы жастықты, арман-үмітке, тілек пен білімге, күреске, ұмтылысқа, үміт пен сенімге толы жастық дәуренді береді» деген екен. Қай ел, қай ұлт болмасын жарқын келешекті сол жастардан күтеді, әрі сенім артады. Ертеңгі күнгі негізгі үміт - жаңа буында дейді.

Еңсесі биік егемен Қазақстанның болашағы - бүгінгі біздер, жастар. Жастарға бүгінгі таңда көрсетіліп жатқан қамқорлықтар ұшан теңіз деуге болады, яғни шет елге білім алуына көптеген мүмкіншіліктер жасалуда.

Жастардың жағдайы туралы 2005 жылы бүкіл әлемдік баяндамада келтірілген мәлімет бойынша қазіргі кезде жастар дүние жүзі халқының 18% құрайды. Жастарға қатысты мәселелерде зерттеуші ғалымдардың

пікірлеріне сүйенер болсақ, олардың алдында шешуді қажет ететін көптеген проблемалар бар. Осылардың ішінде бесеуі ерекше аталып көрсетілген. Олардың біріншісі “Қайда тұрамын?” деген проблема. Мұның, яғни пәтер мәселесінің бірнеше қырлары бар. Біріншіден, жастар барлық уақытта және барлық жерде бірдей қоғамның қамтамасыз етілген бөлігі бола бермейді. Өйткені, олар өмір сүруді енді ғана бастаған, негізінен ата-аналарының табыстары есебінен күн көріп жүрген қоғамдағы жеке тап болып табылады. Ал ата-ана өмірге деген көзқарастарына немесе материалдық жағдайларына байланысты балаға, үйленгеннен кейін жас отбасына жеке пәтер керек пе деген мәселені үнемі оңтайлы шешіп бере алмайды. Көптеген жағдайда ата-ананың өз балаларының талаптарын қанағаттандыруға қауқарлары да жетпей жатады. Жастардың өзінде ақша жоқ. Ал несие алайын десе, бір жағынан тұрақты жұмысы, қомақты табысы болмағандықтан, оларға банктер несие бере қоймайды, екінші жағынан, амалын тауып несие алған күннің өзінде жастардың аса жоғары ставкамен берілетін несиелерді төлеуді қалталары көтермейді. Екінші проблема “Қайда және қалай оқимын?” деген сауалға келіп тіреледі. Жоғары білімсіз, кәсіби даярлықсыз табысы жақсы жұмыс табу мүмкін емес. Сондықтан жастардың дені, дәлірек айтқанда, өз ертеңі туралы ойланғандары білім алуды мектептен кейін де жалғастыруға тырысады. Бірақ бұл ретте де ақша мәселесі алдан шығады. Өйткені, жоғары оқу орнына тегін түсу үшін тума талант болу керек. Ал ондай ерекшелік екінің бірінің маңдайына жазыла бермеген. Жұрттың бәрі дарынды болып кеткен жағдайдың өзінде гранттардың

шектеулілігіне байланысты олардың белгілі бір бөлігіне ақылы түрде оқуға тура келер еді. Өмір жолын енді ғана бастағалы отырған жас ондай қаржыны қайдан табады? Осы орайда емтиханнан немесе тестілеуден сүрінбей өткендер ғана оқуды одан әрі жалғастыруға лайық деген пікірдің де сыңаржақ көзқарас екенін мойындау қажет. Болашақта жақсы маман, іскер ұйымдастырушы болып шығу үшін сынақтарды 4 пен 5-ке тапсырып көзге түсу тіптен де міндетті емес. Өйткені, қандай да болмасын тест сұрақтарының адамның бойындағы бүкіл қабілет-мүмкіндіктерін ашып бере алмайтыны екіншісі біріне белгілі жәйт. Керек десеңіз, сынақтардан сүрінбей өтіп, оқуды ойдағыдай аяқтап шыққан кейбіреулердің кейін практикалық жұмысқа келгенде мүлде қабілетсіз болып шығып жатуы да әбден мүмкін. Бұл жерде біз емтихан, тест сияқты сынақтардан өте алмаудың салдарынан жоғары білімге, дәлірек айтқанда, дипломға қолдары жетпей қалған жастардың арасында талай-талай іскерлер мен дарындардың болуы мүмкін-ау дегенді айтпақпын. Үшінші проблема “Қайда демаламын?” деген мәселе төңірегінде қылаң береді. Жастардың көңіл көтеретін, уақыт өткізетін орындар іздеуі табиғи жәйт. Бұл қай дәуірде де өскелең ұрпақ үшін өте маңызды мәселе болып саналған. Себебі, бос уақыттарын пайдалы өткізудің амалын таба алмай зеріккен жастардың теріс жолға түсіп кетуі оп-оңай. Нашакорлық, маскүнемдік, ұрлық, төбелес сияқты қылмыстар да дәл осындай себептерден, әсершіл, қызба мінез жастардың “екі қолдарын алдарына сыйғыза алмауларынан” туындап жатады.

Төртінші проблема “Қалай өмір сүремін?” деп аталады. Бұл жерде әңгіме табыс туралы болып отыр. Тіпті, дипломы болғанның өзінде еңбек стажы жоқ жас маманның жоғары жалақы алатын жұмысқа орналаса қоюы екіталай. (Мәселен, жақсы жұмысқа шақырғандар кемінде 5 жыл еңбек стажының болғанын талап етеді). Ал жастардың өмірдің барлық қызықтарын көре жүріп емін-еркін өмір сүргілері келетіндігі аян. Оның сыртында қызмет бабында жоғарылау жағын да ойлауы керек. Ал оның бәрі оңайлықпен іске аса қоятын шаруалар емес. Әсіресе, әркім өз күнін өзі көруі тиіс деген

қағида белең алып тұрған нарық заманында бұл проблемалардың шешуі мейлінше қиын түйіндерге айналып отыр. Соңғы проблема “Қандай мақсаттарға ұмтылу керек?” деген сауал төңірегінде тұйыққа тіреледі. Ресейлік мамандардың пайымдауынша, бүгінгі жастардың бойында, олардың ата-аналарында болғандай, нақты өмірлік бағыт-бағдарлар жоқ. Өйткені, қазір мемлекеттік деңгейде қалыптастырылатын ортақ мақсаттар да, жұртшылықты соған жұмылдыратын қуатты насихаттық мәшине де жоқ. Біздің әкелеріміз бен аналарымызда қоғам заңдылықтары туралы білімдер болды, олар қандай мақсаттарға қол жеткізудің мүмкін екенін және қайсыларының мүмкін емес екенін алдын-ала білді, деп есептейді ресейлік сарапшылар. Сірә, мұны да бүкіл ел халқын тек өзінің айналасына ғана топтастыруды мақсат еткен коммунистік партия жүзеге асырды деп түсінген орынды шығар. Қазіргі заманғы жастарда ондай мүмкіндіктер жоқ. Өйткені, қазір елде партиялар да, бірлестіктер де, түрлі ағымдар да көп. Оның сыртында қазіргі жастар бүгінгі партиялардың бұрынғыдай “коммунизм орнату” үшін емес, билікке таласу үшін құрылатынын да шетелдік партиялар тәжірибесінен көріп, біліп алған. Сондықтан өмірден әлі өз орындарын тауып үлгермеген жас буынды қаптап кеткен саяси партиялар онша қызықтыра да қоймайды. Дүние жүзі бойынша жүргізілген көптеген зерттеулер жастардың саясатпен айналысуға онша құлықты емес екендерін анықтаған. Оның есесіне олар бәрін бір өздері ғана шешетін дәулетті де әмірлі ағаларды көре жүріп, олардың алдындағы өздерінің дәрімсіздіктері мен шарасыздықтарын сезінуге мәжбүр. Мұндай көрініс жастарды ашындырып, небір кездейсоқ әрекеттерге итермелейді.

Қазақ халқы ежелден ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударып, перзентін бесіктен бастап адамгершілік пен имандылыққа баулыған. Сондықтан кешегі ұрпақ қандай қиыншылықты бастан өткерсе де, ана сүтімен, әке өнегесімен бойларына сіңген тәрбие-тәлімін жоғалтқан емес. Ал бүгінгі жастардың мәдениеті қаншалықты жоғары деңгейде екенін зерделеп көрейік. Мәдениет -

арабша «маданият»-қала, қалалық: латынша - өңдеу, өсіру деген ұғымдарды білдіреді. Мәдениет - адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. «Салт-дәстүр - тіл мен мәдениет бастауларының анасы» - дейді белгілі философ Гердер. Мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрастырады. Әсіресе, жазу-сызу болмаған ерте заманда мәдениет ырымдар мен сәуегейлікке, сенім-нанымдарға, дәстүрлі түсініктерге иек артқан. Басқаларға қарағанда жастар әлеуметтік топ ретінде өзгеше қасиеттерге ие екені белгілі, ең әуелі, олардың "рухының беймазалығы", болмысқа сын көзбен қарайтындығы, ешкімге кіріптар болғысы келмейтін "өзімшілдігі", ақиқаттан, тіпті қоғамнан іргесін аулақ салуға ұмтылуы, саяқ жүріп, қара басының қамын бәрінен биік қоюы. Яғни, көңіл деген — көк дөнен, өз ерік-жігерінен қиялы ұшқыр.

Қазіргі уақытта Қазақстан жастары қоғамның келешегін анықтаушы негізгі факторлардың бірі болып табылатын тұрғын халықтың үлкен әлеуметтік тобына айналған. Қоғамның барлық салаларындағы кең көлемді қайта өзгертулерден туындаған ахуалдар жастардың даму ерекшеліктері мен олардың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы мәнін тағы бір қырынан аша түсті. Осы аталғандардың барлығы жас ұрпақтың сапалы қалыптасуына, олардың әлеуметтік кейпінің жасалуына ықпалын тигізе отырып, қоғамдық – саяси және экономикалық қайта өзгеру факторларының жастардың қажеттіліктеріне, мүдделеріне, құндылық бағдарларына және әлеуметтік мінез - құлықтарына да айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетті. Жастар қанша өзгеше қасиеттерге ие болмасын, ол таптан, әлеуметтік топтан тысқары өмір сүре алмайды. Сондықтан да жастар мәселесі күллі қоғамға қозғау салатын кең көлемдегі әлеуметтік проблемалардан да ауқымды хәм күрделі. Жетпісінші жылдары Батыстың көптеген қоғамтанушылары жастар арасында "өмірді түсіну түйсігін жоғалту" деп аталатын дерттің тез таралуы туралы кәдімгідей

алаңдаушылықпен дабыл қаққан-ды. Сол жылдары американдық журналдың бір санында осы тақырыпқа әр қырынан келген 200 сұхбат негізінде АҚШ жастары мен студенттерінің Декларациясы жарияланды. Еліміздің болашағын ойлағанда ең алдымен есімізге алдымен жастар мәселесі еске түседі. Олай болатыны, жастар жай ғана қоғамдағы адамдар санатының белгілі бір тобы ғана емес, олар - жас қуаттың, еңбек көзінің, идеялар мен тың ұсыныстардың бастамашысы, қоғамдағы қозғаушы күш, халықтың ең белсенді тобы. Сондықтан да жастар мәселесі -елдің болашағы туралы мәселе. Бүгінгі жастар — алтыншы ұрпақ. Рухсыз, барлық құндылықтан жұрдай, тек техникалық жетістіктерге ғана малданып отыр деп текке жазғарады. Барға бөлену — ойсыздыққа, парықсыздыққа, білімсіздікке, көргенсіздікке жетелемейді. Қайта алаңсыз ізденуге, білім іздеп, өнер қууға мүмкіндік береді. Рас, бұған дейінгі ұрпақтардағы өмірлік, әлеуметтік тәжірибе, ақыл-парасат бұларда жоқ шығар, бірақ бұл жастардың ешкімге ұқсамайтын саналығын, өз ой-пікірімен жүріп, тұратындығын, максимализмін жоққа шығаруға болмайды және оны алдыңғы буынға қарсы қою жараспайды. Олардың қарым - қатынастарындағы әлдекімдердің ізімен жүргісі келмейтін "өзімбілемдіктеріне" күдікпен қарау да ойлануды қажет етеді. Ұрпақ алмасуына орай қоғамдық санадағы өзгеріс үлкендерді мазаламай тұрмайды. Қазіргі жастар, сөз жоқ, қоғамдық өмірде батыл да ашық, алайда оларда тәжірибе және сабыр жетпейді, өткеннің тәжірибесі көп еңбектене отырып үйренуді қажет етеді. Бүгінгі танда жастарда бұған дейінгі тәжірибені толық меңгеру үшін уақыт бар, өткеннің сабақтарын үйрену осы заманды дұрыс түсіну деген сөз. Қазіргі қазақ жастарының мәдени дамуының жақсаруы да, әлсіреуі де сол адамға байланысты деп ойлаймын. "Жастардың әр түрлі діни, идеологиялық ағымдардың жетегінде кетуі" осыған мысал бола алады. Әрбір сауатты қазақ жастары осыған бір уақыт ойлануы керек. М. Мид ұрпақтардың мәдени сабақтастығы мәселесін зерделей отырып, мынаған назар аудартады: мәдениеттің белгі

үш түрі ішінен, атап айтқанда, бейнелі мәдениет, ең бастысы, болашаққа бағдар береді. Дәл осы мәдениетте үлкендер өз балаларынан үйренеді. Жас адамдар қазір өз аталары мен әжелері, әкелері мен шешелері білмейтінді біледі. Жастар үлкендердің айтқан ақылдарынан ғибрат алып қана қоймайды, өздері де өмірдегі бар проблемаларға жауап іздеуге тырысады. Сондықтан өмірлік, мәдени және білім деңгейі, саяси мәдениеті, әлеуметтік шындықты түсініп зерделеуде жаңа ұрпақты, оның кемшіліктеріне қарамастан, әрине, аға буындардың жас кезіндегі деңгейімен салыстыруға болмайды. Қазіргі кездегі жастар мәселесі қоғамдағы ең маңызды проблемалардың бірі болып отыр. Олардың арасында жағымсыз қылықтар көптеп кездеседі. Әрине, барлығына бірдей топырақ шашудан аулақпын. Бірақ, еліміздің болашағы біз, яғни, жастар. Сол себепті жаман әдеттерден аулақ болып, Отанымыздың көркеюіне үлес қосуға ынталансақ нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын. Бүгінгі жастар туралы, олардың Батысқа еліктейтіні туралы әңгімелер өте көп. Еліктеу қалай қабылдағанға байланысты, оның да жақсы тұстары бар екенін айтқым келеді. Меніңше, бүгін мен өткен заманның арасында көп айырмашылық жоқ. Бүгінгі жастар ақпаратпен қамтамасыздандырылған, таңдау құқығы бар, араласу ортасы кең дегені болмаса, ата-әжесі, әке-шешесі сияқты олар да жақсы мен жаманды айыра біледі. Қазіргі кейбір жастарымызбен мақтана аламыз. Өйткені қазірде біздің жеткен жетістіктеріміз аз емес және де шет елге барып, қазақтың атын шығарып жүрген жастарымыз көп. Қазіргі таңда жастарымызды жақсы жолға бастайтын елбасымыздың ұйымдастырған ұйымдары баршылық. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан-2030 стратегиялық бағдарламасында»: Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған және ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, мәдениеттілік, тектілік, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» - деп жастар тәрбиесіне ерекше мән берген. Соның арқасында жастарымыз көп нәрсені игере отырып, көптеген игі істер атқаруда. Қазіргі жастардың барлығына

бірдей топырақ шашуға болмайды яғни, кемел келешегіміз саналатын ұрпақтың өсіп, өркендеуі – қоғам үшін де маңызы зор құндылықтың бірі. Тәуелсіздік байрағын көкке көтерген еліміздің бет алысы шүкір етерлік. Есігіміз шартарапқа ашылып, қазақ жастары шетел мемлекеттерден білім алуына мүмкіндік туды. Дегенмен оның да қайшылық жақтары белең алуда. Өзге елдің тілі мен мәдениетін игерген жастарымыз әуелгіде жан-жақты, білімді, сәнді де мәнді жаңа заманның «жаңа қазағы» атанды. Кейіннен сол жастарымыздың санасын шетел мәдени болмысына әуесқойлығы басып кетті. Қазағымның табиғатынан еліктегіш қасиеті қазіргі жастарды айналып өтпей, кесірін тигізіп отыр. Әрине, қазақтан бәрінен көре беру дұрыс емес, дегенмен еліктеу болмысымызда өте жақсы дамыған. Мысалы: Қазіргі қазақ жастарымызды қызықтыра жалықтыратын, арманы мен аңсарын олардың жүріс-тұрысы, іс-әрекеті киім кию үлгісінен байқауға болады. Жастарымыздың сөйлеу мәдениеті мен сөз саптауынан айналып өту мүмкін емес. Әр түрлі шетелдің ұғынықсыз сөздерімен қоса бір-біріне саусақтарын желбіретіп сөйлеу үрдісі қалыптасқан. Алайда «біздің болашағымыз» деп мақтана жүретін жастарымыздың мінез-құлқы мен тәрбиесі олардың киген киімі мен ұстанған үлгісіне сәйкеспей жататыны – ащы да болса, шындық. Сабактан бос уақыттарын серуенмен өткізетін кейбір жастардың көшедегі мәдениеттерін олардың қалдырған «қолтаңбаларынан» анық аңғаруға болады. Қаламыздағы сан алуан оқу орындарының маңы да осындай көрініске толы. Темекінің түтінін будақтата сорған жас бозбала мен бойжеткен өз денсаулығын құртып қана қоймай, өзін білім нәрімен сусындатып отырған білім ұясының айнала тазалығы мен салтанатына нұқсан келтіретінін ойлап та жатпасы анық.

Қазақстандағы субмәдениет жастардың Батыс мәдениетіне еліктеуінен, әр түрлі сән үлгілеріне әуендеріне қызығушылығынан туған. Елімізде, әсіресе, өрімдей жастардың арасында рэппер мәдениеті кең етек жайған. Дегенмен, мұндай әуенді тыңдағанда «жастарға рэп несімен қызықты екен?» деген сұрақ туады. Сонымен бірге бұл мәдениеттің

астарында ұлттық мәдениеттен ада, халықтың салт-дәстүрден мақұрым, ұлттық музыка өнерінен хабарсыз жас ұрпақтың тағдыры жатқандай. Халқымыз бейбіт, тыныш елде өмір сүріп жатыр дейді, ал оны зерттеп қарасақ тонау, қылмыс, зорлау көбейіп, бір-бірімен аямай, дүние, ақша үшін өлтіріп, мазақ қылып жатыр. Аузынан жаман сөздер шығып, өзінің не айтқанын білмей отырған жастар өзіміздің арамызда да кездеседі. Бұрынғы кезде аталарымыз майда сөзбен түсіндіріп, жеткізсе, ал қазір бетіне басып тұрып сөйлейтіндер бар. Бұның бәрі - мәдениетсіздік.

Қорыта келе: «Бұл –біздің ертеңгі ұрпағымыз» деп, аға буын өкілдері мақтан тұтатын жастарымыздың тазалығы мен талғамы сай болып мәдениеттіліктің үлгісін көрсете білсе, қоғамдық орындарда ізеттілік көрсету, үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету - біздің ұлттық менталитетімізге тән құндылықтар. Сондықтан мәдениетті, кішіпейіл халықтың кемел келешегі

екенімізді естен шығармағанымыз абзал. Көрсен көзің тоятын қазақтың өрімдей жас қыз-жігітері бойларындағы имандылық қасиеттерін жоғалтпаса екен. Қазіргі кезде жастардың мәдениеті жақсарып келеді және де жастар проблемалары толықтай шешілу жолға қойылады деп ойлаймын.

"Білімді, сауатты адамдар — бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші" деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, біздер бәріміз "ХХІ ғасырдың білімді де, сауатты адамдары" болуымыз керек! Мақсатымыз айқын, ендеше, іске сәт!!!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Жас алаш» газеті. №57, 2012.
2. «Қазақстан-Заман» газеті. № 51, 9 желтоқсан 2010.
3. «Дала мен қала» газеті. №42, 25 қазан 2010 ж.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КУЛЬТУРЫ МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Калабаева Айгуль Дуйсеновна, Бокенбаева Арайлым

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

Хоть и прошло свыше 20 лет со дня приобретения Независимости, сегодняшнее состояние молодежи, ее уровень культуры должно беспокоить старшее поколение страны. Поэтому в данной статье поднимаются проблемы о восприятии молодежью национальной культуры, их взгляд на религию, на государственный язык, к знаниям и к воспитанию, предлагаются пути разрешения данных проблем.

Ключевые слова: культура молодежи, воспитание молодежи, преступления среди молодежи, будущее поколения, будущее нации.

CURRENT PROBLEMS OF YOUTH CULTURE IN THE MODERN WORLD

Kalabaeva Aijul Duysenovna, Bokenbaeva Arailym

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

Though over 20 years have passed from the date of acquisition of Independence, today's state of youth, its cultural level should bother older generation of the country. Therefore, this article raises the problem of the perception of the national culture by the young people, their view on religion and the state language, knowledge and education. Suggested ways to solve these problems.

Keywords: youth culture, youth education, crime among young people, the future generation, the future of the nation.

MORAL RATIONALE AND STUDENT'S PERSONAL FACTORS OF MORAL CONDUCT**Tri Widyastuti**, University of Pancasila, Indonesia**MeiliyahAriani**, University of Pancasila, Indonesia

This study is aimed to examine the effect of moral reasoning and the student's personal factors towards moral behavior of accounting students in the four basic components to behave underlying of any moral actions or moral behavior of an individual. In addition to that, it is also to examine the effect of accounting student demographic variables such as sex, Grade Point Average (GPA), and age towards their moral behaviour. The sample selected is done by using a purposive sampling method. Research data was collected from accounting students of Pancasila University, Jakarta within academic enrollment year 2011/2012. The number of samples used is Accounting students of the 5th to 8th semester totaling 150 students. The analysis technique used is a multiple regression in SPSS ver.19. The results of the study shows moral reasoning and student's personal factors influence positively and significantly towards the moral behaviour of accounting students simultaneously. Meanwhile, student's personal factors which measured in the level of idealism, level of relativism in partial have positive and significant impact on student's moral behaviour. And, others student's personal factors are measured with locus of control, sex, GPA, and age have no significant influence towards moral behaviour partially.

Key words: Moral reasoning and personal factors of students, moral behavior

Development of the accounting profession in Indonesia, which is one of the key processes in the era of globalization, is very important due to increasingly global business acceleration. These conditions need increasing the role of accountant's good conduct in the efforts to establish good corporate governance. This requires the preparation of high quality of accounting profession as a means of professionalism. Moral and ethical education has been recognized to have an important role in the development of accounting profession. This shows the urgency of moral behavior, especially for the development of accounting related to personal behavioral aspects. The behavioral aspects of accounting have been discussed specifically in Behavioral Accounting courses. Accounting Behavioral discuss about human behavior and its relationship with the accounting data and business decisions, and conversely how accounting information affects business decisions and human behavior.

Exposure of some cases such as Enron Corp (2001) and PT Kimia Farma Tbk domestically (2001), PT Bank Capital Indonesia (2010) Tbk and cases of other big companies engaged in earnings management practices to raise awareness about the importance of moral education in creating intelligent and good conduct human resources. Principles of good governance also states that independent attitude, transparent, fair, and accountable should be shared by all management organizations, both private and government. Similarly, the moral

behavior of professional accountants is important for status and credibility of the accounting professional ethics.

Rest (1986) in (Chan and Leung, 2006) has developed a model of each component hypothesis underlying moral action. Rest initiated a four-component model to investigate the influence of the process of moral reasoning and moral behavior of individuals. He said that to behave morally, an individual should practice four psychological processes, namely: Moral sensitivity, moral judgment, moral motivation, and moral character.

An emphasis of the importance of professional ethics become very crucial, especially for professionals in the field of accounting is increasingly becoming an important concern for ethical research conducted, considering several cases occurring in finance cannot be separated from the problems caused by ignoring professional ethics (Santoso, 2002) which give rise to the negative image of the public accounting profession. This of course will damage the image of the accounting profession in society that ultimately reduces public confidence in the accounting profession.

Research of ethics development of professional accountants should begin with the study of accounting students in college, in which accounting students inculcated moral behavior and values of professional accountants (Jeffrey, 1993). According to the Ponemon and Glazer (1990) that the socialization of professional ethics of accountants in fact started his college

career, in which accounting students as prospective professional accountants in the future.

Based on the description of the results of research into the effect of moral reasoning and personal factors on the moral behavior of students in the four-component model of Rest (Chan and Leung, 2006) and the research that has been conducted by Ponemon and Glazer (1990) and Jeffrey and Leung (2006) and research conducted in the country, namely Marwanto (2007) for accounting students of State Polytechnic of Samarinda, as basic research using all components of the model of moral behavior Rest.

This study emphasizes the discussion on moral reasoning and personal factors as measured by the level of idealism, relativism level, locus of control, gender, grade point average and age affect Rest four-component model as part of the individual aspects that affect moral behavior of accounting students based on the theory of Rest (1983) that individuals behave morally at least do four basic psychological stages. This research is an experimental study on the economics faculty of the University accounting students Pancasila Jakarta.

Methods

Model and design of this study was to obtain data on the variables that influence the moral reasoning and personal factors of students. Types of research used in this study are that experimental research study using treatment scenarios in the questionnaire. Sources of data used in this study is the data subject, the data is in the form of opinions, attitudes, experiences or characteristics of a person or group of people who responded. This study was using primary data.

The population of the study were accounting students at Pancasila University in the academic year 2011/2012 amounted to 339 students. Questionnaire had been distributed to students who are in 5 to 8 semesters of accounting, amounted of 150 students as respondents of accounting students' academic year 2011/2012.

The sampling technique was done by purposive sampling, the method of selecting a sample with specific goals or targets with particular considerations (Indriantoro and

Supomo, 2009). Consideration of the selection of accounting students 5 to 8 semesters Pancasila University as students - accounting students who had passed course of Business Ethics and Accounting Profession. Additionally, students who were belong to the semester 5 to 8 have passed all accounting courses, courses of Analysis Public Accountants Professional Standards and Audit Practices. So that all students of accounting SI semesters 5 to 8 were respondents in the study.

Sampling technique in this study had made the following criteria: *Firstly*, the fifth semester students who have taken courses of First Auditing Practices and Ethics courses of Business & Professional Accountants. *Secondly*, the sixth semester students who have passed the course of Auditing Practices and Analysis II Public Accountants Professional Standards. *Thirdly*, the seventh semester students who have passed all the subjects of accounting. *Fourthly*, the eight semester students who have passed all accounting courses and thesis writing.

Data analysis was using SPSS consisting of descriptive statistics, test data quality, reliability and validity testing, the classic assumption test, and test of hypothesis by the multiple regression equation as follows:

$$Y = \alpha + \beta_1 x_1 + \beta_2 x_2 + e$$

Description:

Y = Student Moral Behavior

A = constant

β = slope or regression coefficient

X₁ = Moral Thought

X₂ = Personal Factors Students

e = Error

Moral Thought and Personal Factors were Influencing Students Moral Behavior Significantly and Partially

Rest (1986) in (Chang and Leung, 2006) stated that the four components of Rest relate to moral thinking. Arnold and Ponemon (1991) have examined the relationship between moral reasoning with perception of auditor whistleblowing, which says that internal auditors with relatively higher levels of moral reasoning above can identify and know the unethical behavior.

Previous studies of personal factors of students as measured by the factor of idealism and relativism (Ellas, 2003; Forsyth, 1980;

Schlenker and Forsyth, 1977) states that idealism refers to the level of an individual believes that something desirable always be obtained without breaking behavior moral. Relativism refers to the degree to which an individual refuses moral rules to guide behavior

Accounting research on the effect of ethical orientation on moral behavior as practiced by Shaub et al (1993) which says that an individual will ideally oriented tend to focus on rules and moral guidelines. Instead a more individual oriented moral relativistic tolerate mutually agreed rules and consider ethical issues can be interpreted from different perspectives.


While personal factors of other students as measured by the locus of control is believed to be a form of individual responsibility towards rewards and punishments against him (Rotter, 1996). Locus of control is considered as a character trait or stable personality unwavering self- contained in an individual (Lampe and Finn, 1992). And locus of control as well as the nature of personality traits influence on decision -making and moral behavior in a person that (Chiu, 2001; Chan and Leung, 2006). It is expected that a person who "internal" will receive an incident of behavior that is owned by such person, whereas someone ethical issues that are "external" will receive an event from outside forces or from the behavior of others.

Personal traits that are often expressed as the variables that influence the decision-making process (Allen et al., 2001; Hartikainen and Torstila, 2004) the demographic variables that affect moral behavior among college students:1) Sex (Thoma, 1984; Shaub, 1993; Thorne, 2000; Simga-Maugan et al., 2005; Chan and Leung, 2006) 2) Grade Point Average (Sweeney and Robert, 1991; Shaub et al., 1993; Chan and Leung, 2006), and 3) Age (Thoma, 1984; Comunale et al., 2006), which suggests a relationship with the level of moral reasoning (Thoma. 1984; Comunale e al., 2006), moral sensitivity, moral motivation and moral character (Chan and Leung, 2006; 1996; Shaub et al., 1993).

Hypothesis were testing the effect of students' personal factors measured by the level of idealism and relativism levels, locus of control, and demographic behavior partially accounting students in the study were:

H1: Moral Thought and students' personal factors significantly influence the moral behavior of students.H2: Moral Thought significantly affect on moral behavior.H3: Moral personal factors significantly influence moral behavior.The research framework can be described as follows:

Figure 1
Conceptual framework



Results and Discussion

Respondents in this research were 150 students consisting of 58 males (38.7 %) and 92 women (61.3 %). For respondents aged up to 20 years with 66 students (44 %), age 20 years were 62 students (41.3 %), and 22 years and over were 22 students (14.7 %). Grade Point Average (GPA) of B by 80 students (53.3 %) and GPA of C 70 students (46.7 %).

Test data quality includes reliability and validity test using SPSS Ver.19. Reliability test performed with Cronbach Alpha test with Cronbach Alpha values > 0.60 and test the validity of the notice Correlated item - total correlation. Product moment r tables with 5% significance. Reliability test using

Cronbach's Alpha, all gauges dependent variable consisted of moral sensitivity, moral judgment, moral motivation and moral character. Independent variables consisted of moral thought, idealism, and relativism, has a value of Cronbach's Alpha greater than 0.60. This indicates that the measuring instrument used is reliable. While the validity of the test results showed that all the calculated values of r greater than r table value product moment at significance level of 5 % for the N150, was 0.01593.

Classical assumption that testing has been done in this study is the normality test using the analysis chart (Normal Probability Plot) and Kolmogorov Smirnov test against entirely dependent variable is normally distributed. Multicollinearity test results against independent variables showed no tolerance values of independent variables which have a tolerance of less than 0.10 (VIF under 10) which means that there is no correlation between the independent variables whose value is more than 95 % or all of the independent variable no multicollinearity. While the results of the test with the test heterokedastisitas Park probability value indicates significance at the 5% confidence level or, the significance of the correlation values greater than 0.05, meaning it can be concluded that the regression model does not contain heteroscedasticity. HeteroscedasticityTest by Scatter Plott chart analysis reveals that there is no clear pattern, and the points spread and scattered randomly either above or below the number 0 on the Y axis, it can be concluded that there is no heteroscedasticity of the regression model, so the regression model worth to be used.

Hypothesis Testing and Discussion

Table 1

Statistical FTest

Moral Rationale and Personal Factors Influencing Students Moral Conduct Simultaneously

ANOVA^b

Model		Sum of Squares	df	Mean Square	F	Sig.
1	Regression	8571.768	6	1428.628	39.807	.000 ^a
	Residual	5132.105	143	35.889		
	Total	13703.873	149			

a. Predictors: (Constant), DU, DJK, DLOC, IdealismeRelativisme, DIPK, PemikiranMoral

b. Dependent Variable: Prilakumoral

The first hypothesis stated that moral reasoning and personal factors influence students positively and significantly related to moral behavior of students of the Faculty of Economics, University of Pancasila accounting simultaneously. Although factors - personal factors in the measure student locus of control, gender, grade point average, and the age of each statistical analysis did not have a significant effect on moral behavior, but there are six

Қызылорда облысында 2011-2020 жылдар аралығында «Байқоңыр» туристік орталығы және Қамбаш көліндегі туристік орталығы, «Ғарыш айлағы» сауда ойын-сауық кешені, киіз үйлі қонақ үйі, сондай-ақ «Қорқыт ата» туристік орталығын салу жоспарда тұр [2].

Сығанақ – қалашық, қазіргі Қазақстанның Қызылорда облысының шығысында, Түмен-Арық теміржол станциясынан солтүстік-шығыс 18 км, Сырдария өзенінің солтүстігінде 20 км қашықтықта орналасқан.

Қаланың көлемі 10 га шамасында 15 төбемен құрылған сақталған қабырғаларымен қапталған. Орынның жалпы көлемі 13 га шамасындай бекітілген. Мешіттер, кесенелер, ғимараттардың бөліктері сақталды. Сырдариядан Түмен-Арқадан, одан басқа таулы өзендер Қаратау баурайларынан 20 километрден тұратын каналы қалаға дейін созылған [3].

1948 жылы алғашқы археологиялық қазбалар Мәскеу археологтарымен жүргізіліп, б.э. V ғасырдағы заттар табылған болатын. 2004 жылдан бастап қаланы зерттеу «Мәдени мұра» Қазақстан Мемлекеттік бағдарламасының аясында жүргізіліп, зерттелді [4].

«Жеті әулие» қорымы – Асан ата, Оқшы ата, Есабыз әулие кесенелері және Бала би, Досбол би кесенелері, Қыш ата,

Ғайып ата бейіттері секілді тарихи-естелікті, діни де қасиетті қоғамға тиімді жағы бар сәулет ескерткіштері шоғырланған орны.

Қармақшы ауданында орналасқан Қорқыт ата кешенін туристік картаға енгізу қажет. Бұл аудандағы антикалық ескерткіштер Бұланды, Шірік-Рабат сияқты асыл қазыналарымызды туристерге танытуға Қызылқұм аймағындағы жол нашарлығы мен ұзақтығы кедергі болып отыр. Қорқыт ата ауылы Қызылорда облысының Қармақшы ауданында 1000 мың ш.м. көлеміндегі жерде орналасқан. Осы аймақта туристік бизнесті дамытудың басты бағыттарына танымдық және оқыту сипатындағы туристік аудандарды құру, табиғатымен және мәдениетімен танысу, аквабақты аудандарды дамыту жатады [1].

Жобалардың жүзеге асырылуы аймақтағы туристік бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді, халықтың жұмыспен қамтылуын, сырттан келетін және ішкі туризм көлемін ұлғайту арқылы бюджет пен халық табысының тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін бәсекелестікке қабілетті туристік индустрияны құруды қарастырады.

Біздің елімізде әлемдегі ең ірі «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан. Бұл Қазақ елі үшін зор абырой екені сөзсіз. Әлем біздің ғарыш айлағымызды «Жердің бірінші ғарыш айлағы» деп мойындап отыр. Бұрын аңыз болып келген ғарышқа адамзат алғаш рет осыдан 51 жыл бұрын, төрткүл дүниені өзіне қаратып біздің байтақ жерімізден аттанды. «Байқоңыр» барлық кластағы «Союз», «Зенит», «Протон», «Днепр» ғарыштық зымырандардың нақты ұшыру алаңы болып табылады. Сондай-ақ, ол әлемде зымыранұшырғыштарды және коммерциялық ғарыш аппараттарын ұшыру саны бойынша бірінші орынды иеленеді. Жалпы, жер бетінде 20-дан астам ғарыш айлағы бар, ал дүние жүзіндегі ұшырулардың үштен бірінен астамы «Байқоңырда» жүзеге асырылады [3].

Байқоңыр қаласының тұрғыны ретінде жағдайды саралай келе өз идеяларымды ұсынбақпын. Байқоңыр қаласына шетел туристері қазіргі күні де көптеп келіп жатады. Оларды сонау алыстан мұнда айдап келуінің

себебі, әрине, «Байқоңыр ғарыш айлағы». Кез келгеннің қолы жете бермейтін ғарыштық туризмнің бағасы қазіргі күні шарықтап тұр. Ал ғарышқа ұшқысы кеп, ашық кеңістікті көргісі келетін шетелдіктер қаншама. Тіпті, бар болғаны зымыранның ұшуын тамашалағысы келетіндер де аз емес. Оларға Байқоңыр қаласына келуге мол мүмкіндіктер беруге болады. Ең бірінші, шетел туристерін қаламызға қызықтыра білу үшін, тиянақты, жақсы, ынталандырушы жарнама қажет. Онан соң сол талаптарға сай қаламызда туристік қызмет көрсетілуі керек. Яғни қалада турфирмалар ашу керек, себебі Байқоңыр қаласында бірде бір туристік фирма жоқ, сәйкесінше қалада ешбір адам туристік қызметтер атқармайды. Сонан соң қалада туристерге арналған мейманханалар ашу шарт. Қалада жақсы қызмет көрсете алатын орташа деңгейлі мейманханалар бар, алайда онда ешбір туристерге арналған жағдай жоқ. Мысалы, жоғарғы санаттағы қонақ үйлерде жұмыс істейтін қызметкерлер шетел азаматтарының тілін білмейді, себебі оларды мұнда жұмысқа қабылдағанда тіл білімі ескерілмейді. Шетел туристеріне ыңғайсыздық тудыратын да, міне, осындай жағдайлар.

Қалада туристерге ғана емес, сонымен қатар қала тұрғындарының өздеріне көңіл көтеру, ойын-сауық орталықтары, балаларға арналған парк, аттракциондар жетіспейді. Тіпті жоқтың қасы. Егер қалаға көңіл көтеру орындары салынса, онда тек тұрғындар ғана емес, шетелдіктер де қалаға «Байқоңыр ғарыш айлағына» келгенде, олар өз демалыстарын көңілге қонымды деңгейде ұйымдастыра алған болар еді. Сондықтан туризмді дамыту жоба негізінде осындай құрылыс кешендерін салу міндеті алға қойылуы керек. Тек осы мәселеге келгенде, қиындық тудыратын жағдай – ол қаланың жабық болуы. Әлі күнге дейін тәуелсіз мемлекетіміздің Құдайы көршіміз Ресей жалға алған Байқоңырымызға шетел азаматтары түгілі, өз еліміздің азаматтары кіруіне шек қойылған, сондықтан атағы дүркіреген қалада туризмді дамыту жоспарын құру мүмкін болмай отыр.

Жақын арада Қызылорда облысында

Ұлыбританияның астанасы Лондон қаласындағыдай өзіндік Биг Бен пайда болды. Биг Бен Қызылорда облысындағы Нағи Ілиясов атындағы ауылда тұрғызылды. Қазақтың Биг Бенін салуға атсалысқан кәсіпкер Абзал Ералиев болатын, ол осылайша өзінің туған ауылына сый жасады.

Қызылорда облысындағы Биг Беннің биіктігі 10 м. Лондонның Вестминистрлік сарайындағы Биг Бен мұнарасы секілді, мұнда да әр сағат сайын қоңырау соғылады, ал түнде циферблаттар жарқырап тұрады.

Кәсіпкер Абзал Ералиевтың Биг Бенді тұрғызуға қалтасынан 7,5 миллион қаржы бөлінді. Ол: «Біз жаңа заманғы компьютерлік мұнаралы сағатты орнаттық. Ол Цельсий бойынша 60 градустан жоғары ыстыққа және 55 градустан төмен суыққа шыдап, еш ақаусыз жұмыс істеп тұра береді. Сондықтан да бұл мұнара әлі де көптеген жылдар бойы біздің туған ауылымыздың көркі болып тұра береді деген үміттеміз», - деп өз сөзінде айтты.

Ұлыбритания Біріккен Патшалығындағыдай Биг Бен мұнарасының қазақстандық үлгісі – әрбір туристке, әсіресе Англия мемлекетіне баруды аңсап жүрген қазақ азаматтары үшін қызық көрінері анық. Бұл ғимараттың салынуы – ауыл тұрғындарына зор мәртебе ғана емес, сонымен қатар алып келер мол табыс көзі.

Қызылорда облысының бірегей артықшылықтары ол көптеген ежелгі дәстүрлерге бай мекен болуында және Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы. Сонымен қатар, әлем «Жердің бірінші ғарыш айлағы» деп мойындаған «Байқоңыр ғарыш айлағының» осында орын тепкендігі. Осыған байланысты шетел туристерін тарту мақсатында осы бірегей табиғи объектілердің әсемдігін, тартымдылығын сақтап қалу үшін бірқатар шараларды қолдануымыз қажет.

Қазіргі кезеңде облыстың туристік инфрақұрылымы 11 туристік фирма, 33 қонақ үй, 2 сауықтыру мекемелері, 9 балалар тынығу лагерлері мен 8 мұражай, 543 тарихи-архитектуралық ескерткіштер және табиғи ресурстармен сипатталады. Оның негізін ғажайып табиғи жағдайлар мен ландшафтар және туристік орындар құрайды [1].

Қорыта келгенде, облыстағы туризм индустриясының дамымау себептерінің бірі экономиканың саласы ретінде онымен мемлекеттік деңгейде мақсатты бағытталаып айналыспауы болып отыр. Туризмнің территориялық ұйымдастырылуына, комплексті болжамдау мен ұзақ мерзімді жоспарлауға және де мемлекеттік емес туристік құрылымдарға назар аударылмады. Туризмнен түсетін кірістің көп бөлігі жергілікті бюджетке түсетін салықтық түсімдер болып табылатынына қарамастан, жергілікті басқару органдары тарапынан туристік қызметті приоритет деп мойындамауы саланың дамуын тежейтін факторлардың бірі болып табылады.

Қызылорда облысының брендин құру үшін елдің брендингін құру және саясатын жүзеге асыру тек мемлекеттің ғана қолынан келеді. Көптеген ірі туристік орталықтарда мемлекеттік ұйымдар елдің қауіпсіз жағымды имиджін құрастыруды өз қолдарына алған. Бұл үшін мемлекеттік басқару құрылымдарында елді жарнамалауға жауапты арнайы бөлімшелер бар. Қазақстанда сол сияқты біріккен маркетингтік коммуникацияны қолдану арқылы қазақстандық туристік өнімнің айналымынан жүйелі түрде шұғылданатын ұлттық жарнама орталығын құру тиімді. Ұлттық жарнама орталығы көптеген ұйымдардың коммуникациялық саясатын құрудың негізі бола алады.

Алайда, туризмді дамытуда тек мемлекетке арқа сүйеп отыра беруге болмайды. Егер туристік саладағы мамандар жобалар мен маршруттарды құрастырып, көңілден шыға білетін, болашағы бар дайын бағдарламаларды мемлекетке ұсынса, әрине, мемлекет мұндай перспективалы, табыс көзіне, ел экономикасының дамуына әкелетін жобалардан бас тартпай, қолдау көрсетіп, қаржыландырған болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Суғурува Г.К.* Туристік қызмет көрсетудің мемлекеттік реттеудің әлеуметтік-экономикалық маңызы. Диссертация. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 2012.
2. *Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 231 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.*
3. «Қазақстан географиясы». Оқулық, Алматы, 1999ж.
4. *Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға «Мәдени мұра» мемлекеттік Бағдарламасы*, Алматы, 2004 жыл.
5. *Қазақстан туризмі /Статистикалық жинақ/ Астана, 2012, 136 бет.*

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА В КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

*Снасапина Альбина Сергалиевна
Жаримбетова Гулсая Алпамысовна*

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассмотрены проблемы развития туризма в Кызылординской области. Для развития туризма есть много туристических объектов, которых надо правильно использовать. В статье предложены предложение по улучшению развития туризма в области.

Ключевые слова: развитие туризма, туристические объекты, внутренний туризм, рекламирования туристической сферы, туристическая экспедиция.

**THE PROBLEM OF THE DEVELOPMENT OF TOURISM IN THE KYZYLORDA
REGION**

*Snassapina Albina Sergalievna
Zharimbetova Gulsaya Alpaysovna*

Kazakh-Russian International University, Aktobe, 030006, Aiteke bi street 52

In this article the problems of developing tourism is taken in the district of Kyzylorda. For developing tourism there are a lot of tourism objects which are used correctly. The advice is given to improve the developing tourism in the district in this article.

Key words: tourism development, tourist objects, internal tourism, advertizing of the tourist sphere, tourist expedition.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗРАБОТКИ ДИВИДЕНДНОЙ ПОЛИТИКИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Кулумбетова Дина Булатовна, доцент кафедры Экономики, менеджмента и туризма, Казахско-Русский Международный университет, Актобе, 030006, ул. Айтеке би, 52, Dina_424@mail.ru

Данная статья посвящена исследованию теоретических и методических аспектов разработки дивидендной политики казахстанских компаний: основных типов дивидендной политики акционерных обществ, методик определения дивидендных выплат по типам дивидендной политики, процесса разработки эффективной дивидендной политики и т.д.

Ключевые слова: дивиденды, акции, дивидендная политика, остаточная политика, политика минимальных стабильных дивидендов, политика экстра-дивиденда, политика стабильного дивидендного выхода, политика постоянно растущего дивиденда.

Выплата дивидендов - важный аспект финансовой стратегии акционерного общества. С одной стороны, компания должна стремиться к формированию доли прибыли, выплачиваемой собственнику в соответствии с долей его вклада в общую сумму собственного капитала предприятия в целях повышения инвестиционной привлекательности организации. С другой стороны, выплата дивидендов отвлекает часть собственных средств, которые можно было бы направить на формирование фондов фирмы и обеспечения на этой основе простого и расширенного воспроизводства.

Не все акционерные компании выплачивают дивиденды. Основные «неплательщики» - небольшие или быстро развивающиеся предприятия, которые еще не вышли на полную рентабельность. Инвесторы рассчитывают, что рано или поздно эти фирмы станут прибыльными и, когда темпы их капиталовложений замедлятся, они тоже будут способны платить дивиденды. Однако даже крупные и прибыльные компании сегодня менее склонны платить дивиденды, чем прежде.

Дивидендная политика (dividendpolicy) - часть общей финансовой стратегии акционерного общества, заключающаяся в оптимизации пропорций между потребляемой и капитализируемой частями полученной им прибыли с целью обеспечения роста рыночной стоимости акций.

Принятие решения о выплате дивидендов по простым акциям и утверждение размера дивиденда по итогам года в расчете на одну простую акцию общества в соответствии со статьями 35,36

Закона «Об акционерных обществах» осуществляется на общем собрании акционеров.

Источниками дивидендов могут выступать: чистая прибыль отчетного периода, нераспределенная прибыль прошлых периодов и специальные фонды, созданные для этой цели. Поэтому теоретически предприятие может выплатить общую сумму текущих дивидендов в размере, превышающем прибыль отчетного периода, однако в условиях низкого уровня текущей платежеспособности, высокого объема неотложных финансовых обязательств предприятие не имеет возможности направлять большие размеры распределяемой прибыли на потребление. Это привело бы к значительному снижению уровня ликвидности активов, а также к снижению финансовой устойчивости компании и возрастанию угрозы банкротства.

Дивидендная политика должна формироваться в зависимости от целей компании, и определять доли прибыли, которые:

- выплачиваются акционерам в виде дивидендов;
- остаются в виде нераспределенной прибыли;
- реинвестируются.

В практике финансового менеджмента рассматриваются три принципиальных подхода к формированию дивидендной политики акционерного общества. Каждому из этих подходов соответствуют определенные типы дивидендной политики (таблица 1).

Таблица 1. Основные типы дивидендной политики акционерного общества

Определяющий подход к формированию дивидендной политики	Варианты используемых типов дивидендной политики	Содержание политики
1. Консервативный подход	Остаточная политика дивидендных выплат; Политика стабильного соотношения дивидендных выплат	Консервативная политика предполагает, что выплата дивидендов происходит в пропорциях, которые позволяют удовлетворять потребности производственного развития и более высокими темпами наращивать стоимость чистых активов, а следовательно, и рыночную стоимость акций.
2. Умеренный подход	Политика стабильных размеров дивидендов; Политика минимального стабильного размера дивидендов с надбавкой в отдельные периоды;	Умеренная (компромиссная) политика начисления дивидендов - это политика, в соответствии с которой компания пытается соблюсти баланс интересов акционеров, нуждающихся в выплате дивидендов и потребностей предприятия в наращивании капитала.
3. Агрессивный подход	Политика постоянного возрастания размера дивидендов	Агрессивная политика начисления дивидендов предполагает начисление максимально возможного размера дивидендов. Она предусматривает стабильное возрастание уровня дивидендных выплат в расчете на одну акцию.

В любом случае, дивидендная политика должна установить оптимальное соотношение между дивидендами и капитализируемой частью, которое могло бы: максимизировать рыночную стоимость компании и обеспечить ее стратегическое развитие.

Совершенствование дивидендной политики предприятия необходимо с целью увеличения ее привлекательности для инвесторов, клиентов. Закрепление в Положении о дивидендной политике механизма определения размера дивидендов и порядка их выплаты будет способствовать максимальному раскрытию информации об акционерном обществе и построению доверительных отношений с будущими акционерами.

Деятельность исполнительных органов в интересах Общества требует доверия к ним со стороны акционеров и, следовательно, исключения возможности оказания какого-либо постороннего влияния на председателя или члена правления с целью спровоцировать его на совершение им действий или принятия решений в ущерб указанным интересам. В этой связи должны быть предприняты все разумные усилия для предотвращения возникновения подобных ситуаций.

Расчет суммы дивидендов должен определяться на основании:

- принятой в компании методики расчета дивидендов;

- принятой в компании методики оценки финансового состояния и влияния

выплаты дивидендов на финансовую устойчивость предприятия.

Таблица 2. Методики дивидендных выплат по типам дивидендной политики

Подход к формированию дивидендной политики	Типы дивидендной политики	Преимущества	Недостатки
1. Консервативный	1.1 Остаточная политика (выплаты дивидендов после отчислений, предусмотренных законодательством и покрытия капитальных расходов)	1. Обеспечение высоких темпов развития предприятия; 2. Рост финансовой устойчивости	1. Непредсказуемость и нестабильность дивидендных выплат; 2. Снижение инвестиционной привлекательности акций
	1.2. Политика минимальных стабильных дивидендов	1. Надежность; 2. Предсказуемость дивидендов	1. Слабая связь с финансовыми результатами; 2. Снижение инвестиционной привлекательности акций
2. Умеренный	2.1. Политика экстра-дивиденда (стабильный дивиденд + надбавка в отдельные периоды)	1. Наличие стабильной гарантированной суммы дивидендов; 2. Связь с финансовым результатами деятельности предприятия	1. При использовании в течение длительного времени - снижение инвестиционной привлекательности акций; 2. Сложность использования
3. Агрессивный	3.1. Политика стабильного дивидендного выхода	1. Простота формирования; 2. Пропорциональная связь с финансовыми результатами деятельности предприятия	1. Непредсказуемость и нестабильность дивидендных выплат; 2. Снижение инвестиционной привлекательности акций
	3.2. Политика постоянно растущего дивиденда (равномерный темп прироста по модели Гордона)	1. Обеспечение высокой инвестиционной привлекательности акций	1. Отсутствие гибкости в проведении дивидендной политики; 2. Возможно снижение финансовой устойчивости

Важным шагом на пути совершенствования корпоративной политики общества после выхода из кризиса может стать закрепление минимальной доли прибыли, направляемой на выплату

дивидендов. Это поможет потенциальным инвесторам оценивать будущий размер дивидендов и тем самым уменьшит число недовольных среди миноритарных акционеров. Важным фактором все же

является не величина и скорость выплаты дивидендов, а именно гарантия стабильности существующей политики. Выплата дивидендов осуществляется в форме денежных средств, и никто из акционеров не имеет преимуществ по срокам выплат.

В настоящее время наблюдается тенденция к усилению зависимости эффективности функционирования компаний от проводимой дивидендной политики. В дивидендной политике основной упор следует делать на обеспечение непрерывности минимальных выплат дивидендов при условии получения чистой прибыли за период. Таким образом, предприятие может оказать психологическое воздействие на инвесторов.

Процесс разработки эффективной дивидендной политики должен включать:

1.Оценку факторов, влияющих на размеры, сроки и саму целесообразность выплаты дивидендов.

2.Выработку типа дивидендной политики с учетом данных факторов и в соответствии с общей финансовой стратегией предприятия.

Завершающим этапом формирования дивидендной политики является выбор форм выплаты дивидендов. Основными из таких форм являются:

- 1) выплаты дивидендов наличными деньгами или перечислением на счет;
- 2) выплата дивидендов акциями;
- 3) автоматическое реинвестирование;
- 4) выкуп акций компанией.

Для того чтобы учет формирования, накопления и расходования дивидендов был прозрачным, целесообразно в Положении о дивидендной политике отметить создание дивидендного фонда, порядок его формирования порядок использования целевого капитала, схему управления фондом, учет, отчетность и контроль.

Список использованной литературы:

- 1 *Каллаур Н.А.* Дивиденды организации // Экономико-правовой бюллетень. - 2008. - № 12. - С. 16-18.
- 2 *Росфельдт А.К.* Быть или не быть дивидендам? // Консультант. - 2008. - № 21. - С. 32-38.
- 3 «Об акционерных обществах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.02.2012г.) № 415-П, введенный в действие с 16 мая 2003 года. Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2003 г., N 10, ст. 55; "Казахстанская правда" от 16 мая 2003 года N 141-142.
- 4 Закон Республики Казахстан Фомин П.А., Хохлов В.В. Оценка эффективности использования финансов предприятий в условиях рыночной экономики электронный ресурс. // <http://www.cis2000.ru/publish/book6>
- 5 *Воробьев А.Г.* Оптимизация дивидендной политики акционерного общества. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук, М. – 2006
- 6 *Кузина С.В.* Долгосрочная финансовая политика/ электронный учебное пособие для студентов экономического факультета. Тверь, 2004.
- 7 *Ушаков Д.* Право на дивиденды: механизм реализации // Управление компанией, №10, 2006.
- 8 *Воробьев А. Г.* Определение формы дивидендных выплат как этап дивидендной политики акционерного предприятия / Исследование отношений, механизмов и институтов рынка: вопросы экономики и управления: Сборник научных трудов. – М.: Издательство Московского гуманитарного университета, 2005. – Выпуск 7. 245с., 0,5 п.л.

**КӘСПОРЫННЫҢ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫН ЖОБАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ**

Кулумбетова Дина Болатқызы

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; ҚР, 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би көш. 52

Ұсынылған мақала қазақстандық компаниялардың дивидендтік саясатын жобалаудың теориялық және әдістемелік аспектілерін зерттеуге арналған. Яғни акционерлік қоғамдардың дивидендтік саясатының негізгі типтері, дивидендті саясаттың типтері бойынша дивидендтік төлемдерді анықтаудың әдістемесі және т.б. қарастырылады.

Кілт сөздер: дивидендтер, акциялар, дивиденд саясаты, қалдықтық саясат, минималды тұрақты дивидендтер саясаты, экстра-дивиденд саясаты, тұрақты дивиденд шығысы саясаты, үнемі өсетін дивиденд саясаты.

**THEORETICAL AND METHODOLOGICAL ASPECTS OF THE DEVELOPMENT
COMPANIES DIVIDEND POLICY**

Kulumbetova Dina Bulatovna

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

This article is devoted to theoretical and methodological aspects of the development of the dividend policy of Kazakhstan companies : basic types of company's dividend policy , procedures for determining the dividend on the types of dividend policy , the process of developing effective dividend policy , etc.

Keywords: dividend, stocks , dividend policy , the residual policy, the policy of minimum stable dividend, policy of extra- dividend, policy of stable dividend yield , dividend policy is constantly growing .

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Тұрманбетова Айнакөз Құдайбергенқызы – экономика ғылымдарының магистрі,
Экономика, менеджмент және сервис кафедрасының аға оқытушысы,
Қазақ-Орыс халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52;
Ainam.d@mail.ru

Берілген мақалада зейнетақы жүйесінің пайда болу, қалыптасу тарихына шолу жасалған, зейнетақы жүйесінің қазіргі қазақстандағы жағдайы талданған. Еліміздегі зейнетақы жүйесін жетілдіруге байланысты шешімдер ұсынылды.

Кілт сөздер: зейнетақы жүйесі, зейнетке шығу құқығы, жинақтаушы жүйе, жеке зейнетақы сақтандыру жүйесі, зейнетақы қорлары, зейнеткер.

Юлий Цезарь Римде әскери зейнетақы жүйесін енгізе отырып, ол өзінің прецедент ойлап тапқанын байқамаған болар. Алайда бұл жүйе бірнеше жүз жылдықтардан кейін Рим империясына қаржылық ауыртпашылықтар туғызып отыр. Қазіргі зейнетақы жүйесінің қалыптасу тарихы – қоғамның дамуына және мемлекеттік қаржыға үлкен әсер еткен факторлардың бірі.

Зейнетақы ұғымы латынның «pensio» сөзінен шыққан «төлем» деген мағынаны білдіреді. Алғашқы мемлекетпен ұйымдастырылған жас бойынша зейнетақы жүйесі Германияда 1889 жылы енгізілді, ол әлеуметтік міндетті жарналар негізінде құрылды. Жұмыс берушілер мен жұмысшылар жүйенің жұмысын қаржыландыруға қаражаттар төлеп отыруға міндетті болды. Германиялық жүйе өзінің негізін оған дейін жұмыс жасаған ерікті қорлар мен жұмысшылар ұйымдастырған бірлестіктерден алды. Зейнетке шығу құқығы жинақталған жарналарға тікелей байланысты болды.

1891 жылы Дания және 1898 жылы Жаңа Зеландия өздерінің зейнетақы жүйесін кедейлерге көмек ретінде қалыптастырды. Зейнетақы жалпы салық кірістерінен төленіп отырды. Бұл зейнетақы жүйесі кедейлер туралы дәстүрлі заңға ұқсады.

Келесі жылдары көптеген Шығыс Еуропа елдері германдық зейнетақы сақтандыру жүйесінің моделі бойынша өз жүйелерін қалыптастырды. АҚШ-тан басқа англо-саксондық елдер және Солтүстік Еуропа елдері Дания мен Жаңа Зеландияның бағытын таңдады. Бұл жүйелер әртүрлі

бағытта жұмыс жасады, Германдық модель – жұмысшы халықтың зейнетке шыққанда әлеуметтік статусын сақтап қалуға бағытталған, ал Даниялық модель кедейшілікті болдырмауға негізделген.

XX ғасырда дамыған елдердің зейнетақы жүйесінің мақсаттары бір-біріне жақындай түсті. Германияда сақтандыру жарналарына қоса, жинақталған жарна көлеміне қарамастан әрбір адам минимальді зейнетақы алуға құқылы боолды. Ал бірыңғай зейнетақы жүйесі қалыптасқан елдерде, мұқтаждықты қадағалаудан бас тартты. Оған қоса міндетті әлеуметтік сақтандыру ережелері енгізілді.

1927 жылы Канада әлеуметтік сақтандыруды қажет етпейтін, мұқтаждықты тексеретін жүйе енгізді. 1920 жылдары АҚШ мұқтаждық бойынша зейнетақы төлеу жүйесін қалыптастырды. 1934 жылы бұл жүйе 28 штатта жұмыс жасады. 1935 жылы АҚШ федералды зейнетақы сақтандыру жүйесін қабылдады.

Әрбір зейнетақы бағдарламасы сол кезеңдегі елде болып жатқан саяси және экономикалық өзгерістерді бейнелейді. Дегенмен, зейнетке шығып жатқан жұмысшының әрі қарай өмір сүруіне зейнетке шыққанға дейін жинаған қаржысы жетпейді. Сондықтанда зейнетақы төлеу ауыртпашылығы келесі жұмысшылар ұрпағына түседі. Қарттар саны аз елдерге бұл саяси, экономикалық ауыртпашылықтар туындатпайды.

Ф. Рузвельт жарналарға негізделген зейнетақы сақтандыру жүйесін қалыптастыруды жақтады. Өйткені ол саяси

тұрақтылықты қамтамасыз етуді көздеді. Ол былай деді: «Бұл еңбекақыдан есептелген төлемдер болашақта жұмысшының зейнетақы алуға моральді және саяси құқығын толық дәлелдейді.

Жасы бойынша зейнетақы төлейтін әлеуметтік сақтандыру бағдарламаларының барлығы да әлеуметтік қорғау мен ынталандыруға әсер етудің арасындағы тепе-теңдікті табуды көздейді. Әлеуметтік сақтандыру төлемдері қарттарды кедейшіліктен, өмір сүру деңгейінің төмендеуінен қорғайды. Бірақ мұндай төлемдерге құқық беру жастар мен қарттар арасындағы қарым-қатынастар мен мінез-құлықтардың өзгеруіне әкеледі. Төленетін зейнетақының оңтайлы көлемі мен тәртіптері арасында тепе-теңдік үнемі қадағаланып отырылуы қажет.

Зейнетақы жүйесі еңбекке жарамсыз жасқа жеткендердің өмір сүруін қамтамасыз ететін механизм ретінде енгізілген болатын. Сол уақытта АҚШ-та ерлер арасында 60 жастан асқандардың көбісі еңбек етті. 1900 жылы 60 жастан асқан жұмыс істейтін ерлер 66% құраса, 1990 жылы 26% құрады.

1950 жылдан 1990 жылға дейін дамыған елдерде зейнетке шығу жасы 66 жастан 62 жасқа төмендеді. 1960 жылы Бельгия, Нидерланды, Францияның жұмысшылар құрамында 60-64 жастағылардың үлесі 70% құрады. 90 жылдардың ортасында бұл көрсеткіш 20% болды.

Индустриалды даму кезеңінде зейнетақы жүйесіндегі дағдарыс демографиялық жағдайдың өзгеруіне байланысты туындады. Экономикалық өсу көш басшылары елдеріндегі зейнетақы жүйесі қарттар саны жалпы тұрғындардың аз бөлігін құрағанда қалыптасты.

Бұл жағдайда зейнеткерлердің күн-көрісін толықтай қамтамасыз ету үшін жұмысшылар мен жұмыс берушілерден жиналған алымдар жеткілікті болды.

Демографиялық ауысым аяқталған уақытта жағдай күрт өзгерді – бұрынғы жұмысшылар мен зейнеткерлер қатынасы өзгерді, қарттар саны өсті. Халықтың, зейнеткерлер мен зейнетке шығатындардың

санының өсуінен зейнетақы төлемдерін өсіретін демеуші базасы пайда болды.

Демографиялық ауысымнан кейін қарттар саны өсіп, балалар туылымы азайып, өмір сүру ұзақтығы жоғарылап, бұған дейін құрылған зейнетақы жүйесі ауыртпашылық туғызды. Демографиялық өзгеріске байланысты жұмысшылар мен жұмыс берушілерден алынатын алымдар көлемі өсті. Еңбекақыға салынатын салық ставкасы өсті, ол өз кезегінде жұмыссыздыққа және формальді емес сектордағы жұмысшылар қатарын өсірді. Зейнетақы сақтандыру жүйесіне жарналар төлейтін жұмысшылар саны азайды.

2030 жылға дейінгі демографиялық болжамға қарағанда дамыған елдердегі зейнеткерлердің еңбек етуші тұрғындарға ауыртпашылығы екі еселенді. «Үлкен жетілік» мемлекеттерінде зейнетақы шығындары 1995 жылы ЖІӨ-ң 6,7% құраса, 2030 жылы 10,7% құрайды деп болжанады. ЭБДҮ-ның болжамы бойынша 1990 жылы ЖІӨ-ң 18,3% құраған әлеуметтік қамсыздандыру шығындары 2050 жылы 25,5% жетеді.

Зейнетақы міндеттемелірінің өсуі ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қалыптастырылған зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің негізінде туындады, бірақ мемлекеттік бюджеттегі шығындарды еңбекақыға салынатын салықты өсіру арқылы қайта қаржыландыру мүмкін емес еді. Индустриалды кезеңде құрылған жүйе, постиндустриалды кезеңде бекім тура алмады.

Постиндустриалды қоғам қарттарына сәйкес зейнетақы жүйесін құру ұзақ мерзімді даму перспективаларына үлкен әсерін тигізді, бұл жинақ нормасының динамикасы ЖІӨ-дегі инвестицияның үлесі – экономикалық өсу қарқынына әсер ететін және тығыз байланысты фактор. Ұлттық инвестиция нормасы ұлттық жинақ нормасымен тығыз байланысты.

Индустриалды кезеңде жинақ пен инвестиция нормасы аграрлық кезеңмен салыстырғанда өсті. Постиндустриалды кезеңде жағдай өзгерді, көптеген көшбасшы елдерде ЖІӨ-дегі ұлттық жинақтың үлесі

азайды. М. Фелдстейн өзінің еңбектерінде сол кездегі зейнетақы шығындары жинақтың төмендеуіне өз әсерін тигізгенін көрсетеді.

Ол өзінің еңбектерінде постиндустриалды кезеңде зейнетақы көлемінің жоғары болғандығынан халықта қарттық шағына жинақ жинауға мұқтаждығы жоқ, сол себепті жинақтар көлемі күрт төмендегенін дәлелдеді.

Реформалардың бағыттарының бірі, жүйеге төленетін жарналар мен зейнеткерлік құқық арасындағы байланысты нығайту болып анықталды. Мұндай реформалар жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізуді сілтеді. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінде зейнеткерлік құқығы жұмысшының жарналарының көлеміне, зейнеткерлік жинақтарын инвестициялауға қабылдаған шешімдеріне байланысты анықталады. Бұл халықты формальді секторда жұмыс жасауға және жарналарды төлеуге ынталандырады.

Чили - өзінің зейнетақы реформасын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ауыстыруды бастаған ел. 1970 жылдары бөліп беру зейнетақы жүйесінің жарналарының ставкасы өз шегіне жетті және салықтан жалтарынуға итермеледі. 1981 жылы Чили жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ауысты. Әрбір жұмысшы жинақтаушы қорға өз еңбекақысынан ай сайын 10% жарна көлемінде қаражат салып отырды. Сонымен бірге, қордың басқару, бақылау шығындарына, мүгедектік немесе асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін зейнетақы үшін еңбекақысының 3% төлеп отырды. Зейнетке шығу жасына дейін жеке шотта қарттың өмір сүруіне жететін қаражат жиналады. Мұндай жүйеде жетіспеушіліктің болуы мүмкін емес еді.

Жинақтаушы жүйеге өту жұмысшылар мен жұмыс берушілердің жинақтаушы зейнетақы қорларына бағытталған төлемдеріне, өздерінің жинақтарын сақтауға немесе инвестициялауға еркін таңдауларына үлкен әсерін тигізді. Бұл алымдар салық ретінде қабылданбай, еңбекақының қосымша элементі болып есептелді. Постиндустриалды кезеңде зейнетақы жүйесінің қаржы ресурстарына мұқтаждығы мен еңбекақыға салық ставкасының шегіне жетуінің арасында

қарама-қайшылықтар, келіспеушіліктер туындады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің артықшылықтары айқын, себебі постиндустриалды кезеңге сәйкес мәселелерді, зейнеткерлер санының көбеюі мен мемлекеттік экономикаға түсірілген жүктемені шешеді. Алайда дамыған елдерге бұл жүйені толығымен енгізуге бір жағдай қарсы. Бұл жасы зейнеттік жасқа жақындаған жұмысшылар өздеріне қажет жинақты жинай алмайды.

1986 жылы дамыған елдердің ішінен Ұлыбритания зейнетақы жүйесіндегі шектеулерді азайтты. Жұмысшы мен жұмыс беруші мемлекеттік зейнетақы жүйесінен жеке зейнетақы сақтандыру жүйесіне ауысын қамтамасыз етті.

«Ұрпақтар ынтымақтастығы» жүйесінен жинақтаушы жүйесіне ауысудың тиімділігін талдағанда көптеген сұрақтар туындады. Жинақтау жүйесіне ауысу дегеніміз, қазіргі жұмысшы өзінің болашақ зейнетақысын жинайды. Ал қазіргі зейнеткерлер мен зейнеттік жасы жақындаған жұмысшылар күн-көрісіне қажетті қаражат жинақтай алмағандарға зейнетақы қайдан төленуі керек деген сұрақтар туындады. Бұл дегеніміз мемлекет жинақтаушы зейнетақы жүйесін қабылдайды, сонымен бірге халықтың толықтай ауысуына дейін зейнеткерлерді әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне ауыртпашылық туғызады. Мұндай жағдайда, үкімет зейнетақы жүйесіне өзгерістер енгізуге мәжбүр. Мысалы: зейнет жасын көтеру, еңбек стажына талаптар қою, льготалар деңгейін төмендету арқылы қомақты зейнетақыны қамтамасыз ету, орташа зейнетақының орташа еңбекақыға қатынасын төмендету.

Германияның басты социал-демократы канцлер Г. Шредер былай деді: «Біз бар жүйені сақтауды жалғастыра алмаймыз. Өзгерістерден қашып, құтыла алмаймыз. Біз өкінішке орай, өзімізге қымбат нәрселерге «көріскенше» деуге тура келеді. Біз нағыз шын өмірге тіке қарауымыз қажет, өзіміздің менталитетімізді өзгертуіміз қажет. Демографиялық құлдырау мен қарттар санының өсуі салдарынан біздің денсаулықты

сақтау мен зейнетақы жүйесін қол жетімсіз және өте қымбат етеді. Өзгерістер енгізуден басқа амал жоқ».

1980 жылдардың басында зейнетақы жүйесінің құлдырауы анық көзге көрінді. Германия, Греция, Италия, Португалия, Ұлыбритания елдерінде зейнет жасын көтеру, Германия, Греция, Италияда толық көлемде зейнетақы алу үшін минимальді еңбек стажын көтеру, Франция және Германияда зейнетке ерте шығу тәртіптерін қатал бақылау процесстері басталды. Австрия, Финляндия, Франция, Германия, Греция, Италия, Голландия елдерінде қатал индексациялау механизмі есебінен орташа зейнетақының орташа еңбекақыға қатынасы төмендетілді. Финляндия, Греция, Италия, Португалияда мемлекеттік қызметтегілерге зейнеткерлік артықшылықтар қысқартылды.

70-30 жыл бұрын дамушы және дамыған елдер өздерінің зейнетақы жүйесін жинақтау бағытымен қалыптастырғанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында мұндай мәселелер туындамас еді. Бүгінгі таңда бұл елдер қарттар санының көбеюі мен өзгерістер енгізу ауырпашылықтарын шешу жолдарын іздестіруде. Ал дамып келе жатқан елдер, мысалы Қазақстан, басқалардың қателіктерінен сабақ алып, ұзақмерзімді берік зейнетақы жүйесін қалыптастыруы қажет.

Сондықтан, 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап отандық зейнетақылық жүйені әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге қарай сәйкестендіру талпыныстары жасалды.

1991 жылғы 15 маусымда тәуелсіз Қазақстанның тарихында зейнетақы туралы алғашқы заң «Қазақ КСР-де азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң қабылданды. Бұл заңның басты мақсаты болып зейнетақылардың мөлшерін жұмыс стажына және орташа айлық жалақыға тәуелдірек ету, сонымен қатар зейнетақылық жүйені арнайы құрылатын зейнетақы қорларының есебінен қаржыландыруды ұйымдастыру табылды. Соған қоса, зейнетақыларды тағайындау және төлеу тәртібі елеулі түрде өзгерді.

Алайда, аталған заң басты мәселені – зейнетақылық жүйені қаржылық қамтамасыз

етуді тұрақтандыруды шеше алмады. Мұның өз себептері болды: алдыңғы жылдардың жинақ қорлары болмады, салық төлеушілердің сандары және олардың табыстары төмендеді, мемлекеттік бюджет Зейнетақы қорының шығындарын жеткіліксіз жабатын. Осылардың нәтижесінде құрылған Зейнетақы қоры өзін-өзі қамтамасыз етуді тоқтатты және оның табыстары тіпті ағымдағы төлемдерге де жетпейтін болды.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінің дамуындағы келесі кезең болып 1994 жылы «1994 жылғы нақтыланған республикалық бюджет туралы» заңды қабылдау болды. Бұл заңды қабылдау нәтижесінде зейнетақылық жүйеде біршама өзгерістер орын алды: жасына байланысты зейнетақыларды және мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақыларды және әлеуметтік зейнетақыларды функционалдық және қаржылық тұрғыдан бөлу жүргізілді, Зейнетақылық қор Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қарауына берілді. Осылай, зейнетақымен қамсыздандыру мемлекеттік бюджет тарапынан қаржыландырылудан алып тасталды, жасына байланысты зейнетақылар жұмыс берушілермен және қызметкерлердің өзімен қаржыландырылатын болды. Адамның қайтыс болуымен немесе оның еңбекке қабілеттілігінің жоғалтуымен байланысты жәрдемақылар мемлекеттік бюджеттен тиісті жәрдемақы түрінде төленетін болып қала берді.

Әрекет еткен ынтымақтастықты зейнетақы жүйенің шарттарында инфляцияның жоғарғы өсу қарқыны және халық арасындағы жұмыссыздық, ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) көлемінің төмендеуі, бюджеттік тапшылық зейнетақы төлемі жөніндегі қарыздардың пайда болуы мен ұлғаюына себеп болды және тіпті әлеуметтік кепілдіктің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету мүмкін болмады. Сайып келгенде, халықтың ынтымақтастығына негізделген зейнетақымен қамсыздандырудың таратушы жүйесінің айқын тұрақсыздығы қалыптасты. Қажетті зейнетақы шығыстарын жеткілікті қаржыландырылмауымен байланысты

мәселелерге демографиялық мәселелер қабаттасты. Осылардың бірқатары қазақстандықтардың орта өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы фоннда халықтың жас құрылымы формасының өзгеруімен және туылудың қысқару нәтижесінде халықтың картаю үрдісінің жеделдеуімен байланысты болды. Жұмыссыздар деңгейінің өсуі және бейресми және толық емес жұмыспен қамтылу еңбек нарығына келеңсіз ілгеру басушылыққа алып келді, осылардың салдарынан жарналары ынтымақтастықты зейнетақы жүйесінің қаржылық көзі болған халықтың бір бөлігі міндетті зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінен шығуына алып келді. Халықтың жұмыс істейтініне болжанған өсуді төмендету және зейнетақы жүктемесін шамадан тыс күшейту, жұмыскер және зейнеткер ретінде өмір сүру деңгейінің нашарлауын ескерту, Қазақстан Республикасы Үкіметінің болашақта зейнетақы төлемдерін үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында, осы толғағы жеткен мәселелерді шешудің баламалы жолы ретінде зейнетақы жүйесін реформалау жүргізілді.

Қазақстан Республикасының зейнетақылық жүйесінде 1997 жылы «қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңды қабылдауының нәтижесінде біршама өзгерістер орын алды. Бұл заң зейнетақымен қамсыздандырудың мемлекеттік толыққанды жүйесінен – белгіленген міндетті жарналармен және ерікті қосымша жарналармен байланысты жинақтаушы зейнетақы жүйесіне біртіндеп өтуді бекітті.

Зейнетақы реформасының негізі етіп чилилік үлгі қабылданды. Чилидегі зейнетақы жүйесі таратып тұратын механизмді ұстамайды және қызметкердің жеке шотына қаражатты толықтай жинақтауға және жарналарды капиталдандырып отыруға негізделген. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне енуші әрбір адам дербес шот алып, онда оның зейнетақы жарналары аккумуляцияланып, оның мөлшері анықталып белгіленеді. Бұл қаражаттар жеке зейнетақы қорларында жиналып, салымшылар зейнетақы жасына жеткенше олар зейнет төлемдерінің көздеріне

айналады. Чилилік жүйе негізінен басқа қазақстандық үлгі өзіндік ерекшелігін және басқа елдердің тәжірибесін бейімдеп қабылдады, сол себепті әлемдік тәжірибедегі ең табыстылардың бірі болып саналады.

Жеке зейнетақылық жинақ қорларын қалыптастыру үшін жинақтаушы зейнетақы қорларының екі түрі құрылды: мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры (МЖЗҚ) және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары.

1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша кем дегенде алты айлық еңбек стажына ие азаматтар зейнетақыны толыққанды жүйеден де (пропорционалды еңбек стажы бойынша) және егер зейнетақылық жарналарды төлеп отырса, жинақтаушы зейнетақы қордан да алатын болады. Жинақтаушы жүйеге толығымен ауысу Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық төлемдерді төлеуді тоқтатқан кезде, тек 2045 жылға қарай ғана орын алуы мүмкін.

Сонымен қатар, жинақтаушы зейнетақы жүйесі бірқатар мәселелерді шешуге арқау болды:

- әлеуметтік кернеулікті жеңілдету;
- зейнетақы төлеу ауыртпалығынан бюджетті ақырындап босату;
- азаматтарда көп және ашық табыс табу құшарлығының көрінуіне септігін тигізу.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі даму белестері:

1997 жылы - Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы күшіне енді.

1998 жылы - Жинақтаушы зейнетақы жүйесін басталды және зейнетақы нарығының инфрақұрылымы құрылды.

2003-2004 жылдары - Зейнетақы төлемдеріне құқық алу сәтінде инфляция деңгейін есепке ала отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналар мөлшерінде салымшыларға мемлекеттік кепілдік беру шешімі қабылданды. Сонымен қатар ерікті кәсіби зейнетақы жарналары енгізілді.

2006 жылы - «Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы» РМҚК базасында

жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі төлемдерді оңтайландыру мақсатында дара есеп орталығы құрылды. Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы арқылы салымшылар мен зейнетақы қорлары арасында зейнетақы жинақ ақшаларын аудару жүзеге асырыла бастады.


2013 жылдың 23 қаңтарында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев бірыңғай ұлттық зейнетақы қорын құру қажеттілігі және оған барлық жеке зейнетақы қорларының есепшоттарын беру керектігі туралы жариялады.

11 жинақтаушы зейнетақы қорларының ресурстарының ортақ бір арнаға қосылуы, оларды пайдалануда қосымша мүмкіндіктерді ашады, алайда барлығы басқарудың сапасына байланысты.

2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 1 бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және 9 жинақтаушы зейнетақы қорлары жұмыс істейді, олардың активтері бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорға беріледі.

Жалпы міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттарының саны және жинақталған зейнетақы қаражаты сомаларының артуы байқалады.

Сурет 1. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Ескерту: www.afn.kz сайтының мәліметтері бойынша автормен дайындалған

2012 жылғы 1 қазаннан бастап 2013 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 44,13 млрд. теңге болды.

Бірыңғай зейнетақы қорының құрылуы зейнетақы жүйесінің қызмет ету қағидаларын түбегейлі өзгертеді. Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы жүйесі салымшылар үшін балама ретінде сақталған, «ГНПФ» ЖЗҚ» атынан мемлекеттің аз ғана қатысуымен сипатталады. Қорлардың қосылуы нәтижесінде таза мемлекеттік зейнетақы жүйесі қалыптасады, басқаша айтқанда зейнетақы жүйесін ұлттандыу немесе монополизациялау.

Қазіргі заманғы талаптарға сай салымшылар өзінің таңдауы бойынша жинақтаушы зейнетақы қорын таңдай алады, ал бірыңғай қордың құрылуымен мұндай мүмкіндік жойылады.

Бірыңғай зейнетақы қорының құрылуы шоттардың бірігуі кезінде сәйкестендіру номерлерін толтыру барысында қателіктердің

пайда болуына жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшыларының ақша құралдарының жоғалуына себепші болуы мүмкін. Зейнетақы қорларының бірігуінің салдарының бірі әлеуметтік мәселе, себебі бірігу нәтижесінде 12 мың маманданған жұмыссыз қалады. Сонымен қатар 100 нормативтік актіге, 9 заңға және 2 кодекске заңнамалық өзгерістер енгізу керек.

Экономиканың сапалы өсуі, шикізат емес сектордың дамуы, халықтың жұмыспен қамтылуын көтеру мен табысының өсуі есебінен мемлекеттік бюджетке ауыртпашылықты төмендетуге болады. Алайда бұл Үкіметтің қолынан келмей отыр. Мүмкін сондықтан да зейнетақы жинақтарын көбейту көздерін іздеудің орнына, бүгінгі таңда зейнет жасы көтеріліп, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін бірыңғай біріктіріп Ұлттық банктің бақылауына өткізіліп отыр.

Осы айтылған мәселелердің барлығы халқымыздың экономикалық және әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталып шешілсе,

еліміздің қарқынды дамуына мүмкіндік береді.

2012 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050» стратегиясында мемлекетіміздің саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуындағы басты жеті бағытты белгілеп берді. Соның ішінде маңызды бағыттардың бірі – Елбасы ұсынған Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері - әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы №136 Заңы.
2. *Егор Гайдар*. Становление и кризис системы социальной защиты в современном мире // Независимая газета, 13.07.2004. - №9. – 10 с.
3. *Жұмағұлов Ф.Б., Ахметов А., Ахметова Г.* Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. Оқу құралы.- Алматы: «Заң әдебиеті», 2005-360 б.
4. *Чарльз Робертсон*. Обзор пенсионных систем стран мира // РЦБК, 2011. - №7.-30 с.
5. www.afn.kz

ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ПЕНСИОННОЙ СИСТЕМЫ И ЕГО СОСТОЯНИЕ В КАЗАХСТАНЕ

Турманбетова Айнамкоз Кудайбергеновна

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье сделан обзор истории возникновения и развития пенсионной системы в мире, анализируется его современное состояние в Казахстане. Предлагаются новые подходы совершенствования пенсионной системы страны.

Ключевые слова: пенсионная система, право выхода на пенсию, стерегательная система, частная пенсионная страховая система, пенсионный фонд, пенсионер.

HISTORY OF THE PENSION SYSTEM AND ITS STATUS IN KAZAKHSTAN

Turmanbetova Aynamkoz Kudaibergenovna

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

This article provides an overview of the history and development of the pension system in the world, it analyzes the current state of Kazakhstan . We propose new approaches to improve the pension system.

Keywords: pension system , the right to retire , private pension insurance system , pension fund , retired .

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ МАРКЕТИНГОВОЙ СТРАТЕГИИ ПРОДВИЖЕНИЯ ПРОДУКЦИИ В НОВОМ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОМ УКЛАДЕ

Калугина Светлана Афанасьевна, к.т.н., профессор,

Макаров Андрей Анатольевич, к.э.н., доцент,

Российский экономический университет им. Г.В. Плеханова, Москва, Россия

В статье рассмотрены некоторые особенности современных взглядов на маркетинговые стратегии продвижения продукции в условиях формирующегося шестого «технологического уклада».

Ключевые слова: «технологический уклад», маркетинговые стратегии, информационное обеспечение, продвижение продукции.

Стратегии продвижения связаны с ситуацией на рынке и маркетинговыми аспектами деятельности хозяйствующего субъекта. Чтобы продвижение было эффективным, необходимо ориентироваться на изменения в концепции маркетинга данного периода и с учетом этого разрабатывать стратегию коммуникаций.

Принципиальное изменение условий функционирования бизнеса, обусловленное шестым «технологическим укладом» - объективной реальностью промышленно-развитых стран и его формированием в ряде отраслей национальной экономики Российской Федерации, привело к смене приоритетов, позволяющих фирме получить конкурентные преимущества. Конец XX-начало XX вв. характеризовались значительными изменениями в используемых хозяйствующими субъектами маркетинговых стратегиях.

Ряд авторов связывает это с изменениями в поведении потребителей, которые выражаются в повышении уровня требований к товару, качеству обслуживания, а также обострением конкуренции [1]. Другие исследователи [2] делают акцент на смене приоритетов, обеспечивающих фирме конкурентные преимущества, т.е. перемещении процесса создания стоимости из сферы производства и обращения в информационно-коммуникационную среду, когда первоочередным для фирмы становится вопрос: «Как создать наибольшую воспринимаемую потребителем ценность товара?».

По нашему мнению, вторая точка зрения рассматривает процесс более глубоко.

Общими для данных точек зрения является то, что индивидуализация потребностей обусловлена рядом предпосылок, к числу которых в первую очередь относятся:

- развитие и ускорение научно-технического прогресса, влияние которого значительно расширяет спектр возможных путей удовлетворения потребностей, а также инициирует проявление новых потребностей;
- увеличение свободного времени, которое позволяет все больше временных ресурсов затрачивать на потребление и удовлетворение потребностей;
- рост доходов, формирующий финансовую базу для расширения потребления и удовлетворения потребностей [3].

Таким образом, изменение условий функционирования бизнеса связано не только с эволюцией потребителя и ужесточением конкурентной борьбы, но и с коренной трансформацией информационно-коммуникационной среды, т.е. появлением новых информационных систем и технологий.

Потребление покупателя изменилось. Как отмечает источник, «современный потребитель стремится к действительному участию в процессе создания конкретного продукта. В таких условиях конкурентное преимущество приобретает такой продукт, который имеет наибольшие возможности диверсификации внешнего вида и потребительских свойств (функций), соответствующих определенной потребности. В результате формируется некий незримый контакт потребителя и производителя, зачастую через торгового посредника,

возникает взаимовлияние. Производитель предлагает потребителю все возможности по формированию комплексного продукта, в котором товары, удовлетворяющие одну потребность, будут по ряду параметров отличаться друг от друга у разных потребителей» [3].

Таким образом, новый потребитель — профессионал потребления, из массы предложений он старается выбрать «личное». Новый потребитель желает иметь информацию, которой можно управлять, и получать удовольствие от пользования. Вчерашний потребитель — воспринимающий, сегодняшний — интерактивный, жаждущий впечатлений. По нашему мнению, для такого потребителя характерен следующий рефрен поведения: «Выбирай, во что веришь, и следуй установленному стилю жизни, моделируй, получай новые впечатления». На первое место выходит не продажа товаров, а продажа незабываемых впечатлений.

Появилась новая среда обитания - «Среда Web 2.0 (UGC)» - социальные сети Facebook/В контакте, блоги, чаты, Twitter, Вики-ресурсы, аудио-, и видеоподкасты, YouTube, геосервисы, мобильные контент-провайдеры и др. Изменился вектор информации: тактическая информация теперь имеет стратегический потенциал и наоборот. Аудитория адаптировалась к тому как воспринимать и быстро поддаваться воздействию информации, так и самой являться создателем таковой.

Ужесточение конкурентной борьбы стимулирует предприятия смещать акцент своей деятельности с давно исследованных и хорошо зарекомендовавших себя, но утративших свою результативность, ввиду повсеместного распространения, способов повышения эффективности маркетинговой деятельности в сторону новых возможностей. Сегодня товары и услуги, удовлетворяющие одинаковые потребности, стали настолько близки по своим потребительским свойствам, что покупатели при их выборе все в меньшей степени ориентируются на рациональные стимулы и отдают предпочтение эмоциональным.

Кроме того, все больше и больше компании смещают свое внимание с вопроса привлечения новых потребителей на удовлетворение потребностей и удержание уже существующих. Развитие каналов коммуникации между клиентом и компанией и появление новых информационных возможностей способствовали реализации стратегии развития бизнеса, ориентированной на управление взаимодействием со своими клиентами.

Приоритетное значение приобретают две концепции: управление взаимоотношениями с клиентом и органично связанная с ней концепция маркетинга партнерских отношений. Обе концепции сфокусированы на индивидуальных потребностях потенциального покупателя, на разработке механизма их эффективного удовлетворения.

Реализация стратегий предусматривает решение четырех основных задач [4]:

1. идентификация клиента — получение достаточно точного представления о его «ценности» для компании;

2. дифференциация клиентов — разработка различных стратегий взаимоотношений с конкретными группами клиентов, которая будет основываться на их «ценности» для компании;

3. взаимодействие с клиентом — при общей ориентации на долгосрочное сотрудничество создается база данных по клиенту. Она нужна для того, чтобы в процессе работы с клиентом направлять ему такие предложения, которые с большой долей вероятности могут быть им приняты;

4. персонализация — разработка и реализация наборов методов, при котором каждый из клиентов будет оцениваться как уникальный субъект и будет обслуживаться соответственно.

Концепция маркетинга партнерских отношений предполагает построение долгосрочных взаимовыгодных отношений с ключевыми рыночными партнерами компании, что позволяет сформировать маркетинговую деловую сеть (сама компания, потребители, посредники, поставщики, рекламные агентства, персонал компании,

исследовательские организации и т. п.). Современная конкуренция становится соревнованием не самих фирм-производителей товаров и услуг, а конкуренцией между маркетинговыми деловыми сетями.

Таким образом, новые концепции потребовали широкого использования интегрированных маркетинговых коммуникаций (ИМК), ориентированных на современные информационные системы и технологии, что позволяет установить контакт с каждым конкретным клиентом. Меняется и предложение потребителю, которое становится все более индивидуальным, «доверительным». Это создает необходимость персональной коммуникации. Вместо массового товара и канала коммуникации теперь каждому своя идея и свое удовлетворение. Со стороны фирмы это означает управление удовольствием: от общего товарного предложения к персональному предложению и эмоциям для каждого.

Список использованной литературы:

1. *Балашов, К.А.* Взгляд изнутри. Работа с клиентской базой //Маркетинг про. - 2006. - № 10-11. – С. 12-13.
2. *Потапчук, В.А.* Новые смыслы в интерпретации понятия коммуникация. XVI Всероссийская конференция заведующих кафедрами рекламы, связей с общественностью и смежных дисциплин: Сборник материалов. — М.: ПК ПрессКорп, 2012. – С. 212-214.
3. *Платонова, Н.А., Вапнярская О.И.* Индивидуализация потребностей в развитии торговли. /Современная торговля: теория, практика, перспективы развития: Материалы Второй международной инновационной научно-практической конференции [Электронный ресурс]. – Часть I. – М.: Издательство Московского гуманитарного университета, 2013. – С.306-308.
4. *Ромат, Е.В.* Реклама. — Спб.: Питер, 2008. – С. 108-112.

**ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ЖАҒДАЙЫНДА ӨНІМНІҢ ӨТУІНІҢ
МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯСЫН АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ**

**Калугина Светлана Афанасьевна, т.ғ.к, профессор,
Макаров Андрей Анатоліевич, э.ғ.к., доцент**

Г.В. Плеханов ат. Ресей экономикалық университеті, Мәскеу, Ресей

Мақалада Қазіргі заманғы қалыптасып жатқан алтыншы «технологиялық сипат» жағдайындағы маркетингтік стратегияларға кейбір заманауи көзқарастар қарастырылған.

Кілт сөздер: «технологиялық сипат», маркетингтік стратегиялар, ақпараттық қамтамасыздандыру, өнімнің өтуі.

**INFORMATION SUPPORT OF MARKETING STRATEGY OF ADVANCE OF
PRODUCTION IN NEW TECHNOLOGICAL WAY**

**Svetlana Afanasevna Kalugin
Andrey Makarov**

Russian University of Economics. GV Plekhanov, Moscow, Russia

In article some features of modern views on marketing strategy of advance of production in the conditions of being formed the sixth "technological way" are considered.

Key words: " technological system ", marketing strategies, information, product promotion .

ӘЛЕМДЕГІ БАНКТІК НЕСИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Шәріпова Жанна Құлмұқанбетқызы – DBA, Экономика, менеджмент және сервис кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52; Zhanna-KRMU@mail.ru

Бүгінгі таңдағы несиелік жүйесі соңғы жылдары біршама өзгеріске ұшырады. Мақалада банк жүйесінің барлық компоненттері жалпы әлемдік экономикадағы құрылымдық қайта құруда жүріп жатқан өзгерістерге байланысты жаңғыртылып жатқандығы баяндалады. Қазіргі банк жүйесінің экономика дамуының өзгермелі жағдайларына бейімделуі банк қызметінің шоғырлануы мен әмбебаптануы орын алатындығы, банктік емес несиелік мекемелердің динамикасы туралы баяндалған.

Кілт сөздер: банктік несиелік жүйесі, әлемдік нарық, экономикалық қатынастар, несиелік операциялары, банктік қызмет.

Шаруашылық құрылымдардың дамуында кәсіпорындар, ұйымдар мен халықты несиелеуді ұйымдастыруда несиелік жүйесі маңызды рөл атқарады. Ақша-несиелік механизмінің үздіксіз және нәтижелі жұмыс істеуінен бірі шаруашылық ұйымдары ғана емес, түгел елдің экономикалық дамуы да тәуелді. Сонымен қатар, несиелеу жүйесінің эволюциясы мемлекеттегі экономикалық жағдаймен, басқарушы формалары мен механизмімен анықталады. Әрбір халық шаруашылығының тарихи-экономикалық даму сатысына жекелеген экономика салаларының қаржы-несиелік қызмет көрсету қажеттіліктерін қанағаттандыратын өзінің несиелік ұйымдастыру, несиелеу жүйесінің құрылымы тән. Несиелеу операцияларының құқықтық-ұйымдастыру формаларының жүзеге асырылуынан, несиелеудің формалары мен әдістерінің және несиелеу қатынастарының, ұйымдастыру құрылымының өзгеруінен несиелеу жүйесінің жұмыс істеу механизмі әрқашан өзгеріп отырады.

Несиелік жүйелерді жүзеге асыру 1987 жылдан басталды. Несиелік жүйесінің құрылымын ұйымдастырғанда банк рөлінің жоғарылауы, олардың халық шаруашылығының дамуына оңтайлы әсері, несиелік әрекет ететін “экономикалық тұтқаға” айналуы алдын ала көзделген еді. Гүлдендірудің басты мақсаты банктерді шаруашылыққа жақындату болды. Қайта ұйымдастыру белгілі дәрежеде банктердің жұмысын жақсартты. Бірақ бұл жағдайды түбірімен өзгерте алмады, себебі ол шын мәнінде экономикалық қатынастардан тыс

болды. Түп негізінде несиелік қатынастар өзгерген жоқ: жартылай автоматты түрде несиелеу жалғастырылды, несиелік ресурстарды әкімшілік әдістермен бөлу сақталды, банктік жүйенің монополистік құрылымы жойылған жоқ, тек ведомстволық принципке сәйкес маманданған банктердің әсер етуші салаларының бөлінуі байқалды. Бұл олардың арасындағы бәсекелестіктің болдырмауына жол берді.

Банктік несиелік рөлі оның экономикадағы мемлекеттегі және халықтағы қолданыс нәтижелерімен және оларды әдістерімен ерекшеленеді. Әдістері туралы айтатын болсақ, олар әдетте қаражаттың ақылы ұсынылуымен кредиттің қайтарылымын белгілі дәрежеде шартталады. Бұл несиелік операциясының қатысушыларының жауапкершілігі мен қызығушылығын арттырады, олардың қарыз қаражат (немесе мақсатқа сай) қолдануына себеп болады.

Несиелік қатынастарға қаражатты пайдаланғаны үшін төлеген құнына қоса қаражаттың қолданылатын қаражат мөлшері мен оларды пайдалану уақытын үнемдеудің қызығушылығын арттырады.

Берілген несиелік қатынастардың ерекшелігі бюджеттік қаржыландырудың суммасының кемуінде материалдық қызығушылықтың, оларды пайдалану мүлдем жоқ болатын қайтарылмайтын бюджеттік қаржыландырумен теңестіргенде байқалады.

Белгіленген ерекшеліктер, әсіресе, қайтарылымдығы, жеделдігі және ақылығы ресурстардың үнемдеуінде несиелік маңызын арттырады.

Несиені пайдалану нәтижелері маңызды және алуан түрлі қаражаттың қайтарылуы үшін қолданылатын несиені өндіріс процесіне тауарды өткізу мен тұтымына және ақша айналымының салаына ықпал етеді.

Несиенің рөлі коммерциялық, банктік, мемлекеттік тұтыну және ипотекалық несиелерде пайда болатын несиелік қатынастардың алуан түрлерін іске асыру нәтижесінде анықталады. Әр бағыттағы несиенің әсері несиелік қатынастардың қандай да бір түрі басты, яғни доминантты орынды алады.

Несиелік қатынастардың жүйесінде несиелеу операцияларын орындау үшін қаражатты тарту өте маңызды. Бірақ та ондай әрекет әр түрлі несиелік қатынастар үшін бірдей емес. Мысалы, коммерциялық несиені қолданғанда несиені алушының басқа жақтан қаражат тарту керектігі жоқ. Өткізіліп жатқан тауардың төлеу мерзімін ұзарту үшін қарыз қаражатты ұсыну кезінде несиені алушының ресурстары қолданылады. Бұл несиені алушының қаржы салымын компенсациялау үшін банктік несиені қолдануды жоққа шығармайды. Банкілердің бұндай іс-әрекеті маңызды, себебі тартылған қаражаттың бар болуы қаражат меншіктенушілері оларды тауарды сатып алу үшін жұмсамағанын білдіреді. Басқаша айтқанда, банктік несиені қолдану – нәтижесінде материалдық ресурстарды қайта бөлуге әкеліп соғады. Бұндай нәтиже банктік несиені қолдану – шаруашылықтағы материалды ресурстарды қайта бөлудегі мәнінде мінездейді.

Негізінде материалдық ресурстарды қайта бөлу мемлекеттік, тұтынушы және жылжымайтын мүлікті залогқа және тұрғын үй сияқты мүлікті құруда ипотекалық несиені қолдану кезінде материалдық ресурстарды қайта бөлу мүмкін болады.

Бұның бәрі несиенің материалдық ресурстарды қайта бөлу кезінде өте маңызды екенін дәлелдейді. Бірақтан бұл ресурстарды орынды пайдалану дәрежесіне жететін несиелік қатынастарды керек етеді.

Сонымен қатар, несиенің рөлі тауарды өндіру мен өткізудің үздіксіздігінде көрініс табады. Кәсіпорынның уақытша ақшалай

түсім мен шығындардың жүйелі түрде сәйкес келмеуінен қажетті тауарлы – материалдардың құндылықтарды сатып алуға, қаражаттың жетіспеушілігі қызмет көрсетуді төлеу және осының салдарынан тауарды өндіру мен өткізу процессінің үздіксіздігінің бұзылуы мүмкін. Қарыз қаражаттарын беру уақытша қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өндіру процесі, сонымен қатар оның үздіксіздігі мен жылдамдатуына кедергі әсерін тигізіп отыратын, қарыз алушыларда қаражаттың үздіксіз қайталанып тұратын “құйылымы” мен “шегіну” игеріледі.

Несиені өндірістің мерзімділігі мен өнімнің белгілі түрлерін өткізумен шартталған қаражатта уақытша қажеттілігін қанағаттандыруда үлкен роль атқарады. Қарыз қаражаттарын пайдалану мерзімдік қосалқылардың пайда болуына және кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық мерзімдік салаларының мерзімдік шығындарды жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Ең маңыздысы несиені пайдалану кезінде кәсіпорынның табысты жұмыс істеуіне ғана қолайлы жағдайда жасалып қоймай, ресурстарды экономикада пайдалану үшін де жағдай жасалады, себебі бұл кәсіпорындар мен ұйымдар жұмысын (әрекетін) өзінің қаражатының менималды көлемінің жұмсалыуымен іске асыра алады және резервтердің азаюы, соның ішінде ақшалы бөлігін де санағанда.

Сонымен бірге әртүрлі қарызгерлердің арасында қаражаттың қайта бөлудің арқасында қарызгерге берілетін біркелкі қаражаттың көлемінің азаюы туады. Мерзімдік қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігі үшін берілетін қарыз қаражатты беру кезінде керекті алғышарты болып қаражатта қажеттіліктің көлемі шығында да мезгілдік факторлармен шартталатындығы болып табылады. Бұндай талаптардың сақталмауы қарыз қаражаттарын шамадан тыс берілуіне және мезгілсіз қайтарылуына әкеліп соқтырады.

Өндірісті кеңейтуде несиенің рөлі үлкен. Өндірісті кеңейту мен өнімді өткізу үшін керек. Қарыз қаражаттарды

салыстырмалы қосалқылар аз уақытқа көбейту үшін шығындарды берілуі мүмкін. Сонымен бірге несиенің негізгі фонды көбейтудің қайнар көзі ретінде пайдалана алады, бұл ғимараттар, құрылыстар, құрал-жабдықтарды сатып алу және т.б.

Өндірістің үздіксіздігі мен оның дамуына әсер ететін несиенің тұтқа ретінде мінездемесі қарама-қарсы бағытта, себебі өндірістің және өнімді өткізудің жылдамдығының төмендеуіне әсер ете алатын несиені пайдалану мүмкін.

Қаражат айналым саласында несиенің рөлі маңызды. Бұл барлық қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз мемлекеттердің қаржы-несие жүйесінің қатысты. Қазақстанда Қазақстанның Ұлттық банкі қолма-қол ақшаның эмиссиясы мен олардың айналымын ұйымдастыруын жүзеге асырады, яғни банктер арқылы. Соңғысы орындалады, бір жағынан, егер банктер шоттарында қалдықтары бар болса, банк кассаларынан айналымға оларға қолма-қолақшаны шығару кәсіпорындар, ұйымдар мен жеке азаматтар қолма-қол ақшаны беру кезінде мүмкін. Бұндай қалдықтардың бар болуы несиелік қатынастардың бар болуын білдіреді.

Бүгінгі таңдағы несиенің жүйесі соңғы жылдары біршама өзгеріске ұшырады. Банк жүйесінің барлық компоненттері жалпы әлемдік экономикадағы құрылымдық қайта құруда жүріп жатқан өзгерістерге байланысты жаңғыртылуда. Ғылыми-техникалық революцияның дамуы себепші болған өндірістің шоғырлануы капиталдың шоғырлануымен орталықтандыруын талап етіп, соған сәйкес банктер өз операцияларын несиелік ресурстарды ірілендіру жағына қарай түрлендіре бастады, яғни қазіргі банк жүйесінің экономика дамуының өзгермелі жағдайларына бейімделу қатар жүреді; банк жүйесінің құрылымдылық қайта құрылуы көз алдымызда, белгілі бір мамандандырудың сақталуымен қатар, банк қызметінің шоғырлануы мен әмбебаптануы орын алады, банктік емес несиелік мекемелердің динамикасы байқалады. Банктердің жеке типтерінің арасында банктер мен банктік емес мекемелер арасындағы өзгешеліктердің несиені бөгеулердің модел жойылуы - соңғы

жылдары несиенің жүйесінің құрылымдық қайта құру тенденциясының маңыздысының бірі.

Соңғы жылдары банктер мен басқа арнайы қаржы-несие мекемелері арасындағы халықтық және фирмалар мен компаниялардың жинақтары күрес ерекше шиеленіскен сипатқа ие болады.

Бұрын коммерциялық банктер халық жинақтарын тартудағы депозиттер бойынша мөлшерлемелерді өсіру сияқты тиімді қаруды еркін қолдана алады. Оларға мерзімді және жинақ салымдары иелеріне төлеуге рұқсат етілген пайыздық мөлшерлемелердің максималдық шегі белгіленген еді, ал басқа арнайы несиелік мөлшерде мұндай шектеулер болмайды. Әрине, соңғылары бәсекелестік күресте артықшылыққа ие болады. Қазір жағдай өзгерді. Банктер пайызды конъюнктура жағдайына байланысты белгіленетін ақша нарығының сертификаттарын шығару рұқсатына қол жеткізді. Сонымен қатар 1980 жылы АҚШ-та қабылданған депозиттік мекемелерді бейреттеу мен ақша айналымын бақылау туралы заң салымдар бойынша пайыздарды төлеуге қандай да болмасын шектеулердің күшін жойды.

Ірі банктік мекемелерге ортақ әмбебаптану тенденциясы олардың мамандануын сақтап қалуымен үйлесім табады. Әмбебаптандырудың өзі мекемелердің жеке түрлерін қатысты алғанда өзіндік ерекшеліктермен біркелкі емес дамуда. Мұнда әмбебап типті мекемелердің мамандануының жойылуы туралы сөз қозғалып отыр. Сонымен бірге бұл тенденция қызмет көрсету сапасының артуына ықпал жасап, бірінші кезекте нарықтық амалдардың, яғни әмбебап немесе ірі банктердің назарын аудармаған қызмет түрін табуға ұмтылатын шағын және орта банктерге әсер етеді. Мамандандырудың жойылу тенденциясын банктік бизнестегі бәсекелестің күшеюі қолдап отыр.

Өзгерген экономика жағдайларына сәйкес банктік қызметтің өзінің, дәстүрлі банктік операциялардың қайта құрылуы жүзеге асқанын айта кету қажет. Бұған банктік қызметті реттейтін әкімшілікке ережелер күшінің жойылуы, яғни бейреттеу ықпал жасады. Банктердің мақсаты –

банктерді бәсекелестік құралдардың кең ауқымын пайдалануға, банктік қызметтер нарығын белсендірек әрекет етуге итермелеу болып табылады.

Банктік қызметті бейреттеу активтік те пассивтік те операцияларға ықпалын тигізеді. Коммерциялық банктердің активтік операциялары біршама өзгерістерге ұшырады. Бүгінгі таңда олар жанама несиелеуден фирмалар мен кәсіпорындарды тікелей несиелеуге толығымен көшті. Мұнда бағалы қағаздарды пайдалану арқылы рәсімделетін несиелік мәмілелер кең тараған, осының арқасында несиелік міндеттемелер нарыққа сатылуы мүмкін, ал несиелік мекемелер тәуекелерді белсендірек бөлшектеу мүмкіндігіне ие болады. Бұл тенденция банктердің өз несиелерінің нарықтық бағалы қағаздарға конвертациялау талпынысында нақтылай көрініс табуда. Несиелеу объектілерін ірілендіру жүзеге асады. Коммерциялық банктер өз активтерінің сапасына мұқият қарай бастады, өйткені активтер сапасын дәл және уақытылы бағалау – банктер сенімділігінің кепілі.

Банктер басшылығы өз активтерінің сапасына, жаңа несиелерді беруге несиелеу технологиясына (құжаттар, контрактілер, қамтамасыз ету), заем алушылардың несие шарттарын сақтауына және т.б. бақылау жасап отырады.

Ұзақ мерзімді несиелеу де даму үстінде. Коммерциялық банктердің қаражаттарды тарту бойынша пассивтік операциялары да өзгеріске ұшырайды. Оларды үкімет белсенді қолдауда. Мұны 1993 жылы енгізілген салымдардың әр түрі бойынша банктік пайыз үшін максималды шектерді алып тастау бойынша 80 – жылдары АҚШ-тағы бейреттеу процесін көруге болады. Бұл банктердің депозиттік базасының нығайтылуына мүмкіндік береді, себебі олар талап етуге дейінгі салымдар бойынша да пайыздарды белгілей алатын болды, ал бұл жаңа клиенттерді тартуға жағдай жасады. Нәтижесінде тартылған қаражаттар құрылымы күрт өзгерді: егер 1950 жылы АҚШ коммерциялық банктері балансының пассивтік құрылымында банктік шоттардағы

қалдықтар 70% -дан артық болып, мерзімді жинақ салымдары тек 24-26% құраса, 80-жылдары соңғылары 60%-дан артық үлесін құрады.

Банктердің пассивтік операцияларының инавацясы сонымен бірге қосымша ақша қаражаттардың тартудың жаңа құрылымдарын жасауда көрініс тапты. Пайызы бойынша, нарық пайызына жуықтайтын салымдардың жаңа типтері ашылды. Мұндай шоттарға ақша нарығының депозиттік шарттары жатады. Көптеген коммерциялық банктер ақша нарығында еркін айналыста болатын депозиттік (өзінше бір бағалы қағаз) шығара бастады.

Банктік операциялардың дамуында ерекше рөлді ақпарат пен коммуникацияның қазіргі техникалық құрамдары атқарады. Бнкісі бұрын-соңды болмаған ақпаратты дер кезінде беру, оның тез өңделуі мен мәліметтердің растылығына, экономикалық жағдайды талдау мен ақша нарығының даму перспективаларын дұрыс бағалауға байланысты болып отыр. Қаржылық нарықтық қатысушылары өз істерін жүргізу үшін барынша көп ақпарат қажет етуде. Сондықтан банк ісіне ғылыми-техникалық революцияның соңғы жетістіктерін енгізусіз, компьютерлік техниканы игерусіз банктік қызметті тиісінше модернизациялау мүмкін емес.

Банк жүйесі дамуындағы маңызды құбылыс ретінде несиелік мекемелердің “көтерме” операциялардан “бөлшек” операцияларға өтуін атап көрсетуге болады, бұл олардың клиенттері шеңберінің кеңейюіне әкеледі. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін банктер сақтық танытып, тек таңдаулы, “ерекше сенімді” клиенттерге ғана қызмет көрсететін, ал қазір ірі банктер өз стратегиясын өзгертті. Олар кәсіпкерліктің барлық сферасына белсендік түрде араласумен қатар, шағын бизнесті де қамти отырып, жаппай клиентураға, соның ішінде тұрғындардың тұрмысы төмен топтарына да бағдарлануда. Бұл қазіргі ірі банктің келбетін, оның саясатын өзгертеді.

Сондықтан кейінгі кезең нарықтық қатынастарды дамыған елдер экономикасындағы өндірістің

шоғырлануының жоғары деңгейімен сипатталады, бұл, өз кезегіне банктік капиталдың шоғырлануымен орталықтануына, аталған процестің жаңа формаларының пайда болуына, ел ішіндегі және әлемдік қаржы нарықтарында да күшті позицияларға ие – банк – алпауыттар тобының жедел өсуіне әкеп соқтырады. Мұндай банк – алпауыттар ең алдымен Жапония, Германия, Канада; АҚШ пен араб әлемінде пайда болды, мұнда олардың активтері 100 млрд. АҚШ долларынан көп соманы құрайды. Бұл тек дамыған нарықты экономикалы елдердегі қазіргі несие жүйесін сипаттайтын кейбір маңызды жағдайларға тоқталып өттік. Өз экономикасын нарықтық жолға қайта құрушы Қазақстан үшін әлемдік банк жүйесі дамуының мұндай тенденциялары ерекше қызығушылық тудырады, себебі нарықтық экономикаға өту өзіндік нарықтық несие жүйесін құруды талап етеді. Республика үшін шетелдік тәжірибені толығымен көшіру орынды емес, өйткені оның экономикасы нарыққа өтудің ең бастуында тұр, ол Батыс болса, мұнда бұрыннан қызмет етуде, алайда тәжірибеден өткені кезең жағдайында қолданыс табуы мүмкін барлық позитивті жайларды қабылдауы қажет. Несиелеу жүйесі несиелік процесті ұйымдастыруды және несиелеу принциптеріне сай оны реттеуді анықтайтын элементтер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Қазіргі несиелеу жүйесінің құрылымдық элементтеріне мыналарды жатады:

- несиелік қызметті реттеуге бағытталған заңдар мен нормативтік актілер;
- несиелік саясат;
- несиелеу шарттары;
- несиелік механизм;
- несиелеу техникасы.

Қайта құру кезеңіне дейінгі несиелеу жүйесінің элементтері бұрынғысынша қалғанымен, шарашылықтың нарықтық жағдайына өтуіне байланысты аталған элементтердің әрқайсысының мазмұны түбірімен өзгерді. Сонымен қатар несиелеу жүйесінде ең басты буын ретінде болатын, оның барлық элементтерінің өзара байланысы мен біртұтастығын қамтамасыз

етіп отыратын несиелеу принциптерінің де мазмұны өзгерді.

Қазіргі несиелеу жүйесінде шаруашылық ұйымдардың меншікті және заемдық қаражаттар арасындағы шекті қатынасты белгілеуде мемлекет тарапынан қандай да бір әмір жүргізу жоқ. Шаруашылық ұйымдардың қызметтерінің коммерциялық негізі, экономикалық тұрғыда олардың меншікті қаражаттарын заемдық қаражаттар үшін толық материалдық жауапгершілікті болуға жүктейді. Мұнда заемдық қаражаттар ретінде тек қана банктік несие емес, сол сияқты ақшалай және тауардай формасындағы шаруашылықаралық несие қарастырылады. Кәсіпорындарға кімнің қаражатын және қанша көлемде заемға алу туралы өздері анықтауға құқық берілген, ал оларды пайдалану шарты келісім-шартта айтылады.

Шаруашылық айналыстағы меншікті қаражаттар шамасы бүгінгі күні берілуге жататын несие шамасына, сондай-ақ несиелік қабілетін анықтау барысындағы клиенттің кластық дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштерге әсер етеді.

Қазіргі несиелеу жүйесі банктің ресурстарына негізделеді. Бүгінгі жағдайдың бұрынғы әрекет еткен жүйеден айырмашылығы – ол уақытта несиелік мекемелер өздеріне жоғарыдан берілген несиелік ресурстармен ғана жұмыс жасаған болатын. Шынында да төменгі банктермен жинақталатын барлық ресурстар КСРО Мемлекеттік банкі басқармасында орталықтандырылған түрде жинақталып, қайтадан сол орындарға несиелеу лимиті түрінде қайта беріліп отырған. Сондай несиелеу шегінде, сол немесе басқа аумақтың клиенттерін несиелеген. Банк бөлімшелерінің ол уақыттарда қаражат жинақтауға деген ешқандай да мүдделері болмаған және олардың активтері пассивтерінен тәуелсіз болған. Қазіргі несиелеу жүйесі басқа негізде құрылған, яғни берілетін несиелердің көлемі толығымен банктердің тартылған қаражаттарына байланысты. Бұл берілетін несиелердің ауқымының, сонымен қатар несиелік мекемеде қалыптасқан пайда мөлшерін көрсетеді.

Қазіргі несиелік механизм коммерциялық сипатқа ие. Осыған байланысты сауда мотивтері, үнемдеу мотивтері ерекше маңызды болып келеді. Мұндай жағдайда несиелеудің тек кәсіпорынның қосымша қаражатқа деген қажеттілігін қанағаттандыру ғана маңызды емес, сонымен қатар несиелік мекеменің рентабельдігін арттыру үшін де несиелеудің маңызы зор. Дәл осы тұста коммерцияның: “арзанға сатып алып, қымбатқа сату” принципі орын алады. Бұл әрине, клиенттердің несиелері мен депозиттеріне, сол сияқты банкаралық несиеге де тиісті.

Қазіргі несиелеу жүйесінің басты ерекшелігі банктердің меншікті және тартылған ресурстарына ғана байланысты ғана емес, сол сияқты клиенттерді несиелеуді жүзеге асыратын коммерциялық банктер үшін орталық банк бекітетін нормаларға және пруденциялық нормативтерге байланысты келеді. Мысалға, ҚР Ұлттық банкі орталық резервтерге міндетті төлемдерді аудару нормасын белгілейді. Сол сияқты басқа да нормативтер, оның ішінде коммерциялық банкте құрылатын ең төменгі ақшалай резервтер түрінде, ең ірі несиелер көлеміне байланысты шектеу, банк балансының өтімділігінің параметрлері сияқты банктің міндеттемелерін өтімді қаражаттар резервімен салыстыра өлшеу арқылы белгіленетін формалардағы нормативтері де бар.

Қалыптасып отырған қазіргі несиелеу жүйесінің келесі маңызды ерекшелігі, бұл несиелеудің объекіден субъектіні несиелеуге өтуі болып табылады. Тауарлы-материалдық құндылықтар қоры және өндірістік шығындардың болуы несиені апуға құқық берді де, Қарызның қайтарылу барысына терең талдау жасалмады, клиент үшін жоспардың орындалуы Қарызның қайтарылуына автоматты түрде кепіл болды.

Жаңа несиелеу жүйесі дәстүрлі және өзіндік ерекше принциптерге негізделеді, оның ішінде мерзімділік және қамтамасыз ету қағидалары, сол сияқты несиенің ақылық сипаты да ескеріледі. Сонымен қатар, олардың бірқатарының мазмұны өзгерген. Бұдан бірнеше жылдар бұрын жақсы және

жаман жұмыс істейтін кәсіпорындар категориялары өмір сүріп, несиелеуде дифференцирленген режим қолданылған. Кәсіпорынды бағалау негізіне олардың жоспарлы көрсеткіштерін орындау дәрежелері жатқызылды. Бүгінгі таңдағы қалыптасқан жүйе несиенің уақытында қайтармау тәуекелін төмендетіп, клиенттің несиелік қабілетін ескереді. Сондай-ақ коммерциялық банк, қарыз алушыны төлем қабілетінсіз деп жариялай отырып, оны қайта ұйымдастыру және тарату туралы сұрақты қоюға құқылы.

Несиенің қамтамасыз етілу принциптеріне де байланысты өзгерістер болды. Тәжірибе көрсеткендей, Қарызлардың тауарлы-материалдық құндылықтар қалдығымен қамтамасыз етілуі, олардың уақытылы қайтарылуына кепіл болмады. Сондықтан да қамтамасыз етілмеген Қарызларды бұрынғы тәжірибеде қалыптасуына байланысты түсіну банк тарапынан жіберілмеуге тиіс. Қайтару тұрғысынан алғанда, толық кепілдігі жоқ Қарыздар ғана біршама сенімді несиелер болып табылады.

Қазіргі несиелеу жүйесінің келесі бір ерекшелігіне банк несиелерін жоғары дәрежеде кепілдендіру формаларына өту жатады. Несиенің қайтарылуын қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда әлемдік тәжірибедегідей біршама сенімді формаларға кепіл құқы (оның ішінде ипотека, заклад, бағалы қағаздар кепілдігі), кепілдеме және кепіл-хат, жалпы алғанда сақтандыру жүйелері жатады. Осындай формаларды қамтитын несиелік механизм банкке өзінің тәуелсіздігін нығайту, сонымен қатар несиелік тәуекелді төмендету мүмкіндігін береді.

Жалпы кәсіпорынды несиелеудің өзгерген жүйесі біршама дәрежеде нарықтық қатынастарға сай келетін үлгі ретінде оларды бағалауға мүмкіндік жасайды.

Қазіргі заманғы жағдайда банктер несиелік ресурстарды пайдалану әдісіне бағытталады. Бұл әдіс экономикалық факторларға сүйенді және, біріншіден, коммерциялық тұрғыдан банктердің,

екіншіден, клиенттердің және тұтас халық шаруашылығының пайдасынан құралады.

Болашақта банктердің коммерциялық несиелеу жүйесін ұйымдастырудың ерекшеліктері болып:

1. Қарыз беру кезінде техникалық емес, экономикалық критерийлерге бағыттау, ал нәтижесінде – мемлекеттің барлық банктік мекемелеріне ортақ критерийі болатын, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы қажеттіліктеріне бағыттау.

Іс-жүзінде бұл кәсіпорынның қоғамның сапасы халықаралық стандарттарға жауап беретін өнім өндіріп, өткізуіне кететін шығындарға несиелеу жүргізіп жатқанын білдіреді. өнімді өткізу кезіндегі қиыншылықтар тауардың сапасының төмен болуынан емес, тұтынушыда қаржы-қаражаттың уақытша тапшылығынан болуы маңызды.

Егер ұзақ мерзімді несиелеу туралы айтатын болсақ, онда үлкен дәрежеде қоғамдық прогреске жауап беретін қоғамның және жеке мүшелерінің қажеттілігін қанағаттандыру жағынан алып қарағанда, жақын болашақта өзінің зор үлесін тигізе алатын инвестициялық әрекеттері несиелеуді алады.

Мұндай әсерлі бағыттың қолданыс мысалы болып (біріншіден қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру) Жапония мен ФРГ-ның соғыстан кейінгі тәжірибесі болып табылады. Ол кезде банктер мен өнеркәсіп компаниялары басты мақсаты етіп коммерциялық сипаттамасын емес, қоғамдық қажеттіліктерді қояды, бірақ қоғамдық қажеттіліктермен бірге өзінің пайдасын да ұмытпады. өнім түрінің қажеттілігінде индикатор қызметін халық сұранысы ғана емес, кәсіпорындар мен ұйымдардың сұранысы атқарады. Сұраныс көлемі өнімнің белгілі түріне берілген тапсырыс және заңды тұлғалардың қызмет көрсетуінен, жасалған шаруашылық келісімдермен анықталады.

Нарық жағдайында сұраныс көлемін өлшеудің бір түрі – баға динамикасы болып табылады: бағаның өсуі – сұраныстың өсуін, ал кемуі, керісінше, – төмендеуін білдіреді. Сондай-ақ қоғам қажеттіліктерінің индикаторы болып қоғамның тауарға және

қызмет көрсетуге қажеттілігінің өзгеруіне жауап беретін және белгілі дәрежеде компанияның пайдасын көрсететін белгілі бір компанияның акция курсы болып табылады.

Тек қана сұраныс пен соңғы тұтынушының қажетті игіліктерін сұранысқа ие өнімді өндірумен байланысты шаруашылық несиелеуге бағытталған несиелеу бөлек несиелеу емес, қоғам игіліктеріне сәйкес келеді. Сол кезде ғана шаруашылық пен коммерциялық банктік жұмыс жағдайында өзінше тәуелсіз шаруашылық есептегі кәсіпорын ретіндегі банктердің мақсаттары бір-біріне сәйкес келеді. Бұл несиенің қайтарылымына кепіл болып, клиенттің болашақ төлеу қабілетін және банк пайдасының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

2. Ауданаралық бәсеке мен қайта реттеу нәтижесінде қаржылық қызмет көрсету мен тауарлар бүкіл мемлекетте біртегіс болады. Осының салдарынан, банк және басқа да несиелік мекемелер мен банктер арасында бәсекелік үлкен дәрежеде өсті. Бәсекелестіктің күшеюі банктердің пайдасының қысқаруына әкеліп соқтырады. Дәстүрлі нарықта орнын бекітіп, жаңа нарықтарды жаулап алу үшін банктер өзінің несиелік саясатын ырықтандырып отыруға мәжбүр болады, бірақ бұл банктердің өзіне алатын тәуекелді көбейтеді. Біріккен несиелік тәуекелдің өсуі банк пайдасына кері әсер ету болып табылады. Сенімсіздікті жою мен тәуекелді азайту үшін банктер ұзақ, орта және қысқа мерзімді маркетингті стратегияларды жүзеге асырады, негізгі назарын банктік шығындар мен қосымша шығындарды қадағалауға, төлем ақының қысқарып, банктік мәмілелерді автоматизациялау үшін жаңа технологияларды енгізуді тездетеді.

3. Елде мемлекеттік емес мекемелердің пайда болуынан – пайдық серіктестік пен акционерлік қоғам ретінде ұйымдастырылған, коммерциялық принципте жұмыс істейтін, коммерциялық банктер несиелік іс ұйымдастырудың басқа моделінің негізі қаланды. Бұл модельдің ерекшелігі – несиелік істі банктармен тартылған депозит ресурстары негізінде ұйымдастыру. Соның негізінде тым көп несиелеу мүмкіндігі

шектеулі болып тұр. Сондықтан коммерциялық негізде несиелік істі ұйымдастыру несиелеудің әдістері мен критерийлерін және дәстүрлі емес жолдарын іздеуге түрткі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Қазақстан Республикасындағы Ұлттық банк туралы” ҚР Президентінің заң күші бар жарлығы (соңғы өзгерістер мен толықтырулары есепке алғандағы). 30.03.95.
2. “Қазақстан Республикасындағы банктер банктік қызмет туралы” ҚР Президентінің заң күші бар жарлығы (соңғы өзгерістер мен толықтырулары есепке алғандағы). 31.08.95.
3. Қазақстан Республикасының экономикасын қысқа мерзімді несиелеу ережесі. 11.02.94. ҚР Ұлттық Банк басқармасы бекіткен (хаттама№4).
4. Программа дальнейшего реформирования банковской системы РК. В 2013-2015 годах.
5. Банова Г.С. Кредитная политика коммерческого банка. В М-2010г.

6. Банковское дело /Под ред. Г.С. Сейткасымова – Алматы: “Қаржы-қаражат”, 2009
7. М.Блауг “Экономическая мысль в ретроспективе” стр.183-184. Валютно-банковская политика. Джон Стюарт Миль 3гла 22и24
8. Информационно – аналитический сборник. Казахстан 91-2010. Султанбеков 408 стр.
9. Ақша. Несие. Банктер: оқулық. Жалпы редакциясын басқарған Ғ.С. Сейткасымов. Алматы – Экономика, 2011- 466 бет
10. Досқалиев С.Ә. “Қазақстанның халықаралық қатынастар” Алматы, 2009ж
11. Ақша. Несие. Банктер. Валюта қатынастары. Оқу құралы/ Көшенов Б.А. Алматы,- экономика, 2009 – 328бет.
12. Шаров “Производство потребительских кредитов” //Деньги и кредит, 2011, №10.
13. Мақыш С.Б. “Коммерциялық Банктер операциялары”. С.Б. Мақыш – Алматы, Қазақ Университеті. 2011ж – 229б.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ МИРОВОЙ БАНКОВСКОЙ СИСТЕМЫ КРЕДИТОВАНИЯ
Шарипова Жанна Құлмуканбетовна

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актобе., ул. Айтеке би, 52

В последние годы современная система кредитования подверглась многим изменениям. В статье рассматривается как все компоненты банковской системы модернизируются в связи с мировой перестройкой. Анализируется универсализация и адаптация банковской службы, динамика небанковских кредитных учреждений.
Ключевые слова: банковская система кредитования, мировой рынок, экономические отношения, кредитные операции, банковская служба.

MODERN TRENDS OF THE WORLD BANKING CREDIT SYSTEM
Sharipova Jeanne Құлмуканбетовна

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

In recent years, modern credit system has undergone many changes. The article deals with all components of the banking system being upgraded in connection with the restructuring of the world . Analyzes the universalization of banking services and adaptation, dynamics of the non-bank credit institutions.
Keywords: bank lending system, the global market , economic relations , credit transactions , banking service.

ӨРКЕНДЕУІНІҢ КЕПІЛІ

Альшурина Гаухар Рамазанқызы – «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты,
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті,
Ақтөбе, 030006, Әйтеке би, 52

Бүгінгі таңда ата-бабаларымыздың елді басқарудағы және құқықтық қатынастардағы дау-дамайларды шешуде ұрпақтарына деп қалдырып кеткен үлгі-өнеге, тәжірибелеріне аса көңіл бөліп, оны жандандыруға деген ұмтылыс бірден-бір дұрыс жол болып табылады. Мақалада қазіргі кезде елімізді өркениетті елдер қатарына қосу жолында және шынайы құқықтық мемлекет болуда, өзіміздің ұлттық болмысымыз бен ұлттық құқықтық мәдениетіміздің, салт-дәстүрлеріміздің ізгі көріністерін ескеру қажеттілігі сөз болады.

Кілт сөздер: билер соты, сот билігі, дауды шешу, билер институты, сот жүйесі, тарихи мұра.

Қазақ халқы тәуелсіз ел болған кезеңнен бастап ерте кездегі мемлекетті басқару тәжірибелеріне аса көңіл бөле бастады. Әрине, ата-бабаларымыздың елді басқарудағы және құқықтық қатынастардағы дау-дамайларды шешуде ұрпақтарына деп қалдырып кеткен үлгі-өнеге, тәжірибелеріне аса көңіл бөліп, оны жандандыруға деген ұмтылыс бірден-бір дұрыс жол болып табылады. Өйткені, қазіргі кезде елімізді өркениетті елдер қатарына қосу жолында және шынайы құқықтық мемлекет болуда, өзіміздің ұлттық болмысымыз бен ұлттық құқықтық мәдениетіміздің, салт-дәстүрлеріміздің ізгі көріністерін ескергеніміз абзал.

Құқықтық тарихымызды саралар болсақ, қазақ жері Ресей өкіметінің отарлау саясатының құрсауына түскенге дейін хан мен сұлтандар, билер тек қана қоғамдық қатынастардағы дау-дамай, жанжалды ғана емес, сонымен қатар елдік, рулық, азаматтық мәні бар мәселелерді кең көлемде шешіп, әділ билік айтып отырғанын аңғарамыз.

Қазақ қоғамындағы құқықтық қатынастарда яғни, сот мәселесінде, жер дауы, құн дауы, жесір дауы және т.б. дауларды қарауда негізінен хан мен билер өз басымдылығын көрсетіп отырды. Ол жөнінде белгілі заңгер ғалым Т.М.Культелеев: «... специальным органом разбиравшим уголовные и гражданские дела всех основных категорий, был так называемый суд биев», [1, 62] - десе, сол сияқты бір топ заңгер зерттеушілер осы пікірді қолдай келе: «... суд биев являлся основной судебной властью», [2, 80] - деген тұжырым айтады.

Қазақ қоғамында негізінде істің қаралуы бірнеше сатыға бөлінген: біріншіден, екі дауласқан жақ дауға төрағалық етушіге билердің істі қарауына дейін, өзара келісіп дауды шешуге әрекет жасаған. Яғни, келісім немесе бітімге келуге тырысқан. Азаматтық істерді шешуде барлық келісім, мәміле, шарттардың негізі болып, айырбас, сатып алу, сату туралы сөз жүзіндегі шарт түрінде қолданылған, азаматтардың өзіндік мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері жатқан. Ал бітімге келу екі жақтың өзара келісімі арқылы сөз жүзінде даудың аяқталуы еді, яғни бітімнен кейін билерге істі қарауға құқық берілмейді. Бітімді, өзара келісімді бір жақты бұзу сөзде, сертте тұрмау қатты айыпталып ар-ожданнан жоқтығының белгісі ретінде бағаланды. Билердің араласуыменен даулы істерді шешуде уақыттың өтуін есептеп, ағайын-туыс, ауыл арасының татулығын сақтау мақсатында екі дауласқан жақты бітістіру үшін бір-біріне талап қоюдан бас тартып, кешірім беруге шақырған келісімнің бір түрі «салауат» деп аталған. Салауатпен бітіскендер кейін дауды қайта көтеруге немесе айып даулауға билердің құқы болмағандығын білеміз.

Қазақ қоғамында даулы мәселе деп қаралған рулар арасындағы жер дауы, жесір дауы, құн дауын шешуді билердің алқалық құрамында қарауды «күгініс» деп атаған. Бұл институт қауымдық демократияның бір нышаны ретінде танылған. Оның тәртібі бойынша екі жақтың келісімен, дауға ешқандай қатысы жоқ, өзінің әділдігімен халықтың көңілінен шығып, елдің көзіне түскен парасаты мен беделі жоғары билерге

жүтінген. Істің барлық мәнін алқалық құрамдағы билерге баяндап, негізгі мақсаты екі жақты бітімге келтіру болған. Бітімге келе алмаған жағдайда дау бойынша төрағалық етушінің басымдылығы байқалған. Яғни дауласқан, араздасқан жақтарды жұрт алдында келістіріп, бігістіру қазақ қоғамындағы әдет заңдарының «дау мұраты - бітім», - деген қағидасын басшылыққа алып отырғандығын көреміз. Кесілген «ала-жіпті» аттамау сол қоғамдағы өздері мойындаған билер сотының шешіміне құрмет, сенім еді. Ол қазақ билерінің өткірлігі, данағойлығын, тәуелсіздігін, өз істерін терең меңгерген, халқына шын мәнінде жаны ашып солардың өзара татулығын қорғаған, өз ісіне адал жандар екендігін көрсетеді.

Билер институты өзінің даму тарихында бірнеше кезеңдерден өтті. Өзінің шарықтау шегіне жетіп, құлдырау кезеңінде бастан кешіргендігін білеміз. Әсіресе, билердің беделі қазақ елінің Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін құлдырай түсті. Өз кезегінде патша өкіметінің, Ресей әкімшілігінің алдында дәрменсіздігінен, тәуелдігінен көрінді. Себебі ендігі жерде кезінде өзінің даналығымен, парасатымен, ақыл-ойымен, даралығымен сайын дала халқына әділ шешім айтып, ауыз бірлікте ұстаған билердің шығарған шешімдерін ендігі жерде - патша әкімшілігі бекітсе ғана орындалды. Ол билердің қоғамдағы алатын орнының айырықша екенін Ресей өкіметінің тез арада түсініп, билердің қоғамдық қатынастарда рөлін төмендету саясатын жүргізуге үшін қолданған шараларының бірі еді. Себебі, қазақ даласын зерттеушілердің пікірінше, қазақ елін түгелдей Ресейге бағынышты ету үшін әуелі басқару жүйесін өзгертіп, сосын билер институтының түп тамырына балта шабуды ойлады. Сол үшін 1822 ж. «Сібір қырғыздарының Уставын» қабылдап басқару жүйесіне өзгеріс енгізсе, 1854 жылдың 19 мамырында «Положение Сибирского комитета о распространении на киргизов Сибирского ведомства общих законов Российской империи» деген заң қабылдады. Бұл заң бойынша би лауазымын алуға жаңа шектеулер қойылды. Би атағы бұрыннан

барларда ғана сақталып, кейін дәрежесі бар сұлтандар мен патшаға «адал» қызмет еткендерге қалдырылды. Ал жергілікті жердегі сот, жергілікті патша әкімшілігінің бақылауында болды. Осылайша данағой билердің беделін қанша түсіруге тырысқанменде қазақ-әдет заңдары қағидаларының кейбір тұстарын мойындағандығын Төтенше билер съездерінің шешімдерінен көреміз.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Халық комиссарлар Кеңесінің сот жүйесін реформалаған «Сот туралы декреті» қабылданғанына қарамастан Кеңес үкіметінің алғашқы он жылдығында әдет-ғұрып құқығы қолданыста болды, әдет-ғұрып құқығының нормалары жоғары және жергілікті басқару органдарында, кейін сотта ескеріліп отырды. Кейін Кеңес өкіметі күш алып жаңа заңдар мен Декреттер қабылдау арқылы әдет нормаларына қарсы күрес басталды. Сол кезде қазақ билер сотының дәрежесі жоғары бірегей сот инстанциясы екенін дәлелдеген белгілі қазақтың қоғам қайраткерлері мен заңгерлері Жақып Ақпаев, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов т.б. ұлт зиялыларының ұсыныстары қазақ қоғамына тән құқықтық жүйе мен сот құрылымын сақтау қажеттігі туралы ойларын мемлекет ескермеді. А.Байтұрсынов көтерген маңызды мәселенің бірі – жалпы ұлттық мемлекеттік парламенттері шығарған заңдардың мазмұны мен мағынасының жергілікті ұлт өкілдерінің ұлттық психологиясының этникалық ерекшеліктерін, олардың шаруашылық ұйымдастыру факторларын ескеріп қабылдауды жан-тәнімен талап етті. Оның ойынша, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарды жоққа шығарып, қабылдаған заңдардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі мүмкіндігі шамалы, халыққа керексіз болады деп есептеді.

Ол, демократиялық құқықтық мемлекеттерде заңның мәні, мазмұны қоғам мүшелерінің еркін білдіруге тиісті деп есептеп «Хүкімет қолайлаған жоба халыққа да қолайлы бола ма? Болмай ма? Оны халық айтуы тиіс» - деп көрсетеді. [3] Сондай-ақ қазақ көсемінің бірі деп есептеуге тұрарлық, зиялы азамат А. Байтұрсынов құқықтық

мемлекетте сот және оның атқаратын функциялары туралы айтқан биліктің жеке, үшінші билік тармағы ретінде атқарушы өкіметтен тәуелсіз болуын қалаған еді. Соған сәйкес тәуелсіз судьяларды қамтамасыз ету механизмдеріне біріншіден, судьялардың «Сайлаусыз болуы мүмкін емес», екіншіден, «Жеке бидің жанында ... сиез билері инабаттырақ екенін...», үшіншіден, сот билігінің жоғары болуы үшін судьялардың кәсіптік деңгейі мен рухани парасат сапасы жоғары талаптарға сай келіп, ұлттық дәстүр, әдет – ғұрыптар мен салттық болмысқа қанық болу шарт деп есептеген, төртіншіден, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудің ең басты негізгі олардың материалдық жағдайларының жоғары дәрежеде болуы – ол әділсот ісін жүргізу барысында парақорлықтың, заңсыз бұрмалаушылықтың болмауының кепілі екені сөзсіз деп бағалаған «судьялар шаруасын тастап, қызмет атқарғандағы көретін зиянды осы күнге алатын ақыларын ақтай алмайды. Сондықтан олар сол зиянды жолдан тысқары жөнмен өтеуге кіріседі. Сөйтіп, билікті малдың шығатын бұлағы сияқты көрсетіп, жаман үйренеді. Екі жағын ымыраластырып, бітіріп, ол үшін артық еңбекақы алуға қалыптандырады. Билік пара алудың орны сияқты, би мен даугер арасында сауда сияқты болады» - деп көрсетеді. [3, 313]

Қазақстан Республикасы бүгінгі таңда өз алдына тәуелсіз, егеменді ел болғандықтан жағдай түбегейлі өзгерді. Халқымыз қазір қолда барын саралай отырып, болашағына үңіліп, өткен тарихына да жаңа көз қараспен қарап, тарихтан кеткен ақтаңдақтарды қалпына келтіру жолдарын іздестіруде. Солардың бірі ұлттық құқықтық болмысымыздың қол жеткен өркениеттерінің бір тармағы ретінде бірегей билер сотын қайта жандандыруға талпыныс жасалуда. Ол қоғамдық өмірдің, уақыттың, ұлт ерекшелігінің өзіне тән белгілі бір талаптарынан туындап отырған болар. Себебі, қоғамдағы қабылданған заңдардың орындалуы тиісті нәтиже бермесе, оның орындалу жолдарын шешу, іздестіру заңдылық емес пе. Солардың бірі ретінде «Ақсақалдар Кеңесі» деген атпен әр түрлі

аймақтарда ашылып жатқан қоғамдық ұйымдардың ішкі табиғаты қоғамда әділдікті қалыптастыру жолдарын іздестіру болса, республикада аса күрделі істерді қарауда әділдікті жоғары дәрежеде қамтамасыз ету идеясымен енгізілген сот алқасы «Билер алқасы» атала бастауы құптарлық жағдай. Ол рухани дүниемен тығыз байланысты қазақтың тарихында өзінің пәктігімен, жағымдылығымен санамызға сіңген дала демократиясының көріністері еді. Әрине, билер сотының қайта жандануын көпшілік үлкен қуанышпен қолдап жатса, оған қарсы пікір айтушыларда бар. Ол түсінбестік, ұлттық құқық жүйеміздің тиімді тұстарын бағалай алмау деп есептейміз.

Біздің пікірімізше, билер сотына мемлекеттік деңгейдегі мәртебе беруге негіз бар. Өйткені, Қазақстан Республикасының Конституциясының өзінде: «Мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы - халық» - деп көрсетілген. [4,4] Ал билердің өзі кезінде халық қалаулысы болған. Билер соты қайта жаңғырып, қадамын нық басып келе жатқан Қазақстан елінің құқықтық жүйесінің нығаюына өз үлесін қосып, ұлттық құқықтық болмысымызды дамытуға ықпал етері ақиқат.

Әрине, бұл мәселе еліміз егемендігі мен тәуелсіздігін алғаннан бергі уақытта талай алқалы топта, Республикалық, міне бүгін Халықаралық деңгейдегі конференцияларда талқыланып отырған келелі мәселе. Билер сотын енгізуден күтілетін нәтиже де ауқымды:

- соның ішінде азаматтарды сот төрелігінің орындалуын жүзеге асыруға қатыстыру арқылы, жұртшылықтың құқықтық сауатын ашып, құқықтық санасын тәрбиелей отырып, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;
- қазақ қоғамында адам құқын қорғауға ерекше көңіл бөлген. Әдет-ғұрып нормаларындағы қарастырылған қылмыстық-түзету шараларын қолданбай, оларға айып төлету, көпшілік жұрт алдында ұялту, кешірім сұрату, көпшілік талқысына салу жолдарымен дауларды бітімгершілікпен шешу жолдарын

қарастыруға көңіл бөлу. Барлық даулар және ең күрделі қақтығыстар азаматтық - құқықтық сипатқа ие болып, әр жазаның өзара бітімге келу шарттары сақталуға тиіс;

- қазақ қоғамының қойнауында қалыптасқан туысқандық, ағайын – жекежаттық, сыйластық, дін мен дәстүр ортақтығы кінәліні жазалауда оң нәтиже беретін шешім қабылдауға әсер етсе, қайта жаңғырса;
- мемлекеттік органдардың қабылдаған заңдарының орындалуына жауапкершілікпен қарау, бірақ мемлекеттің қоғамдық пікірге қысым жасауына жол бермей, сонымен қатар заң бұзған адамдарға әсер ететін моральдық, этикалық және адамгершілік нормаларды күшейту жолдарын қарастыру.

Билер соты шешімінің орындалуын күшпен мәжбүрлеп орындату емес, көпшілікке салу, ықпал ету арқылы орындату жолдары жүзеге асар деген үміттеміз. Әрине билер институтының жұмысын жүзеге асыру үшін жергілікті жерлердегі халыққа еңбегі сіңген, сөзі өтімді, өзінің ақыл парасатымен орынды шешім қабылдай алатын, адал азаматтарды халықтың өзі табады. Олардың саны мен сайланатын уақытын айқындаған дұрыс.

Кеңес дәуірінен бері қолданылып келген қоғамдық тәртіпті қорғау үшін ұжымдарда құрылатын сарбаздар тобымен бірлесіп жұмыс істеу, жергілікті жердегі халықтың тыныштығын сақтап, оларды бұзақылар мен ұры - қарылардан қорғар еді. Отбасы даулары, әр түрлі мүліктік қатынастардың бұзылуын реттестіріп, төрелігін беріп отырар еді. Қазіргі таңда жылжитын және жылжымайтын мүлік көздерінің көбеюі мұрагерлік мәселеге де салқынып сала бастады.

Қазақ халқындағы мұра мен мұрагерлік мемлекет заңдарынан түзілген құқықтық жүйеден өзгеше құбылыс, оның негізін әдет-ғұрып құқығының тарихи контексінен, әлеуметтік-саяси астарынан, өмірнамалық құндылықтарынан іздегеніміз жөн. Қазақ халқының мұрагерлік құқыққа

байланысты адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа негізделген, халықтық, құқықтық нормаларын қазіргі заңдарымызға енгізуден қоғамымыз ұтпаса, ұтылмайды деп есептейміз.

Мұра мен мұрагерлік заңдарының қоғам дамуына ықпалы мол. Адамгершіліктен туындаған қағидалар, туысқандар арасына жік салмай, өзара тіл табыса алуға бейімдеген, ар-ождан, ата шаңырағын өзгеден биік қойған дүниелер, «малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» деген принцип қазақ болмысынан терең орын алып, әке дүниесіне таласу өрескел қылық ретінде қаралған. «Әке дүниесі балаға дүние болмайды» деген қағида оның артында қалған мұраға таласуға болмайтынына үндейді. Осындай ұлттық психологиямызды аялай сақтап, оны ана сүтімен сәбилер діліне сіңіргеннен ұтылмаймыз, сондықтан адамдық құндылықтардың бағыт-бағдарын, ерекшеліктерін ашып бергеніміз дұрыс деп есептейміз. Ол үшін мұра мен мұрагерліктің мәдени астарын, оның құрамдас бөліктерін жіктеп, олардың жеке-жеке орнын, өзара байланыстарын, қарым-қатынастарын сарапқа салып түсіне білуіміз қажет. Кезінде осындай іргелі істі халық санасына жеткізе білген осы дана билеріміз еді.

Жеке меншік ұғымының кеңеюі мұрагерліктің қазіргі таңда қайта жаңғыруына әкелді, оның дәстүрлі құқықтық мәдениетпен тарихи сабақтастығына мән бере отырып, оны бүгінгі күн талаптарына сай сараптама жасап, әдет-ғұрып құқығының ұтымды тұстарын қазіргі неке және отбасы қатынастарындағы мұрагерлік мәселені шешу және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің мұрагерлік бөліміне толықтырулар енгізіп, кемелдендіру қажеттігін түсінуге тиіспіз.

Қазіргі заң талаптары әсерінен мұра мен мұрагерлік институттары өзара қандас ағайындар арасында дау-дамайлар туғызып, жазылмайтын жараға, өшпенділік пен дұшпандыққа соғуы ықтимал. Сондықтан да ата-бабаларымыздың әдемі де терең ойластырған мұра мен мұрагерлік жайлы заңдарының оңтайлы механизмдерін мұра

мен мұрагерлік заңымызға енгізу, тіпті кейбір тұстарын түгелдей сақтауды қалар едік. Қазіргі міндет мұра мен мұрагерлік мәселені шешудегі қабылданып жатырған нормативті актілерде мұрагерлік институттың реттеушілік, қорғаушылық, адамгершілік, әділдік жағына көбірек көңіл бөлсек. Себебі, мұрагерлік институт ол ежелден қалыптасқан *мәңгілік*, біз оған тек ұлттық сипат берсек дейміз. Нәтижесінде, ұлттық қасиеттерімізді байытып, ұлттық санамызды арттыруға айтарлықтай үлес қосылады деп санай аламыз.

өзін-өзі Әлемдегі болып жатқан оқиғалар, жаһандану кезеңі әрбір халық немесе ұлт қорғап, сақтануға мәжбүр етуде. Сақтанудың бірден-бір жолы әрбір халық өзінің рухани құндылықтарынан нәр алып, тарихи жүйесін, рухани дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін сақтау. Бұлардың бірінен ажырау орны толмас келеңсіздіктерге алып келетіндігі баршамызға аян.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани құндылықтарынан қол үздіруі, халықты әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен, дінінен алшақтатып, адамгершілік, имандылық танымдарына нұқсан келтіреді. Өйткені мұрагерлік өте маңызды да күрделі мәселе. Қоғамдағы даулы мәселелерді шешуде ата-бабаларымыздың рухани байлықтарының ерекшеліктері, жеткен биіктері мен мұраттарын, демократияға толы қағида-принциптерін өз контекстінде пайдалана отырып, халық санасына енгізсек бұл ұрпақ тәрбиесіне қосқан зор үлес болады деп есептейміз. Қазақ әдет-ғұрып заңдарының қай қоғамда болса да, өз орнын табар өміршеңдігін көреміз. Сол құндылықтарды бізге дейін жеткізген осы данагөй билеріміз еді. Қазіргі күні сот жүйесін қазақ бірегей билдер сотының негізінде құру керектігін сөз ете отырып қазақ қоғамының ғасырлар бойы қолданған сот жүйесінің тәжірибесінен алар үлгі,

өнегеге негіздеу қажеттігі көрініп отыр. Бұл мәселені көтеруде көрші Қырғызстан Республикасынан тәжірибе жинақтауға мүмкіндік бар. Олар Қырғызстан Республикасының Конституциясы арқылы қолданысқа енгізе отырып бүгінгі күні қолданып отырғандығын көреміз.

Сонымен ойымызды қорытындылай келе айтарымыз, құқықтық мемлекетімізде демократияны құру жолында еліміздің ғасырлар талқысынан өткен әділ шешімдерін қоғам қажеті үшін қайта жаңғырту уақыт талабы екендігін ескере отырып, академик С.З.Зимановтың: «Сот жүйесін қазақтың билер сотының бірегей негізінде құру керек, бабалар тағылымынан біз тәлім алар тұс көп», - деген ұсынысын көпшілік, халық, мемлекет болып қолдап іске асыру қажет деп есептейміз [5, 3]. Ұлттық құқық тарихындағы бірегей билеріміздің әділдік, теңдік, адамгершілік туралы айтқан дана ойлары мен тұжырымдарын қолданысқа алып елді басқаруда басты қағида ретінде қолдансақ, одан біздің ұтарымыз көп болар еді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Культелев М.Т.* Уголовное обычное право казахов. Алма-Ата, 1955, с.62
2. *Материалы по казахскому обычному праву // Сост. Т.М. Культелев; М.Г.Масевич; Г.Б. Шакаев.* Алма-Ата, 1948г. Сб. 1, 80с.
3. *Байтұрсынов А.* «Ақ жол» Алматы, 1991 ж.
4. *Қазақстан Республикасының Конституциясы.* Алматы «Дәнекер» 2000ж. 4 бет
5. *Зиманов С.З.* Айқын. 16 сәуір 2008ж. 3 бет.

СТАНОВЛЕНИЕ СУДА СПРАВЕДЛИВЫХ БИЕВ – ГАРАНТИЯ ПРАВОВОГО РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВА

Альшурина Гаухар Рамазановна

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

На сегодняшний день наследие, оставшееся нам от предков, которое является образцом для управления государством, для решения спорных вопросов в правовых отношениях является самым правильным путем в модернизации правовой системы государства. В статье дается обоснование, что правильное использование национальной правовой культуры, а также традиций народа является гарантией истинному становлению правового государства.

Ключевые слова: суд биев, власть биев, решение споров, институт биев, судебная система, историческое наследие.

BECOMING BIYS COURT OF JUSTICE - GUARANTEE OF STATE LEGAL*Alshurina Gauhar Ramazanovna*

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

Nowadays, our ancestors' heritage is a model for the control of the state, which resolves disputes in legal relations. It is the right way in modernizing the legal system of the state. The article describes the rationale that the proper use of the national legal culture and traditions of the people is the true guarantee of the rule of the state.

Keywords: biy court, biys' power, resolution of disputes, biys' Institute, the judicial system, historical heritage.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

Джигитова Раушан Нұрболатқызы – «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты,
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе, 030006, Әйтеке би, 52

Азаматтық құқықтың принциптері бастапқы норма болып саналады және оны қолдану міндеттілікке айналған. Мақалада азаматтық құқықтың принциптері қазақ қоғамындағы азаматтық қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқаратындығы негізделген. Басты мақсат адам құқын қорғау, еркіндігін сақтауға жағдай жасау болып есептелетіндігі көрсетілген.

Кілт сөздер: азаматтық құқық нормалары, принциптер, азаматтық-құқықтық реттеу, азаматтық қатынастар, қазақ әдет-ғұрып құқығы, хандық дәуірдегі заңдар, шариат заңдары.

Қоғам мен мемлекеттегі азаматтық құқықтың принциптері (қағидаттар) қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеу бастамасын басшылыққа алатын негіз ретінде танылады. Ол азаматтық құқық жүйесінде бастапқы норма болып саналады және оны қолдану міндеттілікке айналған. Қоғамдағы адамдардың құқы, еркіндігін белгілеуші негізгі принциптер әдет-ғұрып заң нормаларының өзінен адамгершілік, имандылық, моральдық, жауапкершілік тұрғыдан қаралып, әр уақыт басшылыққа алынып отырған.

Азаматтық құқық принциптерінің рөлі мен маңызы туралы белгілі ғалымдар еңбегіндегі тұжырымдар: «Біріншіден, ол тікелей әрекет ететін нормалар түрінде кездеседі. Екіншіден, ол жаңа заңды жасау немесе бұрынғы заң құжаттарын өзгерту, кезінде ескертіледі. Үшіншіден, құқық ұқсастығын қолдану қажет болған жағдайда заң принциптері басшылыққа алынады. Төртіншіден, мұндай принциптер құқықтық нормалардың бастапқы мазмұнының немесе шарт талаптарының тиісті жағдайларының мазмұнының түсінілуі жүзеге асырылғанда назарға алынуы тиіс. Бесіншіден, заң принциптеріне сүйене отырып, заң нормалары арасындағы қарама-қайшылықты жоюдың жолдарын табуға болады, мұның өзі егер бұл аталған жағдай кездескенде ғана қолданылады», - деп көрсетеді. [1, 3]

Көріп отырғанымыздай азаматтық құқықтағы негізгі принциптер қазақ қоғамында дәстүрлі әдет-ғұрып құқығындағы тікелей әрекет нормалары түрінде: келісім-шарт жасау, мұраны бөлу, айырбас, меншікке ие болу оған билік ету түрінде кездесетіндігін көреміз. Азаматтық құқық принциптерінің ролі мен маңызы қазақ қоғамында әдет-ғұрып құқығы негізінде қалыптасқан заңдар, «Жолдар», «Жарғы», қағидалар, билердің билік ережелері, империялық дәуірде қабылданған құқықтық актілерді жасау,

құрастыру кезінде кеңінен қолданылған. Мысалы: «Қасым ханның қасқа жолы әдет құқын саралап, жүйелеп, азаматтық қатынастарды реттеуге ыңғайлап жүйеленсе, «Есім ханның ескі жолында» оған тек қоғамдағы қатынасты толықтыру, айқындау үшін «өнер құны, сүйек құнын» енгізген. «Жеты Жарғы» заңдар жинағында бұрынғы Қасым хан тұсындағы бес тарауға уақыттың, қоғамның талабына сай ежелден өзге заңдармен тең қаралып, келе жатқан жер дауын мүлік заңынан бөліп алып, жеке ереже ретінде билік нормасына енгізді және жетінші тарау ретінде жесмір дауын осы заңға қосып азаматтық қатынасты реттеу нормаларын байыта түсті. Бұл жерде құқық ұқсастығын қолдану қажет болғанда бұл принципті қолдануға болатындығын да көздегендей.

Қазақ қоғамының ғасырлар қойнауында қалыптасқан азаматтық құқықтарын реттеу принциптері ретінде :

- азаматтық – құқықтық қатынастарға қатысушылардың теңдігі;
- меншікке және басқа заттық құқыққа қол сұқпаушылық;
- шарт еркіндігі;
- міндеттемені нақты түрде дәл орындау принципі;
- бітімгершілік принциптері;
- нұқсан келтірілген құқықтардың қамына келтірілуін қамтамасыз ету принципі;
- азаматтық құқықтарды сот арқылы қорғау принципі. Соттың қорғауын қамтамасыз ету принципі.

Міне, осы принциптер қазақ қоғамындағы азаматтық қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Басты мақсат адам құқын қорғау, еркіндігін сақтауға жағдай жасау болып есептеледі.

Азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың теңдігі. Азаматтық қатынастарға қатысушылардың қоғамдық

катынастарды азаматтық-құқықтық реттеуде тараптардың жағдайы бір-біріне тәуелсіз мәжбүрлеусіз, тең дәрежеде болатындығын көреміз, яғни азаматтық қатынасқа қатысушының бір-біріне тіптенбағынышты емес, ал тәуелділігі оның мінезіне, ерік-жігеріне қатысты болмау керек. Келісім шарттар жасауда тараптардың ынтасы, еркі, бостандығы, құқықтық жағынан қорғалуы қажет болған.

Меншікке және басқа заттық құқыққа қол сұқпаушылық принципі көшпелі елдің тұрмысында сонау ғұн, үйсін мемлекеттерінің өмір сүрген кезеңінен қолданылғандығын мына бір деректерден көреміз: «Өмірдің осындай өзгерісі мен талабына үйлесу үшін үйсін мемлекетінің билеушісі оны реттеу құқын мемлекет билігінің ғұзырына алды. Құқықтық деңгейі әдет заңының деңгейінен жоғары, орындалуын мемлекет билігі қамтамасыз ететін жаңа, құқық нормасы өмірге келді. Үйсін мемлекетінің Күнбиі – Сыйлы Күнби бүкіл елге бітім жариялады: «Өріске оймақ, табынға тұяқ қосылмасын» деген заң өмірге жолдама алды. Мұның ерекшелігі – басқалары әдет заңы болса, бұл мемлекет заңы болып, өзінің жаңалығымен, күшімен, нормативтігімен дараланды», - деп көрсетеді. [2, 21]

Биліктің негізгі мазмұны әркім өз жерінде, өз өрісін қорысын, басқаның жеріне мал бақпасын, шөбіне қол салмасын, әркімнің иелігінің бүтіндігі сақталмасын, меншік тұтастығы қорғалсын деген мағынаны білдіреді. Ал «табынға тұяқ қосылмасын» деген әркім өз малына ие болып, адамдардың жауапкершілігі күшті болсын деген талап қойылған. Себебі, мал басының азаюы, жоғалуы, ұрлануы ру басылары мен мемлекет басшысына берілетін салыққа салқынын тигізеді деп қауіптеніп, оның алдын-ала қорғауды заңмен бекіткен. Қасым хан тұсында меншікті қорғауды мүлік заңымен бекіткен. Яғни, жаңадан қабылданған «жол», «жора», заң ережелердің барлығы меншікке қол сұқпаушылық принципін қатаң сақтап, оның құқықтық жағына қорғалуын сол заманға сай заң актілерімен бекіткен.

Құранда өзгенің меншігіне қол сұқпауға жиі шақырады. Өйткені, өзгенің мал-мүлкі

өзгеге харам, оған ерекше мәртебе беріліп, оны қасиетті әрі қол сұғылмайтын нәрсе деп бағалайды. Адамның белгілі бір затты иеленуі оны тұтынып, білгілі бір мақсатына, яғни қажетіне жаратуы үшін керек, ал оның өз қалауын қанағаттандыру адамға тән, сондықтан да оны жоғары қояды. Құран да, шариат заңы да меншікті, оның иесінің құқығын қорғайды. Әрине, меншік адал еңбегімен, заң етілген жолдармен жиналуы тиіс.

Адамның жеке ісіне өзгенің озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтын принципін шариат айрықша көңіл бөледі. Оған екі түрлі көзқараспен қарайды. Біріншісі әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауы, ар-намысы мен абыройы қорғалуы тиіс деген принциппен, егер адамның жеке ісі заңға қайшылық келтірмесе оған өзгенің араласуына жол берілмейді. Екіншісі, мемлекет, ата-аналары, т.б. өзгенің мүлкіне қожалық етіп, адамның келісімінсіз пайдасын бөліп жеуге тыйым салады.

Қашан да меншік құқығы азаматтық құқықтың орталық институты болып есептелген және меншік иесінің құқығын қорғауды барынша талап еткен меншікке қол сұқпаушылық. Азаматтық Кодекстің нормаларында [3] ал оны нақтылайтын тұжырымдама Конституцияның 26 бабының 3 тармағында бекітілген. Яғни онда, «Соттың шешімінсіз ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүлктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін», - деген Конституция қағидалары Азаматтық Кодекстегі қазіргі кездегі реквизициялау, күтімсіз ұсталған мәдени және тарихи қазыналарды сатып алу және т.б. қатынастарда қолданылады. [3]

Қазіргі кезде заңда меншік құқығымен қатар меншік иесі болып табылмайтын адамдардың заттық құқықтары да қаралған, оларға да қол сұқпаушылық принципін қолданылады: а) жерді пайдалану құқығы; ә) шаруашылық жүргізу, өзге де заттық құқықтар. [3]

Шарт еркіндігі принципі. Шарт дегеніміз – шаруашылық қызметінің негізгі құралы.

Әдет-ғұрыптық шарттық құқық белгілі бір қисынға, ішкі немесе басқа да нормалармен өзара байланысқа бағынатын нормалар жиынтығын құрады. Ежелден – ақ, адамдар шаруашылық мәселелерін шешуде өзара мәмілеге келіп, нәтижесінде шарт жасаған. Шарт жасау негізінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін өз еріктерімен, өз мүдделеріне сүйене отырып тағайындайды. Сол қоғамда кеңінен қолданылып отырған әдет-ғұрып, салт-дәстүр, заңдық негіздерін басшылыққа алып шарт жасауына мүмкіндік бар.

Қазақ даласын ұзақ уақыт жайлаған көне тайпалардың заңдарын саралай келіп ғалымдардың айтуынша «Қаңлылардағы сауда – шарттарында, неке анықтамаларында заңдық жазбалардың қалыпқа түсірілуі жетілген деп айтуға болады», - деп көрсетеді. [2, 6]

Яғни, шарт азаматтық қатынастың түрлі салаларын қамти отырып, адам құқын қорғау, бостандығына еркіндік беру қағидасын басшылыққа алған заңдарға сүйенген. Кейінгі зерттеулерде: «Шарт еркіндігін шектеуді тек мемлекет қана емес, сонымен бірге азаматтық айналым да жүзеге асырады», - деп көрсетеді ғылыми еңбектерде. [4, 18]

Яғни, заңға сәйкес шарт еркіндігін шектеудің негізі өзгенің мүддесіне қысым жасауға бағытталған әрекеттерге жол бермеу үшін жасалады азаматтық қатынасты ретеуде имандылыққа, қалыптасқан дәстүрге нұқсан келтіруге де жол берілмеген. Шариат заңдарында да адам өз құқы мен еркін кедерсіз жүзеге асыруға құқық береді. Әркім өз дүние-мүлкін еркін пайдалануға құқықты. Азаматтың құқықтық қатынастарда бұл құқығын кедергісіз жүзеге асыруға құқылы. Алайда, азаматтық қатынастарға қатысушылардан адал, әділ, әрекет жасаулары талап етіледі.

Міндеттемені нақты түрде, дәл орындау принципі. Адам өзге адамдармен құқықтық қатынас жасау барысында алуан түрлі міндеттемелер дүниеге келеді. Уәделесіп, міндеттеме түзеді. Сондықтан да уәдеге адал болып, міндеттемеде көрсетілген жайттерді дәл орындауды шариат заңы талап етеді. Қазақтар да уәде бір, құдай бір деп,

міндеттемелерге мейлінше адал қарап, нақты түрде орындайтынын жақсы білеміз.

Қазақ қоғамында қолданған шұарттар ауызша келісім түрде қолданылғанымен оған міндеттемелер туындады. Оған аса жауапкершілікпен қарап, орындалуын қамтамасыз етті. Ол туралы: «Бұл тараптардың бір-біріне берген сөзінің өзі заң болғандығын көрсетті, өйткені әдет-ғұрып бойынша адамның ар-намысы мен беделі жоғары құндылық ретінде қаралды. Ауызша куәліктің өзі шарттың сақталатынына кепіл болды», - деп көрсетеді заңгерлер. [5, 8] Яғни, қазақ қоғамында міндеттемені нақты түрде, дәл орындауға ерекше көңіл бөліп, талап еткендігін көреміз.

Адамның ар-ождан, қадір-қасиетіне және істеріме қол сұғылмаушылық принципі. Ар-ождан, қадір-қасиет адамға тумысынан берілетін құқық болғандықтан, белгілі бір шектеу, тек ол адам құқық бұзушылықпен әйгілі болса ғана беріліп, өзге кезде заң оған қол сұғылмаушылық принципі ұстайды. Мысалы, шариат заңы өтірік сөйлеушіні екінші қайта куәлік беруге қатыстырмайды. Адам өлтіруші мұрагерліктен айырылады. «Жеті жарғыда» ата-анасының тілін алмаған баланы өзгелерге сабақ болуы үшін қара сиырға теріс қаратып мінгізіп, мойнына құрым іліп, бетіне күйе жағып, ауылды айналдырған.

Сондай-ақ, қазіргі Азаматтық Кодексте тұжырымдалғандай жеке істерге кіленің болса да озбырлықпен аралпасуына жол беруге болмайтындығы қарастырылған. [3] Азаматтық құқықтың бұл нормасы Конституцияның 18-бабында бекітілген: «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар», - деген талаптарды көреміз. [6]

Бітімгершілік принципі. Қазақ әдет-ғұрып құқығына сүйеніп азаматтық қатынастарды реттеу, сондай-ақ шариат соты да, шариат заңы да дауласушы екі тарапты бітімгершілік жасауға шақырады қоғамдағы қатынастарды реттеуде ең бастысы әділдік, теңдік, еркіндік, заңдылықты басшылыққа ала отырып бітімгершілік принципінің жүзеге асыру қазақ қоғамында ежелден-ақ кеңінен қолданылып,

негізгі мақсаты адамгершілікке, имандылыққа, қайырымдылыққа, кешірімділікке, мейірімділікке тәрбиелеген. Ел ішінде ала-ауыздықты болдырмау, ағайынды тату бірлікте ұстауды, мұрат еткен халық тіпті ауыр қылмыстардың өзін кешіріп, оның орнын материалдық шығынмен толтыруға тырысты. Әдет-ғұрыптың кемелденген, заңға айналған тұсында «Қасым ханның қасқа жолында» мүлік заңындағы мал-мүлік, жер-су, қоныс дауларын шешу Ережелерін [7, 17] жүзеге асыру барысында ұрланған малдың орны айыбымен төленіп ауласушы екі жақ бітімге келген. Жер-су дауын шешуде «құдайдың қара жері бәрімізге ортақ деген принципті басшылыққа алған. Қоныс дауларын шешуде ру ақсақалдары, кейін елдің ханы, билері ақылмен, келісімімен шешкен. Оны Жеті Жарғыда халықтың ханы, сұлтаны, пір-әзіреті қастан өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің құны мөлшерінде құн төленсін», - деген көзқарасынан. [7, 23]

Яғни, шығыстың немесе батыс елдеріндегі «қанға қан, жанға - жан» деген қатал принциптен, бас тартып, бітімгершілікке шақырып, ағайын, ел ішін бірлікте ұстауды көздеп кешірім жасай білген. Жеті Жарғының бесінші жарлығында, ата-ананы сыйламаған, тыңдамаған баланың өзін көпшілік көзінше ұялтып, айыбын мойындата отырып, отбасындағы ауыз бірлікке шақырған. Алтыншы тарауда «құда түсіп, құйрық бауыр жескен соң – ақ башалы жесір басқаға кетсе, оған берілген қалың мал жесір иесіне түгел қайтарылып, оның үстіне қалыңсыз қыз немесе бір қыздың қалың малы төленсін», - деген [7, 25] кесімнен ел ішінде «жесір дауын» тудырмау үшін, құдалар арасын жақындастырған, кешірім берген, бірақ шығынның орнын айыбымен қоса төлетіп қинасын қайталамас үшін қолданған бітімгершілік шараларының бір түрі еді. Ал Әл-Тәукенің жетінші жарлығы: «ұрыдан айыр түйеге нар, ашқа – аруана, тайлаққа – атан, тайға – ат, қойға- тана төлетеді. Оның үстіне үш тоғыз айып төлейді», - деп көрсетеді [7, 26]

Бұл деректі А.И.Левшин де қолдайды. [8] «Словестное оскорбление между людьми

равного состояния, по данным некоторых источников, не караются», - деп көрсетсе, айп институтын жан-жақты зерттеушілер.

Өзі теңдес адамдардың өзара сөзге келуі кешірімділікпен қараған. Бұл ойды Гродеков Н.И. дәлелдегендей: «Обида между равными по значению лицами несопряжена никаким айпом, кроме публичного извещения и прощения младшего у старшего», - деп [9, 281] қоғамдағы мүліктік- мүліктін емес қатынастарды казактар бітімгершілік принциптерді басшылыққа ала отырып шешкендігін көреміз. Негізгі мақсаты қайталанбау жағын қарастыру болды. «Всякому разбору тяжбы по казахскому гражданскому праву должно было предшествовать частное соглашение или стремление к примерению», - деп көрсетеді зерттеушілер. [10, 66]

Нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін қамтамасыз ету принципі. Азаматтық құқықтар мен міндеттердің көбісі мүліктік қатынастармен байланысты. Демек, олар белгілі бір дәрежеде материалдық мазмұнға ие. Азаматтық заңға бұл принципті енгізу азаматтық құқықтың өзекті мәселелерінің бірі – құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіруді, ал ол мүмкін болмаған жағдайда келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз ету мәселесін шешуді жүзеге асырады. Ол қазақ қоғамындағы азаматтық қатынасты реттеудегі шарттар жасау барысында жауапкершілікті белгілеу, келтірілген зиянның орнын заттай немесе ақшалай өтеу, айып пұл төлету арқылы қалпына келтірілген. Ол туралы зерттеуші Л.Мейердің еңбегінде: «Что штраф этот называется «айп» подчеркивая, тем самым, видовую принадлежность его к системе штрафа да имущественные преступления, именуемого айпом», - деп көрсетеді [11, 107] Яғни, қандай-да бір келтірілген материалдық шығын, зиянның орын толтыру әдет-ғұрып, шариат заңында да ретімен қарастырылғанын көреміз. Келтірілген зиян, нұқсан міндетті түрде қалпына келтірілуі тиіс.

Азаматтық құқықтарды сот арқылы қорғау принципі. Соттардың қорғауын қамтамасыз ету принципі. Қазақтың әдет-ғұрып құқығы,

шариат заңы адамның, азаматтық құқықтарды бұзылса, оны билер қазылар төрелігімен қамтамасыз етуге кепілдік береді. Сот төрелігі шариат заңы бойынша қарапайым, көптің алдында жүргізіледі. Сот төрелігі алдында бай не кедей, мұсылман не кәпір демей, әрқайсысының құқығы бұзылмайды. Анық, айқын емес істерді билер қабылдамайды. Би, қазы қате үкім шығарса, онда келтірілген зиянды өзі көтереді. Тек қылмыс пен күнә дәлелденгенде ғана жазаға тартылады. Ол үшін жауапкер болған істі өзі мойнына алса, куәлер айғағы бойынша дәлелденуі тиіс. Кейде, істің күрделі де күмән туғызатын кездерінде «ант ішкізеді». Ант ішу дәстүрі өте ауыр әрі жауапкершілігі мол құбылыс. Жазалау көпшіліктің көзінше жүргізіледі. Дүре тек арқаға, иыққа соғылады. Ал, кіндіктен төмен, не басқа ұруға шариат тыйым салады. Екіқабат әйелдер, есі дұрыс еместер, кәмелетке толмағандар жазаланбайды. Екіқабат әйел баласы емшектен шыққаннан соң жазаланады. Билер мен қазылар соты куәлердің айғақ-дәлелдерін мәжбүрлеусіз мұқият тыңдайды. Куәлер айғақтарын өз еркімен айтады. Ол туралы Л.Словохотовтың сирек қорда сақталған еңбектерінде былайша көрсетілген: «Судебная присяга бывает двух родов – доказательная о очистительная. Доказательная присяга, называется киргизами «жан айгактын тазасынан» представляеть истцу право требовать присяги со стороны своего свидетеля, очистительная присяга, называемая «тендсек» есть присяга, со стороны ответчика или его свидетелей», - дейді. [12, 95] Яғни ант-су іші аса жауаптылықты талап еткен. Бірақ адал билердің әділдігіне сенген халық бар шындықты көптің көзінше айтып, дәлелдеуге тырысқан. Сондықтан зерттеулерде оны былайша бағалаған: «Народное судопроизводство киргиз гласно, публично, несложно, непродолжительно. Долгими годами своей жизни народ выработал своеобразную, но вполне ему понятную структуру судебных процессов», - деп көрсетеді. [12, 83] Азаматтық құқықтарды сот арқылы қорғау принципі жеке меншікті қорғау мемлекетпен және меншік иесінің

өзін-өзі қорғауы арқылы азаматтың құқығына жасалған қиянатты өз күшімен жеңуі деуге болады. Бұл өзін-өзі қорғау, не мүлікті, немесе қаржыға қатысты төлемді ұстап қалу, сондай-ақ өз бетімен кепілдік құқығын жүзеге асыру түрінде көрінеді. Ұстап қалу құқығы деп меншік иесінің бөтеннің затын иесіне өзінің алдындағы міндеттемесін орындамайынша бермей, ұстай тұруын айтады. Яғни, меншік иесіне тиесілі мүлік иесіне ешбір даусыз қайтарылуға тиіс. Ол туралы «Бедный киргиз брал например, у богатого родича лошадь на осуду. Лошадь худела от тяжелой работы. Не имея возможности возратить ее хозяину в том же виде и состоянии в каком она ему была предоставлена, бедняк обязан придать «майлык» т.е.плату «за жир или спавшее тело лошади»», - деп несиеге берген заттың иесіне қандай жолман болса да қайтарылуы қажет екендігін көрсетеді. [12, 121] Сондай-ақ, адамның ар-ожданы, атағына, беделіне, қадір-қасиетіне келтірілген зиян әр түрлі көлемдегі айыппен өтелген. Ал зиян адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген жағдайда билер сотының шешімімен күн төленген. [7]

Міне, біздің байқағанымыздай, қазақ әдет-ғұрып құқығы, хандық дәуірдегі заңдар, шариат заңдарының азаматтық қатынастардағы негізгі принциптері:

- азаматтық қатынасқа қатысушылардың теңдігі, еркіндігі, бостандығы;
- меншік, басқа да заттық құқыққа қол сұқпаушылық;
- шарт еркіндігін сақтау;
- міндеттемені нақты түрде дәл орындау принциптері;
- нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін қамтамасыз ету принципі;
- бітімгершілік принципі;
- азаматтық құқықтарды сот арқылы қорғау принципі, яғни сот қорғауын қамтамасыз ету принциптерін басшылыққа ала отырып құран қағидалары да оны қолдайтындығын былайша қорытындылауға болады:

- 1) Заң тек әділдікке құрылып, оны жүзеге асырушылар әділ шешім шығарулары керек.
- 2) Өкімет және мемлекет адам құқығын, бостандығын, өмірін, жеке меншігін қорғауға міндетті.
- 3) Өкімет адамға аса қажетті нәрселермен (киім, тамақ, үй, т.б.) қамтамасыз етуі тиіс.
- 4) Адам өмірі, денсаулығы, ар-ождан, еркіндігіне кепілдіктер берілуі шарт.
- 5) Мәміле, міндеттемелер нақты орындалуы қажет.
- 6) Дау-талас бола қалғанда істі әділдікпен шешу арқылы қоғамдағы азаматтық қатынастың түрі мен мазмұнына қарай шешім қабылдау көзделгендігін көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Басин Ю.Г.* Принципы гражданского законодательства РК // Гр.Кодекс РК - Толкование и комментарирование. Общая часть: Выпуск 1, Алматы, 1996,

2. *Сапарғалиев Ф.С., Фаббасұлы Ф.* Қазақ көшпелі қоғамының әдет-заңдарының бастауы туралы// Мемлекет және құқық журналы. -2001. № 1.
3. *ҚР Азаматтық Кодексі.* 2007ж.
4. *Төлеуғалиев Ф.* ҚР азаматтық құқығы. 1 том. Алматы. 2001ж.
5. *Бердібаева Ә.* Ертедегі құқықтық қалыптар. Заң газеті № 25. 16 ақпан 2007ж.
6. *Қазақстан Республикасының Конституциясы.* Алматы. 1995ж.
7. *Өсеров Н.* «Жеті жарғы». Алматы. 1995ж.
8. *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. / Под ред. М.К. Козыбаева. Алматы. 1996г.
9. *Гродеков Н.И.* «Киргизы и каракиргизы Сырь-Дарьинской области» Ташкент. 1889г.
10. *ГП РК. (часть 1.)* Учебное пособие. Том 1. Алматы: Ғылым, 1998.
11. *Мейер Д.И.* «Русское гражданское право». С.-Петербург. 1902г.
12. *Словохотов Л.А.* «Труды Оренбургской ученой архивной комиссии». Оренбург. 1905г.

ПРИНЦИПЫ НОРМ ГРАЖДАНСКОГО ПРАВА

Джигитова Раушан Нурбулатовна

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

Принципы гражданского права являются первостепенной нормой и их использование считается обязательной. В статье дается обоснование, что принципы гражданского права занимали важную роль в регулировании гражданских отношений в казахской общности. Показывается, что основной целью являлась защита прав человека и сохранность его свободы.

Ключевые слова: нормы гражданского права, принципы, гражданско-правовое регулирование, гражданские отношения, казахские традиции, законы времен Ханства, законы шарията.

PRINCIPLES OF CIVIL LAW

Dzhigitova Raushan Nurbulatovna

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

Principles of civil law are paramount norm and they should be certainly used. The article describes that the principles of civil law take an important role in the regulation of civil relations in the Kazakh community. There is shown that the main purpose is to protect human rights and liberty.

Keywords: civil law, the principles of civil law regulation, civil relations, Kazakh traditions, laws times Khanate Sharia law.

ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚТАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ

Еңсепаев Асланбек Болатұлы – «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты,
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе, 030006, Әйтеке би, 52

Қоғамдағы азаматтық қатынасты жүзеге асырушы тұлғалар – субъектілермен қатар сол субъектілердің әрекетіне негіз болатын объектілер де болған. Сондықтан меншік көшпелі өмірдің жинақталған бейнесі, негізі ретіндегі объекті болып саналған. Мақалада қазақ қоғамының тарихи даму эволюциясының ерекшеліктері, ондағы азаматтық қатынастардың даму, кемелдену жолы көрсетіледі.

Кілт сөздер: дәстүрлі құқық, азаматтық құқықтық қатынастар, меншік құқығы, азаматтық қатынас объектілері, құқықтық нормалар.

Ежелден-ақ, қоғамдағы азаматтық қатынасты жүзеге асырушы тұлғалар – субъектілер мен қатар сол субъектілердің әрекетіне негіз болатын объектілер де болған. Ол қазақ қоғамында жер, дүние – мүлік, мал мен байланысты болды. Яғни меншік ұғымының маңызы зор екендігін ежелден-ақ ескерген. Ол туралы зерттеулердегі түркі әдет-заңдарындағы ерекшеліктер: «Меншік құқы заңның қорғауында болады. Жылқы және керекті саймандарға қол сұғуға болмайтын, жеке мүлік, бұлар жазасы қатал заңдармен қорғалады», - деп көрсетеді. [1,4 б.] Яғни меншік қатынасының кең өріс алуы оны қорғайтын заңдар шығаруға әкеп тірейтіндей күшке ие болып, ол заңдарды халық мойындап орындататын дәрежеге жеткізген. Ежелгі үйсін тайпалардың өзінде меншік көшпелілердің дала өміріндегі мәңгілік мүдде деп қаралған меншікке мекен етіп отырған жері, ата-баба моласы жатқан жер, су-құдық көздері, жайылымы, малы жатқызылған. Бұл объектілерді қорғау жолында жеке отбасынан ел билігіне дейінгі әлеуметтік өзгерісті тудыратын тетік ретінде қарап, одан туған түсініспестік, өзгеріс және зиян, берісі- рулар арасында дау-дамай тудыратын, ушыққанда ұлыстарды дауластыратын күшке айналған. Сондықтан меншік көшпелі өмірдің жинақталған бейнесі, негізі ретіндегі объекті болып саналған.

Ғұндарда: «ауылдың өрісі, рудың қонысы болуы, жайылым, пішен, суаттардың түгелімен иеліктерге кіруі, оның «әкеден балаға» мәртебе болып мұраға қалуы, ғұндарда меншік институтының жақсы орныққандығын дәлелдейді», - деп [1, 21 б.]

көрсете отырып сол меншік объектілерін көздің қарашығындай қорғайтын, азаматтық қатынастарды реттеуші заңдарда шығарылған. Сол замандардан бері азаматтық қатынастың, негізгі объектісі болған, тіршілік көзі жер, су көздері туралы Майқы бидің «Жеті Жарғысының» үшінші бабында: «жер иелігі мен жер бөлісі туралы: «Кім бұрын иеленіп, еңбек етсе, жер соныкі болады. Жердің шөбі, суы, қыс пен жаздағы қолайлы – қолайсыздығына қарай жер бағасын белгілеп, жер ақысын тұрақты төлеу керек. Ал, жер шекаралары ұлы таулар қыраты, үлкен өзендер арқылы, немесе жердің өзге көрнекті бедерлері тәрзді жұртқа анық жерлермен белгіленуі шарт», - деп жерді, оған орналасқа өзге де объектілерді иемдену, пайдалану туралы айтылған». [2, 103 б.] «Жеті Жарғысының» жетінші бабында «Мал құны туралы заң» ережелері кірген, яғни малды азаматтық қатынас объектісі ретінде қараған. Бірақ ежелгі тайпалар заңдарында, кейінгі кодекстелген заң ережелерінде мүлікті жылжитын, жылжымайтын деп бөлінгендігі кездеспейді. Оған көшпелі өмірдегі тұрмыс-тіршілік себеп болуы мүмкін қыстақтағы қоныс кейін феодалдық қоғамдық құрылыстың кең өріс алған тұсында пайда болды. Сол Майқы бидің тұсындағы заңдардың өзінде қоғамдық қатынастың объектісі күнделікті өмірде қолданыстағы сол заман тіршілігіне сай есептеліп, бағаланған. Оған дәлел ретінде: «Аңға салатын итті, құсты (бүркітті) өлтірген адамнан олардың иесі бір құл немесе бір күң беруді талап ете алады», - деген. [2, 109 б.] Яғни, азаматтық қатынас объектісі жаны бар

дүниеде болатындығын көреміз. Сол Майқы биден Тәуке хан дәуіріне дейінгі ұзақ мерзімді қамтитын уақыт безбенінің алшақтығына қарамастан аталған екі заң ережелерінде дәстүрлі көшпелі қоғамға тән құқықтық үйлесімдіктер көптеп ұшырасады. Онда сол өмір сүріп отырған заманның ауанына қарай кейбір баптары толықтырылып өзгергені болмаса, мән-мағынасы жағынан одан сайын кемелденіп, дами түскендігін көреміз. Қазақстанға Ислам діні тараған дәуірден бергі кезеңде хатқа түскен шариат заңдарының алар орны ерекше. Соның ішінде сопылық дінді уағыздаған Қожа Ахмет Йассауидің ілімін марапаттаған әйгілі қолбасшы Ақсақ Темірдің бұйрығымен салынған осы аттас ғимаратты пайдаланудың құқықтық ерекшеліктерін және келешекте мұрагерлік жолмен иемденудің тәртібін заңдастырып, бекітіп берген қолхатында бұл ғимараттың болашағы туралы: «Ешқашанда, қандай болған жағдайда да сатуға, жеке меншік секілді ұрпақтан ұрпаққа қалдыруға, қандай да болмасын сылтаумен бәз біреуге сый ретінде, уақытша немесе түбегейлі беруге болмайтынын қатты ескерткен», - деп көрсетеді зерттеулерде. [2, 128 б.] Яғни халықтың иемденуіне берілген кейбір объектілерінің қазақ қоғамында ерекше орын алатындығын көреміз. Соның ішінде «Жеті Жарғы» заңының бір үлкен бөлшегі ел қонысы жер болса, ол қазақ қоғамындағы әрбір рудың көшіп қонатын қыстауы мен жайлауы, суы, малы, жайылымы болғандығын білеміз. Міне осы қоғамдағы қатар өмір сүріп отырған рулар арасындағы азаматтық қатынастарды реттеуде: ««Жеті-Жарғы» нормалары осыларды тежеп, рулар арасындағы дауды бәсеңдетуге арналған. Қоныс дауы, жер дауының реттелуі көшпелі рулар үшін ғана емес, отырықшы жартылай отырықшы қауымдар үшін де қажет болды», - деп көрсете [3, 127 б.] отырып ғалымдар сол мекендеген жер, жайлаған қоныс, пайдаланған су, көздерін негізгі объект ретінде қарап бағалағанын көреміз. Сол объектілерді ретті пайдалану, иемдену, оған билік етуден туындайтын құқықтық жағдай сипатталады. Тәуке хан тұсында қабылданған

«Жеті Жарғы» заңында жер-су, жайлау, қыстау, көшу-қонуға байланысты күрделі дау-жанжалдарды шешуде ұстанатын белгілі заң жол-жобалары болғандығы туралы зерттеуші ғалымдар еңбегінде: «Жер – су, жайылым, ата-қоныс мекеніне иелік ету үшін, талапкерге қойылатын салт-сана заңдарының түрлі шартты сұрақтары мен қажетті белгілері баршылық, онда: даулы жердің талапкердің пайдасына шешілуі үшін төрелік биді қанағаттандырырлықтай, төменде аталған анықтамалардың негіздерінің болуы шарт. Ата-бабасының салынған қабірі, қойылған құлпы тасы, қазылған арық, егілген егіннің орны, құрылған шығырдың орны, қыршылған қырманның ізі, соғылған бөгет, қазылған құдықтың орны малдың қысқа көңі, қойдың күзгі түнегі, тұрғызылған қарақшы, үйілген омақа белгі, тігілген ағаш, егілген бақша, салынған там, соғылған азбар қора, салынған шеген, қазылған ошақтың орны т.б. Осы аталған белгі мұралардың қайсы бірі болса да, талапкердің әкесінің иә болмаса бабасының, яки туысқан-туғанының біреуінің еңбегімен істелініп, бір кездерде оның қоныстанып, мекен еткені анықталса ол жерді даулап, талап етуші кейінгі иеленушіден сөзсіз қайтарып алған», - деп көрсетеді. [3, 128 б.] Осы жерден алып кете алмайтын ғимарат, қора-жай салынған құрылыс қазіргі азаматтық қатынас ұғымындағы (жылжымайтын мүлік ретінде) құны бейтарап үш кісінің кесімі бойынша істі төлеуші талапкерге төлеткен. Ал даулы жерге біле тұра әдейі істелінген нәрсе үшін ешнәрсе де төлемеген. Егер бір жерге дауласушылардың куә-айғақтары тең болса, бірақ бұрын кім мекендегені анықталмай күмәнді болса: «әдет-ғұрып заңы бойынша, билік айтушылар бұрын дауласушының антына салады. Ант алған екінші жағы жерден шығып қалады. Егер бірінші талапкер ант беруден бас тартса, онда жерден айырылады», - деп көрсетеді белгілі заңгер ғалымдардың зерттеулерінде. [3, 128 б.] Яғни ант таласты дауларды шешуде үлкен рөл атқарған және «Жеті Жарғы» заңы бойынша ант алып, ант беру көпшілік жағдайларда ердің құны, жер дауы, жесір дауы, сияқты күрделі мәселелерді шешуді қолданылатын дәстүрлі заң болып

есептелген. Жер қазақ қоғамында аса қымбатты, қасиетті, ешбір теңдесі жоқ табиғи бейне ретінде бағаланған. Жердің құнды объект ретінде танылуы туралы белгілі заңгер ғалым З.Ж.Кенжалиев өз зерттеулерінде: «Жер – Отан, - Ана, жер – ата-бабадан қалған мұра, мирас, жер – аруақтар мекені ретінде халық үшін ең басты рухани құндылықтардың бірі болды, ол – құдірет, қасиет деп танылды», - деп отырып, [4, 103 б.] зерттеуші ғалым еңбегінде көрсеткендей «Қазақ қоғамында жер қоныс ретінде және көші-қон объектісі ретінде ғана құқықтық қатынастардың айналымына түседі», - деп көрсетеді. [4, 105 б.] Яғни, қазіргі кездегі жерді сату, сыйлау, айырбастау жоқ болған. Көшпелілердің жер қатынасын реттейтін құқықтық нормаларының сырын ашар тағы бір бастауы «Құдайдың қара жері» деген ұғымнан жердің иесі сол жерді мекендеп отырған халық. Оны ешбір билеуші өз билігіне алып иемденуге, жол берілмегендігін көрсетеді. Халықтың жерді иемденуі, пайдаланудағы еркіндігін көрсететін және қорғайтын заң ол өзара келісім, бірлік деп есептеген және қазақтың әдет-ғұрып заңдарында жер-қоныс мәселесін анықтау негізінен ұжымдық сипат алғанын көреміз. Себебі жайлайтын қоныс-мекен, ішетін су көздері бірігіп иемденіп пайдалануға құқылы болған. Бірақ сол жер – қонысқа жеке меншік, яғни феодалдық меншік болды ма деген мәселеде көтеріледі. [4, 109 б.] Қазақтарда жерді объект ретінде пайдалануды жер қатынастары негізінде қоғамның басты кәсібі – көшпелі мал шаруашылығына тиімді жағдай жасау, оның дағдарысқа ұшырамайтын жолдарын қарастыру болды. Ол үшін әрбір рудың тұрақты көшіп-қонатын, орналасатын жыл мезгіліне сай жермен қамтамасыз етіліп отырды. Ал азаматтық қатынаста айналымға түсетін, алым-берім, сауда-саттық, айырбас, қалың мал беруде, жалдауға беру, енші беру, жиен құрық өзге де азаматтық айналымда жүретін төрт түлік мал: түйе, жылқы, қара мал және ұсақ мал ретінде қой мен ешкіні де ұстаған. Қазақ даласын зерттеуші А.И.Левшиннің еңбегінде осы төрт түлік малдың қазақ қоғамындағы азаматтық

қатынасты реттеудегі негізгі объект ретінде рөліне ерекше тоқталып, ерекше жоғары бағалағандығын көреміз. «Стада овец изумляют здесь многочисленностью своею. Едва ли есть где-нибудь в мире такая страна, в которой бы видно было и более. Богатейшие из киргизов имеют оных тсящ по двадцати», - деп көрсете отырып, қойдың пайдасы туралы: «выгоды, получаемые киргизом от овцы, чрезвычайно важны: он питается мясом ее, он укрывается от холода шубою, выделенного из ее кожи, покрывает жилища свое войлоками из ее шерсти, получает от нее молоко и любимый свой курт. Овцы служат ему для определения цены вещам вместо денег, и наконец, она же составляет главнейший предмет торговли его со всеми соседними народами и едва ли не главнейшую цель их связи с ним», - деп өте жоғары бағалағандығын көріп отырмыз. [5, 375 б.] Қой өнімінің күнделікті тіршілік үшін аса қажетті заттарды беруі қой жүнінен басқан киізден киіз үй тігіп, киіздің төрге жаю етіп жайса, терісі киім, аяқ киім, еті ас ретінде қолданылғандығын сипаттап беріп отыр. Ең бастысы қой ұсақ мал ретінде саудаға, айырбасқа өте ыңғайлы, тиімді болды. Себебі, қазақ даласында ақша жоқтың қасында болатын, тек Ресей империясының боданы ретінде құрамына енген қазақ жерлерінде енді империя ақшасы еніп – еркін қолданылды. Ол туралы: «На монету и ассигнации позволяется покупка у киргизов их изделия и произведения без всякого стеснения», - деп айырбас пен сауданың қазақ даласында еркін жүргендігін дәлелдейді. [5, 416 б.] Міне осылайша көшпелі қазақ қоғамының байлық көзі, дәулеті төрт түлік малдың әрқайсысы азаматтық қатынасқа түсетін объект ретінде қаралды. Түйенің етін жеп, сүтін ішіп, өзін күш құралы етіп пайдалану тіпті жалдауға болатындығын көреміз. Ол туралы зерттеу еңбектерінде былайша көрсетеді: «Верблюды нанимаются для провода товаров из одного места в другое. Правоз товаров производится караванами, поэтому в каждом караване должны начальники или караванбаши», - деп көрсетеді. [6, 292 б.] «Түйені құн төлеуге де қолданған. Ер адамның құны 75 түйе де, ал

әйелдердің құны – 38 түйе деп тең бекітеді», - деп көрсетеді зерттеу еңбектерде. [7, 192 б.]

Ал жылқы малы көшпелі қазақ қоғамының негізгі арқа сүйер байлығы деп қарасада болады. Себебі жылқыны мінсе көлік, жексе жүк тасуға пайдаланып, еті мен сүті әрі тамақ, әрі ем боларлық қасиетке ие қадірлі, әрі құнды мал деп бағаланған. Жылқы малы азаматтық айналымда кеңінен қолданылған объект. Себебі жылқымен қалың мал өтелді, айп өтелді, құн төленген. Мінсең көлік, ішсең сусын, жесең тамақ, біреуге берсең байлық, дәулет деп қараған.

Қара малдың қазақ даласында таралуы туралы А.И.Левшиннің еңбегінде: «Сто лет назад киргизские орды, как говорят, совсем не имели рогатого скота; но после развели его от каракалпаков и отбили стада оногo у проходивших через земли их в 1741 году из России в Зюнгарию торгоутов», - деп көрсетеді. [5, 374 б.] Бірақ ірі қара малды сүтін сауып тамақ етсе, кейін ол «қалың мал» орнына да жүргендейтін деректерде: «Қыз алғанда байлар жүз ірі қара, орта дәулетті адамдар жетпіс қара, кедей – кепшіктер (бір де қарасы жоқ) қырық-елу береді. Мұның мөлшері отыз қарадан төмен болмасын, қыздың ата-анасына қалың (атастыру сайын) беріп алған ұнасымды», - деп көрсетеді. [8, 143 б.] Бұл енді Ресеймен сауда – саттық байланыстың күшейген уақытында ірі қара мал осындай құнға ие болғандығын көріп отырмыз. Негізгі ірі қара мал бағуы қиын, күтімді қажет ететін, өнімі аз мал болғандықтан ол сауда, айырбаста қолданылмаған. Бірақ құн төлеуге қолданыс алғандығы туралы: «Ал егер әйелді өлтіретін болса, сол өлтірілген әйелдің ата-анасына бұрыннан беріп алған қалың малының қосымша құны сүйек ақысы ретінде де бір жүз қара қосып төлеуі керек», - деп [7, 143 б.] ірі қара мал құн төлеуге қосылғандығын көрсетеді.

XX ғасырдың екінші жартысында жағдай өзгеріп Қазақстанға Ресейден қоныстанушылардың ағылып келуі, Қазақстанға Ресейдің ішкі отарына айналуы жер тапшылығына әкеліп соқты. Енді қыстаулық жерлер бұрыннан пайдаланып келген жол-жораға сәйкес бөлініп әрбір

отбасына берілді. Бұл жеке меншіктің орнауы еді. Ол туралы зерттеу еңбектерде: «Зимовки и близ лежащие сенокосы составляют частную собственность отдельных семейств, равно как и находящиеся на них колодцев и леса», - деп көрсетеді XIX ғасырдың аяғында елде болған патша шенеуінігі. [7] Енді амалсыздан отырықшылыққа көшкен жерлерде қыстауларды жалдауға, кепілдікке беру етек алғандығы туралы: «Самые употребительные имущественные договоры киргизов сводятся по отношению к недвижимости и отдаче в аренде зимовых мест и пашень», - деп біздің ойымызды дәлелдей түскендей. [7, 270 б.] «Қыстаулық жерлердің жалға кепілдікке берілуіне байланысты осылардан туындайтын қарым-қатынастарды реттелетін жаңа әдет-ғұрып нормалары ел арасында пайда бола бастайды. Олар жол және кепілдік жайлы келісімдердің шарттарын және тәртібін, екі жақтың жауапкершіліктерін анықтап, бекітуге бағытталған еді», - деп [4, 113 б.] қазақ қоғамындағы азаматтық қатынас аясының кеңейгендігін көрсетеді. Кепілге, жалға алынған заттарға белгілі бір жауапкершіліктер жүктелді. Қазақ қоғамында кепілге зат беру, аманатқа зат қалдыру немесе бір жерге жеткізуді сұрақ ертеден-ақ болған, бірақ ел үшін ақы төлемеген, бірақ аса жауапкершілікпен аброймен сақтауды ойлап, «аманатқа қиянат жоқ» деген мақал сол кезден қалса керек. Ал ол Ресейге қосылып өзара аралас күшейген уақытта басқаша сипат алып, адамгершіліктен, қайырымдылықтан гөрі заңдық сипат ала бастағандығын мына бір деректерден көреміз: «В случае неисполнения контрагента условия, заложенная зимовка переходит во владение кредитора, который пользуется ею до выкупа должником. Если однако должник в течении 10 лет не выкупит зимовки, то она переходит в собственность кредитора»- деп [7, 270 б.] Ресей заңдарының әдет-ғұрып заңдарына ықпалы тиіп, басымдық көрсете бастағанын көреміз. Әрине қазақ даласында, ежелден қалыптасқан, салт-дәстүрге енген әдет ретінде «уәдеге опа ету» сөзге тұру, алдау-арбау сияқты жағымсыз қылықтарға жиеркене қарайтын қарапайым

халық байлықты еш уақытта өз арынан, намысынан, ұятынан жоғары құндылық деп санамаған. Өзінің артық затын ағайын арасында бөлісе білген халық малын сауынға, жылқысын мінуге ал жерді туысқандық қатынас деңгейінде, олардың қоғамдағы орнына байланысты пайдалануға беріп отырған. Осындай сенімге ие болған ағайын туыс сенімнің парқын дұрыс түсініп, жалға алған малын, пайдаланған жерін шамасы келгенше еңбегімен немесе өте төмен бағамен өтеген, кейде «Алладан қайтсын» деп ақы – пұл алмағанын білеміз. Ал Ресейдің қазақтар жерін иемденіп түрлі реформалар жасауы нәтижесінде өз билігін нық орнатуы, қазақтың әдет заңдарын бірте-бірте ысырып капиталистік қатынастың белгілерін азаматтық қатынасқа кеңінен енгізе берді. Әуел баста қазақтардың жер қатынастарын реттеуге бағытталған заңдарын қолдағандай болғанымен, кейін өз бақылауларына ала бастайды, солармен бірігіп реттеушілік қызмет атқарды да кейін империялық заңдар әдет-ғұрып жарғыларына сүйене отырып көшпелілердің жер қатынастарын өздері реттеуге көше бастайды. Оларға жол-жөнекей түзетулер, толықтырулар, жөндеулер енгізу арқылы оларды ысырып тастауға әрекеттер жасағандығын зерттеу еңбектерден көреміз. [4]

Қазақ қоғамында жиі кездесетін зерттеу еңбектерде бірде жоғары бағаланып, Кеңестік дәуірде біршама сынға түскен азаматтық қатынаста тарих саханасынан сол Кеңестік заңдардың күшімен ысырылған азаматтық қатынас объектісінің бірі – қалың мал болды. Қалың мал беруді сол қоғамның тарихи құнын түсініп бағалай берілетін ғалымдардың айтуы бойынша «қалың мал беру тек неке қию үшін ғана емес, сонымен бірге сол арқылы туыстық қатынасты нығайту, рулар арасындағы ынтымақтастықты бір-біріне қол үшін беру, көмек көрсетудің дәнекері есебінде қаралды, ол сонымен бірге әр түрлі рулардың туыстық қатынастарын жақындататын нысан болып табылады», - деп ғалым [4, 129-130 бб.] шын мәніндегі жоғары бағасын беріп отыр. Себебі қазақ құдандалы жекжаты мен құйрық – бауыр жеп құдаласып, қалын мал беріп қыз

- в четвертую очередь право на наследование по закону получают другие родственники наследодателя до шестой степени родства включительно;

- пятую очередь право на наследование по закону получают в равных долях сводные братья и сестры, отчим и мачеха, если они совместно проживали с наследодателем одной семьей не менее десяти лет;

- в шестую очередь право на наследование по закону получают в равных долях нетрудоспособные иждивенцы наследодателя.

Если наследник по закону умер до открытия наследства, то его доля в открывшемся наследстве переходит по праву представления к его потомкам. Доля умершего наследника делится поровну между потомками, находящимися с представляемым наследником по закону в одинаковой степени родства.

Нетрудоспособные лица, находящиеся на иждивении наследодателя «призываемые к наследованию на основании настоящей

статьи, при наличии других наследников по закону наследуют не более одной четвертой части наследства».

Право на обязательную долю в наследстве закреплено следующим образом: «Несовершеннолетние или нетрудоспособные дети наследодателя, а также его нетрудоспособные супруг и родители наследуют, независимо от содержания завещания, не менее половины доли, которая причиталась бы каждому из них при наследовании по закону (обязательная доля)».

Относительно прав супругов при получении наследства:

«1. Принадлежащее супругу в силу завещания или закона право наследования не затрагивает других его имущественных прав, связанных с состоянием в браке с наследодателем, в том числе права собственности на часть имущества, совместно нажитого в браке. 2. По решению суда супруг может быть устранен от наследования по закону, если будет доказано, что брак с наследодателем фактически прекратился до открытия наследства, и супруги в течение не менее чем пяти лет до открытия наследства проживали раздельно».

Одна из проблем, на которую следует обратить внимание, это ситуация, когда при смерти одного из родителей второй из супругов вступает в другой брак и полностью распоряжается оставшимся имуществом, вследствие чего дети, рожденные от первого брака, зачастую ущемлены как в моральном, так и в материальном плане. В этой связи, считаем, что детям от предыдущего брака, которые намерены создать собственные семьи, следует отдать причитающуюся им долю наследства по закону, а если ребенок еще не достиг совершеннолетнего возраста, определить, с кем он будет жить, и в законном порядке передать его долю в наследстве данному лицу и определить ответственность этого лица, связанную с выполнением возложенных на него обязательств. Далее, в пункте 2 статьи 1070 сказано, что по решению суда супруг может быть устранен от наследования по закону,

если будет доказано, что брак с наследодателем фактически прекратился до открытия наследства, и супруги в течение не менее чем пяти лет до открытия наследства проживали раздельно. Возникает вопрос, а разве разведенные супруги не делят свое имущество непосредственно во время расторжения брака? Во-вторых, в случае раздельного проживания в течение пяти лет, каждый уже ведет свое отдельное хозяйство, поэтому спрашивается, почему наследодатель должен оставлять какое-либо имущество за «постороннее» лицо, проживающее отдельно. По этой причине понятие «может быть устранен» целесообразно заменить на понятие «устраняется».

Считаем необходимым пересмотреть недоработки в нормах действующего Гражданского кодекса по вопросу прав супругов при получении наследства и внести соответствующие дополнения.

Если в статье 1078 ГК указано, что «наследники, в течение года до открытия наследства проживавшие совместно с наследодателем, имеют преимущественное право на наследование жилища, а также домашней утвари и предметов домашнего обихода», то в пункте 2 этой же статье дополняется: «Наследники, обладавшие вместе с наследодателем правом общей собственности на имущество, имеют преимущественное право наследования имущества, находившегося в общей собственности». Нами видится, что в данной ситуации более целесообразен пункт 2 данной статьи. Не секрет, что случаи появления неизвестно откуда «заботливых» и «любящих» лиц, прилагающих все свои силы, чтобы совместно проживать с потенциальным наследодателем, стали обыденным явлением. А последствия «заботы» таких лиц дают о себе знать при разделе наследства. Поэтому будет необходимым выяснить соразмерность преимущественного права с личными заслугами по уходу за наследодателем.

Одна из проблем, возникающих в области наследования касается фермерских хозяйств. Заслуживает внимания вопрос о том, какой будет денежная компенсация,

соразмерно доли в общей собственности на это имущество. Подобные ситуации встречаются довольно редко, однако в случае отсутствия по завещанию, а также наследников по закону, отказа от наследства, бесхозная доля переходит в местную коммунальную собственность. Постановка на учет, хранение, оценка, продажа оставшегося без хозяина имущества осуществляется уполномоченным органом управления коммунальной собственности, а правила продажи устанавливаются Правительством Республики Казахстан, то есть имущество переходит в государственную собственность. Такая практика была довольно частым явлением после установления советской власти вплоть до 14 марта 1945 года, когда был издан указ «О наследовании по закону и завещанию».

В Республике Казахстан признаются, уважаются и охраняются права граждан республики, пребывающих за границей, если это не противоречит действующему законодательству.

Относительно решения вопроса наследования, связанного со смертью наследодателя за рубежом, когда наследник покойного проживает в Казахстане, в законодательстве закреплено следующее: «Наследование с иностранным элементом будет определяться правом, подлежащим применению либо в силу коллизионных норм внутреннего законодательства того или иного государства, либо в силу правил международного соглашения», что говорит о том, что вопрос будет решаться в соответствии с соглашениями, заключенными между Казахстаном и другими странами. Что касается наследственного права иностранных граждан, то оно будет рассматриваться в соответствии с внутренними законами Казахстана и международными договорами.

Отличие данного кодекса от брачно-семейного законодательства или каких-либо иных законодательных актов выражается в появлении в нем норм, связанных с экономическими преобразованиями, как погашение кредита, особенности раздела наследства в фермерском имуществе и решение вопроса наследования на уровне

международных отношений, и эти нормы применяются ежедневно. Тем не менее, следует отметить, что в рассматриваемом нами разделе начиная с 57 по 61 главу, имеются недоработки в плане разрешения вопроса о наследовании, не учтены некоторые моменты, например, накопления в банке не входят в состав наследства, а это создает определенные трудности и дает пищу для размышления ученым, юристам, рядовым гражданам, наследодателям, кредиторам. В этой связи отмечается, что «... в нормах Гражданского кодекса нет полной ясности в отношении наследования такого вида имущества как вклады в банках». Так, в соответствии со статьей 758 кодекса, «вкладчик-гражданин имеет право указать лиц, которым в случае его смерти должен быть выдан вклад», следовательно, эта норма устанавливает, что данный вклад может быть выдан только лицам, указанным в документе, но не по завещанию, таким образом, нетрудоспособные лица, находящиеся на иждивении умершего, а также кредиторы остаются ни с чем. По этой причине считаем необходимым законодательно закрепить включение вкладов в банках в состав наследства. Поскольку это целесообразно в плане погашения кредита, оставшегося после наследодателя, и решения других вопросов. В этой связи оправдывает себя положение Гражданского кодекса РК о том, что нотариус сам осуществляет охрану и управление наследством.

Таким образом, можно заключить, вопрос о внесении дополнений в части наследования — требование времени. В Конституции РК указано, что наследственное право охраняется законом, но в соответствующем законодательстве страны данный вопрос

далеко не исчерпан. Сегодня мы наследуем имущество, то завтра сами становимся наследодателями. Указанные выше моменты о нравственности, гуманности с учетом национального менталитета, должны занимать не менее важное место в казахстанском законодательстве.

Список использованной литературы:

1. *Жилищный кодекс РК*. 1992 г.
2. *Конституция РК*. 1993 г.
3. *Гражданский кодекс РК (основная часть)*, официальный текст с изменениями и дополнениями на 1.12.1996 г. Алматы, 1997 г.
4. *Закон РК «О жилищных отношениях»*. Алматы, 2000 г.
5. *Конституция РК*. Алматы, 2000 г.
6. *Закон РК «О браке и семье»*. Алматы, 2002 г.
7. *Гражданский кодекс РК (Общая и особенная части)*. Алматы, 2002 г.
8. *О нотариате: сборник нормативных правовых актов*. Алматы, 1999 г.
9. *Данилов Е.Б.* Наследование. Нотариат, Похороны: Комментарий законодательства. Справочные материалы. Адвокатская и судебная практика, образцы документов, 2-изд. Дополненное. М., 2001 г.
10. *Вопросы брака и семьи, рассматриваемые в суде*. Справочник для народных судей. Алматы, 1951 г.
11. *Международное частное право*. Алматы, 1998 г.
12. *Тонкие грани наследования* // Юридическая газета, 23.07.2003 г.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАҒДАЙЫНДА НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТҮРҒЫСЫНАН МҰРАГЕРЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қалимұқан Ринат Қалимұқанұлы

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; ҚР, 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би көш. 52

Мемлекеттің қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік және рухани салалардағы өзгерістері, жетістіктері мен дағдарысты жағдайлары неке-отбасы қатынастарына өзіндік белгілерін қалдырды. Неке және отбасы институтының ішкі қатынастарын реттеу үшін 1999 жылы «Неке және отбасы туралы» Заң қабылданды.

Алайба бұл құжатты дайындау кезінде заң шығарушы ғасырлар бойы қоғамда қалыптасқан ата-бабамыздың салт-дәстүрі, ұлттық менталитетті ескермеген. Ұсынылған мақалада құқықтық жүйені реформалау кезінде ұлттық құқықтық сананы жаңғырту қажеттілігі сөз болады.

Кілт сөздер: мұра, неке, отбасы қатынастары, мұрагерлік мазмұны, мұра құқығы, неке-отбасы заңнамасы.

INHERITANCE FROM THE POSITIONS OF MARRIAGE AND FAMILY IN MODERN CONDITIONS

Kalimukan Rinat Kalimukanovich

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

Changes in social, economic, spiritual life of the country, achievements and moments of crisis have left their mark on marriage and family relations. In order to regulate the internal relations of the Institute of Marriage and Family in 1999, the state adopted the Law "On Marriage and Family". However, the development of this document has not considered centuries ancestral traditions that define the national mentality. This article proves the need of revive traditional legal consciousness in reforming the legal system.

Keywords: inheritance, marriage, family relations, the content of inheritance, marriage and family law.

ЖЕТИМДЕР МЕН АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қуатова Айгүл Әкімқызы - құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе, 030006, Әйтеке би көш., 52

Балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мемлекетіміз ұстанған саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында осы санаттағы балалардың құқықтарын қорғау саласына қажетті нормативтік-құқықтық база жасалынды. Мақалада жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарына қатысты мәселелер қарастырылған.

Кілт сөздер: жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, балалар құқықтары, құқық қорғау, неке және отбасы.

Балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мемлекетіміз ұстанған саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында осы санаттағы балалардың құқықтарын қорғау саласына қажетті нормативтік-құқықтық база жасалынды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әрбір бала отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқылы. Отбасы – қоғамның негізгі бөлшегі болып табылады, адам баласы отбасында ғана ананың аялы алақанын, махаббатын сезінеді, қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады, өз халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін бойына сіңіреді, дүниетанымы мен діни көзқарастары қалыптасады, яғни отбасы адамның белгілі бір қоғам мен өркениеттің бір бөлшегі ретінде өмірден өз орнын табуына ықпал етеді. Сондықтан да мемлекет отбасы құндылықтарын нығайтуға, әр баланың отбасында тәрбиелену мүмкіндігін қамтамасыз етуге барынша жағдай жасау қажет. Осы заманғы әлемдік қауымдастықтың дамуы мемлекеттер арасында шекараның ашықтығын, әр түрлі елдердегі адамдардың, ұлт өкілдерінің, этникалық топтардың бір-бірімен еркін қарым-қатынасын қамтамасыз етеді, соның арқасында біздің елімізге деген қызығушылық артуда, соның бірі – халықаралық бала асырап алу мәселесі. Дегенмен, бүгінде республикада жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 205 мекемеде

17486 бала тәрбиеленуде. Оның ішінде денсаулық сақтау жүйесінің 26 балалар үйінде — 2134 бала, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің 19 мүгедек балалар үйінде — 1249 бала, білім беру жүйесінің 160 ұйымында — 14103 бала.

Қазақстан Республикасының “Неке және отбасы туралы” Заңы қабылданған күннен бастап (1998 жылдың желтоқсан айы), 30 мыңнан астам бала асырап алынды. 20 мыңнан астамы – Қазақстан Республикасы азаматтарына, 7 мыңнан астамы – шетелдік азаматтарға, оның ішінде 400-ге жуығы – Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде тұратын шетелдік туыстарына берілді. Қазақстан Республикасы азаматтарына баланы асырап алуда басымдылық беріледі, яғни олар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мәртебесіне ие болғаннан бастап баланы асырап алуға құқығы бар. Халықаралық бала асырап алу баланың отбасында тәрбиелену құқығын қорғау тәсілі ретінде Қазақстанда да дамып келеді. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балаларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын қазақстандық азаматтарға немесе азаматтығына қарамастан балалардың туыстарына тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған жағдайда ғана шетелдіктердің асырап алуына рұқсат етіледі. Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, семинарға қатысушылар соңғы жылдары қазақстандық азаматтардың бала асырап алуы 21,9 пайызға өсіп, халықаралық бала асырап алу 17,1 пайызға азаюы және ата-анасының

камқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау мәселелерінде жағдайдың жақсаруы мемлекетіміздің демографиялық проблемаларын шешудің бір жолы екенін атап өту керек деп есептейді. Ата-анасының камқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды әрі қарай жетілдіру, облыстардың, Астана, Алматы қалалары қорғаншылық және камқоршылық органдарының балалардың құқықтарын қорғау аясындағы заңнамаларды сақтауды бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында республикалық семинар-кеңестің қатысушылары келесі ұсынымдарды қабылдады.[1]

Мемлекеттің негізі жер болса, оның болашағы балалар, жастар деген ұлағатты сөз бар. Бұл шынында да ақиқатты айғақтаған тұжырым. Қазақ елі ежелден бала саны мен тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. Бала болашағына ерекше саясат ұстаған дәуір – Кеңес үкіметі өмір сүрген жылдарға дөп келеді. Большевиктер мемлекеттік билікті қолға алмай тұрып-ақ, өздерінің бағдарламалық құжаттарында балаларды оқыту, мектептен тыс мекемелер ашып, оларды тамақ, киім – кешекпен қамтамасыз етуге баса назар аударған.

Панасыздық – жас ұрпақтың денсаулығын әлсіретіп қана қоймай, дүниетанымына да айықпас жара түсіретін алапат. Ұлы ағартушы А.Байтұрсынов ашына жазғандай, “ұлым дейтін елі болмаса, елім дейтін ұл қайдан шықсын”. Тіпті құран сүрелері мен пайғамбардың хадистерінде балаларға камқорлық жасау барша мұсылман қоғамының парызы екені ескертілген ғой. Кеңестер билеген Қазақстанда панасыз балалар мәселесінің асқынуы мемлекеттің болашағына төнген қатер екенін большевиктер қапысыз түсінді. Осынау әлеуметтік қасіретпен күресудің ұлан-ғайыр тәжірибесі жинақталды. Балалар панасыздығын жою жолында кемшіліктер мен қателіктер аз болған жоқ. Бірақ тұтастай алсақ, Қазақстандағы кеңестік билік осы игі істі оң нәтижеге жеткізді. Панасыз қалған балалар, мемлекеттің камқорлығы арқасында ғана қырылып кетуден аман қалды. Кейінде бұлардың арасынан не бір кәсіби біліктілігі

жоғары жұмысшылар, механизатор мамандар, ғұлама ғалымдар, өнер саңлақтары шыққаны ақиқат. Ұлым деп тебіренген елі парызын қаншалықты абыроймен атқарса, еліне адал ұрпағы оның атақ- мәртебесін сонша асқақтатты.

Өткен ғасырдың 20-30жылдары жинақталған тәжірибе зая кеткен жоқ. Қайта құру мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанда панасыз балалар мәселесі тағы да бас көтерген еді. Міне осы қатердің алдын алу барысында өткен күннің тәжірибесіне жүгінуге тура келді. Мәселенің асқынғандығы соншалықты панасыздықпен күреске елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей араласуына туралы келді. Президенттің жұбайы С.А.Назарбаева халықаралық балалар қоры “Бөбекті” құрса, осыған ұқсас қорлар барлық облыстарда, қалаларда ашылды. Әйткенмен осы дерттің тамыры тереңге кеткен екен. Сондықтан да 2004жылы шілденің 9-күні президентіміз Н.Назарбаев “Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы” Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Түптеп келгенде, аталған заң өткеннің тәжірибесіне негізделген әрі бүгінгі күннің ерекшеліктері мен өзек жарды мәселелерін кешенді айқындай алған. Атаулы заңның бұрын кеңес заманында қабылданғандардан басты айырмашылығы, мұнда жасөспірімдердің қадағалаусыз, панасыз қалуының профилактикасы жөнінде қызмет ұйымдастыру қарастырылған.

Қазіргі заманда дүниежүзінде 2 млрд. астам бала бар. Өкінішке орай, барлық елдерде көптеген балалар отбасынан тыс өмірсүреді. Яғни, панасыздар мен жетімдер-20 ғасырда толық шешімін таппай 21 ғасырға өзімізбен еріп келген әлеуметтік тауқыметіміз. Сондықтан болар, осы мәселе әлемдік деңгейдегі шешілуі күрделілер санатына жатады. Күні бүгінге дейін Азия, Африка, Латын Америкасында жетім және панасыз балалардың саны азаймай отыр. Осы әлеуметтік қасіреттің сан алуан себептерін санамалап жатпай-ақ, бұл мемлекеттер осынау мәселені шешуге қажырлы жұмыс

істеуде екендігін айтсақ болғаны. Панасыздықпен күресудің Қазақстандық тағылымы мен қорытындылары халықаралық мән мағынасы бар құндылық. Сондықтан да осы елдер Қазақстанның осы саладағы тәжірибесіне назар салса, пайдасы аз болмас еді[2].

Барлық құқық түрлері сияқты баланың жеке басына қатысты заңның да ерекше тақырып ретінде қаралуы немесе оның жасөспірім құқығы мен балаға байланысты мекемелерарасы қатынастар тарихы жағынан ортаға жаңа шығып келе жатқан ұғым екені белгілі. Адамзаттың пайда болуынан бастап өткен әр ғасырда қоғамның балаға деген көзқарасы да түрлі өзгерістерге ұшыраған. Сондықтан бала және оның құқығын қорғау сұрақтарын мәдениет пен құқықтың даму сатыларының ішінен зерттеу қажет.

Тарихи қалыптасу барысында балаға деген игі мен оның қорғау ауқымы және түрі де өзгеше бір көрініс табады. Бұл өзгешелік қоршаған ортаның экономикалық, мәдени және қоғамдық құбылыстармен байланысты болған. Бұл себептен қоғамның мақсатына, экономикалық дамуына және мәдени көзқарастың өзгеруіне тепе тең бала құқығы түсінігі де өзгеріп отырған. Әрбір қоғамдық ортам өзіне өзгеше бір балаларын қорғау мәжбүрлігін туғызатын түсінік қалыптастырған.

Бала құқығы белгілі бір құқықтық ұғым ретінде адамзаттың алғашқы дінді қабылдау кезеңінен басталып, балаларға қамқорлық көрсетіле басталған. Бірақ ол қазіргі кезеңдегі жасөспірімдер құқығынан өзгеше және белгілі бір діни ұғымнан аспай қалған.

Жаңа құқық жүйесінде бала құқығы негізгі екі принципке сүйенуде.

Олардың біріншісі: Жасөспірім бір адамзаттың баласы екендігі. Бұл принципке байланысты балаға адам ретінде қажетті қамқорлық пен мейірім көрсету.

Екіншісі: Бірлік принципі. Баланың бір мемлекеттің және қоғамның айрылмас бөлігі ретінде қарау. Бұл екі принципке байланысты қазіргі модерн құқықтық системасы баланы қоғамдық қажеттілік үшін қорғау түрінде дамуда. Бұл себептен бала қоғамдық

қажеттілік үшін қорғауға алынады және мемлекет осы бағытта шығарылған заңнамалармен қамтамасыз етеді. Бала құқығын қоғамдық қажеттілік үшін қорғау десек те, кейбір мемлекеттерде, мәселе Германия, Австрия және Франция сияқты елдерде заңшығарушылар ұлттық заңдарының ішінде бала мен жасөспірімге байланысты бірнеше баптар болғанмен, жүйелі түрде шығарылған заңнамалар жоқ. Ал бұған қарсы Италия, Швейцария және Түркия сияқты мемлекеттер өздерінің ұлттық заңдарында, соның ішінді азаматтық кодекстерінде бала мен жасөспірімнің құқығын толығымен қамтып жазған. Қазақстан Республикасы Бала құқығы жөніндегі заңында да баланың міндеттері белгіленіп, оның құқықтық кепілдігі және баланың денсаулығын қорғау, жеке басының бостандығы мен өмірі, қоғамдағы рөлі, жеке меншік пен білім алу құқығы сияқты негізгі қағидалар белгіленген.

Баланың бағылып қағылуына, дамуына, білім алуына және қоғамдық өмірге қатысу үшін жетілуі кімнің мойнындағы міндет екендігі, бізді отбасы және мемлекет атты құрылыммен бетпе бет қоюда. Бірақ, бұл арада тағы да айта кететін жайт баланың дамуына мемлекетпен отбасының қосатын үлесі бірдей, өйткені олардың мақсаты да ортақ. Сондықтан басқа құқық системаларында сияқты біздің ұлттық құқығымызда, соның ішіндегі ең бастысы Қазақстан Республикасы Конституциясының неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында екендігін 27-ші бабы көрсеткен. Сонымен бірге жоғарыда аталған Атазаңымыздың тиісті бабында балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата ананың етене құқығы әрі мендеті ретінде белгіленген. Бұл арада тағыда қоса кететін болсақ, мемлекет ата анамен бірге балаға қамқорлық қамтамасыз ету мен шетеліп қалмай, олардың міндеттерін керегінше орындау парызын да жүктеуде, әрі қадағалауда.

Еліміздің балалар құқығын қорғау, әрі қарай дамыту үшін және мемлекеттік құқықтық саясатының біртұтастығын қалыптастыру мақсатында Елбасымыздың

жанындағы адам құқығы жөніндегі Комиссия өзінің 2004 жылғы баяндамасында үкіметке ювеналдық юстиция жөнінде заң жобаларын дайындауды ұсынған. Сол ювеналдық юстицияға кіретін системалардың ішіне бала құқығымен айналысатын мемлекеттік құрылымдар мен ювеналдық соттар да көрсетілген.[3].

Белгілі заңгер, ғалым М.С. Нарикбаевтың “Правовая охрана детства в Республике Казахстан” деген монографиясында Қазақстан мемлекетінің балаларды, балалық шақты қорғауының құқықтық-моралдық негіздері туралы айтылған. Бүгінгі таңда қоғамда кең етек алған келеңсіз құбылыс- жасөспірімдер арасындағы заң бұзушылық, қылмыс жасау фактілерінің күрт өсуінің себептеріне терең анализ жасалып, тығырықтан шығу жолдары қарастырылады[4].

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивтің 30 қорында Халық Комиссарлар кеңесінің қарамағындағы Оқу-ағарту, денсаулық сақтау, Әлеуметтік қамсыздандыру, Қаржы комиссариаттарының өз өкілеттігі шеңберінде балалар панасыздығын жоюға бағытталған іс-әрекеттері баяндалған.

81,1692 қорлар-Халық ағарту комиссариатының құжаттық қорында осы ведомство қарамағындағы балалар мекемелері жүйесінің, яғни сәбилер үйі, жетімхана, балалар үйі, мектеп-интернаттар, коммуна қызметі жан-жақты қамтылған. Оқу-ағарту халкомының әр жылдық есебінен жетім балалардың санын, әлеуметтік құрамын, тұрмыстық жағдайын салыстырмалы түрде зерттеуге болады.

Тәуелсіз Қазақстанда 1992 жылы құрылған “Бөбек” қайырымдылық қорының 10жылдық мерейтойына арнап “Сәлем Бөбек” атты арнайы кітап шықты. Онда республикалық балалар қорының жұмысындағы он жыл ішінде жеткен жетістіктер мен қиыншылықтар сөз болады. Облыс, қалалардағы балалар қорының тыныс тіршілігін көрсететін осындай жинақтар шығып тұрса, жергілікті қауым біріншіден, қайырымдылық шараларының нәтижесімен уақытысында

танысып, екіншіден, балалар мекемелерінің күнделікті мәселелеріне құлақ асып, жәрдем берем деушілерге жол ашылар еді. Бұл шара тағдыр теперішін көрген балалар мен салауатты қоғамды жақындастыруға едәуір үлес қосар еді[5].

Отандық баспасөз беттерінде де балалар жетімдігі, панасыздығы мәселесі 90-жылдардың аяғында көтеріле бастады. Бақыт Мырзағалиеваның “Балалары жетім елдің болашағы да жетім”сынды мақаласында тұңғыш рет осы мәселенің бір шетін көрсетеді. Қазақстанда өтпелі кезеңнің - қарлығаштары болған панасыздардың шығу тарихына үңіледі. Жетім бала, тастанды бала деген жағымсыз көріністер бір күнде жойылып кетпейді. Сондықтан бұл сорақы құбылыс мемлекет, қоғам деңгейінде шешілетін нәрсе. Егер азамат соғысынан кейін, 30-жылдардағы ашаршылық салдарынан елде қаптап кеткен қара домалақтарды құтқаруға шамамыз келсе, қазіргі дәрменсіздігіміз елдімізге үлкен сын.

Жоғарыда қарастырылған ғылыми еңбектер мен мақалалар балалар панасыздығы мен жетімдігінің тарихы, қазіргі жағдайы жөнінде біраз мәліметтер бергеніне қарамастан, біздің тақырыбымызды толық аша алмайды. Сондықтан балалар панасыздығының тарихы, бүгінгі замандағы панасыз, жетім балалар мәселесі ғылыми тұрғыдан кешенді зерттелетін уақыт жетті.

Өскелең ұрпағымызды тәрбиелеп, оған заман талабына сай білім беру-кез келген ата-ана алдындағы міндет. Ал, бұл міндеттерді жақсылап жүзеге асыру-құрметті ата-аналар, сіздердің қолдарыңызда.

Бүгінгі бала – елдің болашағы. Келешегін ойлайтын саналы ел ертеңгі күнін бүгіннен жоспарлап, бүгіннен ойластырары хақ. Сондықтан болса керек, дана халқымыз бала тәрбиесіне еш уақытта бей-жай қарамаған. Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ өсіру – отбасылық өмірдің негізгі мақсаттарының бірі.

Сондықтан да жетімдер мен панасыз балаларды әрқашан да, оларға барынша қамқорлық, көмегімізді аямайық ағайын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Неке және отбасы» туралы заңы (2012 ж.)
2. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен

балалардың қадағалауынсыз және панасыз қалуының алдын алу» заңы.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-ші бабы.

4. «Правовая охрана детства в Республике Казахстан».

5. «Сәлем бөбек» (1992ж Қаз-да құрылған кітап).

ПРАВА СИРОТ И ДЕТЕЙ ОСТАВШИХСЯ БЕЗ ПОПЕЧЕНИЯ РОДИТЕЛЕЙ

Куатова Айгуль Акимовна

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

Защита прав детей, в том числе защита прав сирот и детей оставшихся без попечения родителей, защита их интересов является одним из приоритетных направлений государственной политики. На сегодняшний день для защиты детей данной категории в Республике создана необходимая нормативно-правовая база. В статье рассматриваются проблемы, касающиеся прав сирот и детей оставшихся без попечения родителей.

Ключевые слова: сироты, дети оставшиеся без попечения родителей, права детей, охрана прав, брак и семья.

THE RIGHTS OF ORPHANS AND CHILDREN WITHOUT PARENTAL CARE

Kuatova Ajgul Akimovna

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

Protection of children's rights, including the protection of the rights of orphans and children without parental care, protection of their interests are the priorities of the state policy. To protect children of this categories in the Republic was found necessary legal framework. This article considers the problems related to the rights of orphans and children without parental care.

Keywords: orphans, children without parental care, children's rights, the protection of marriage and the family.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Медеуова Махаббат Нұрланқызы – «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты, Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе, 030006, Әйтеке би, 52

Берілген мақалада қазақ қоғамында сауда қатынастарының даму ерекшеліктері талданып, әрбір тарихи кезеңнің оның дамуына енгізген өзгерістері баяндалған. Жәрменкелерде сатылған тауар түрлері және Ырғыз жәрменкесінің ережесі бойынша саудагерлер мен сатып алушылардың азаматтық және еңбек құқықтарының сақталуына қатысты деректер ұсынылған.

Кілт сөздер: сауда қатынастары, сауда-саттық, сауда шарты, жәрменке, саудагер, тауар, сатып алушы.

Қазақ қоғамында сауда - саттық қатынастары айырбастан кейін дамыды. Дәстүрлі әдет құқығы бойынша мүліктің меншік иесі ғана сату керек болды. Дегенмен азаматтық айналымда кейбір жағдайларда мүлікті басқа адамның сатуына рұқсат беретін жағдайларда кездеседі. Ол ең жақын туыстары болса, сенімхат негізінде, бастықтың өкіміне сәйкес. [1]

Әйел адам тек ерінің рұқсатымен ғана сауда жасай алады. Ал рұқсатсыз сатылған зат қайтарылады. Бірақ жесір әйелге ерік берілген. «Вдовъ у киргизов не возбраняется торговать» - деп көрсетеді. [1, 94 б] Сонымен қазақтардың әдет құқығында сатып алу - сату шартының толық құқықты субъектілері ретінде: от ағасы, енші алған ұлдар, енші алмаған, бірақ кәмелетке жеткен ер балалар және жесір әйелдер болса, ал шектеулі құқықпен сауда жасай алатындар: кәмелетке жетпегендер әкесінің рұқсатын алуы қажет және күйеуі бар әйел күйеуінің рұқсатымен ғана сауда жасай алатындығы белгілі болды.

Сауда жасаудың да өзіне тән талабы, рәсімі болғандығы белгілі. Соның ішінде бір-біріне ризалық білдіріп, қол алысудың өзі сатып алу – сату шартының жасалғандығын білдіреді. Сауда шартын жазбаша жасауды онша талап етпеген, қазақтарда ауызша келісімнің өзі жазбашадан кем түспеген, себебі қазақ бір ауыз сөзге, берілген сертке, қабылдаған антқа, айтқан сөзге тұрған халық. Ол туралы: «Письменная форма при купле-продаже хотя и встречается изредко

но обязательной, как корпус сделки не бывает» - деп көрсетеді. [2, 172 б.]

Сауда жасауда куәгерлерде қажет болмаған, дегенмен «если контрагенты не знают друг-друга, то бывают поручители,» - деп көрсетеді зерттеушілер. [1, 126 б.]

Сондай-ақ, екі жақтың саудасын келістіруші базарларда маклерлер болған. [2] Сауда шартынан туындайтын заңды қатынастарға тоқталсақ әдет құқығында ол жауапкершілік жүктеп, келіскен бағаны төлегенге дейін сатып алушы затты беруді талап ете алмайтын болды, ал сатушы мүлікті керек - жарағымен түгелдей беруге міндеттенеді. Сатылған заттың кемшілігі болмауға тиіс, ал егер болған болса ол туралы алдын - ала ескертілуге тиіс, ескертілмей сатылып, кемшіліктері кейін айқындалса онда саудаласқан зат қайтарылуы да мүмкін. Бұл ойымызды зерттеу еңбектерде қолдайды. Ол туралы: «если такие недостатки обнаруживаются впоследствии, то, по требованию покупателя, продажная цена может быть уменьшена, или сделка совершенно уничтожается», - деп [2, 109 б.] көрсетсе, мұндай заңның өзге де халықтардың заңдарына сәйкес қолданылатын әдіс-тәсілдерінің бар екендігін көреміз, яғни: «уменьшение покупкой цены, встречается в римском праве, почти во всех иностранных законодательствах и в обычаях русских крестьян» - деп көрсетеді. [3, 135 б.]

Сауданың бұзылатын жағдайы қазақтарда көбіне малмен байланысты жағдайларда бұзылады және шарттың бұзылуы 2-3 күннен аспауға тиісті болған. Әсіресе сауда-саттықта алдап сатуға, кем

өлшеуге өте жауаптылықпен қараған. Ол туралы: «в случае же обвеса, обмана и обсчитывания, учинитель иного обязан дать присягу в свой невинности, но когда присяги той на срок не достовить, то должен удовлетворить в иск обиженного», - деп [4, 181 б.] көрсетеді. Ал сатылатын малды тандаған кезде сатушы жақ сатып алушыға түгелдей ерік беріп «алсаң өз еркің, алмасаң да өз еркің» деп малды түгел қарауға жағдай жасаса, онда кейін ол малдың кемшілігін даулау заңсыз болып есептелген. Ол туралы «и тем не менее покупатель нашел возможность купить животное, тогда весь риск падает на покупателя, и животное ни в каком случае не подлежит возврату», - деп [1, 128 б.] көрсеткенімен сауданы келістіруші маклер сатып алушыдан малға қоятын кінәсі болса сол бойда айтуын өтінген. Кейін тек көзге айқын көрінетін мал ақсақ, сарық болса, ертеңінен қалдырмай ескертуді талап еткен.

Ал бір зат қатарынан екі адамға сатылса, ол заттың пұлын бірінші төлеп, қол алысқан адам алады. Ал екінші адамға ақша ешбір айыпсыз қайтарылған. Ал сатылып қойған затты қайта басқа адамға сатса бірінші келісіп саудаласқан адам, талап етуге құқылы, ал сөзге тұрмаған саудагер айыбымен қайтарған. Себебі бірінші саудаласқан адамның саудасы заңды деп танылған «признается в силе первый договор, а вторая сделка может получить силу только в том случае, когда первый покупатель выразит согласие на уничтожение договора и получить обратно плату за вещь». [3, 151 б.]

Яғни кім бірінші бағасын төлеп, қол алысса сол затты алған болып есептелген және екі жақта бас тарта алмаған, егер тек сатушы сатып алушыдан белгілі бір суммаға затты қайтаруды келісіммен қайтармаса, яғни қазақ қоғамындағы әдет құқығында сатылған зат қайтарылмағандығын көреміз. [1] Міне осындай талаптарға негізделген сауда қатынастары қазақ даласында ежелден –ақ қалыптасып, көршілес елдермен сауда байланысы күшейе түскен. Ол туралы: «уже в XVI веке русские караваны ходили вверх по Иртышу, а «бухарские» караваны

направлялись через Киргизский край в Европейскую Россию», - деп көрсетеді. [5, 288 с.]

Қазақ даласына орыстардың енуі сауда байланысын күшейтті. Ол үшін 1764 жылдан бастап ақша бөлініп, Орынбор, Торғай шекараларында көпестер үшін мешіттер, керуен сарай салып, жағдай жасалды. Көпестердің керуендерінің қауіпсіздігін өкімет өз бақылауына алып, оларды қорғау үшін қазақтарды жіберді. Петропавол қаласындағы сауда біршама жақсы жүріп, кеден бақылауын да ұйымдастырды, сауданы жақсарту үшін салықты жеңілдетті. 1831 ж. қазақтардан келетін тері, майға салық жеңілдесе, 1835 жылы қазақ даласына жіберілетін астық пен жер өңдейтін құралдарға жеңілдік берілді. [5]

Ал 1845 жылдан бастап көпестер қазақ даласына айырбас сарайларын салып, емін-еркін саудаға кірісті. 1868 ж. реформадан кейін қазақ даласын төрт аймаққа бөлу саудада бүкіл салықтарды жойып, көпестерге көптеген мүмкіндік берді. Өкімшілік басқару реформасы дайындалып жатқан кездің бастап-ақ, қазақ даласын зерттеушілердің бірі В.Доменский «сауда өзіне өзі жол ашады, тек әкімшіліктің сәл жәрдемі керек», - деді. [6, 27с.] Ал «1867 – 1868 жж. реформаны дайындау комиссиясының құжаттарында қазақ даласының сауда ісін дамытуда аса қолайлы екені айтылып, мұнда біздің осы өлкемен және Орта Азиямен саудамыздағы ең маңызды бұйымдардың бірі - мануфактура өнімдерін, орыс саудагерлерінің өздеріне үлкен пайда келтіре отырып, малға айырбастауына немесе ақшаға сатуына мүмкіндігі бар» - деп атап көрсетеді. [7]

Міне осы тұста патша чиновниктерінің көпшілігі қазақтармен өзара тиімді сауда байланыстарын дамытуға жергілікті халық арасында орыстық бағытты күшейтудің және аймақта үкіметтің позициясын нығайтудың аса нәтижелі құралы ретінде қарады.

Осылайша қазақ даласына айырбас, жәрмеңкелік және тұрақты (отырықшы) сауда орындары ашылды. Айырбастаушылар

өз тауарларымен қазақ даласын кезіп тауарын малға, жүнге, мал өнімдеріне айырбастап, оны Троицк, Орынбор, Орск, Петропавлск, Омск базарларына сатып, ол Ресейдің ішкі рыногіне жөнелтілді «Обороты этой торговли можно считать до миллиона рублей в год», - деп көрсетеді. [5]

Сауданың екінші, бір түрі жәрмеңкелерде фабрика өнімдерін мал

өнімдеріне айрбастау еді. Осының ішінде Ақмола облысындағы үш жәрмеңкеге тек Ресей, Түркістан ғана емес Европадан көпестер келген. Ол туралы 1900 ж. Ақмола облысындағы Константиновск, Атбасарда-Петровск және Петропавл уезіндегі Тайшыкөл жәрмеңкелеріндегі сатылған тауарлар туралы мынадай деректер бар:

	Константиновская		Петровская		Таинчульская	
	Привозъ	Сбыть	Привозъ	Сбыть	Приво зъ	Сбыть
	Въ тысячахъ руб.		Въ тысячахъ руб.		Въ тысячахъ рубъ	
Своть.....	1.0.0	727	989, 8	813	679	184,5
Произведения степи (кожа, сало, шерсть и проч.)	352	225,8	285,9	198,7	22,6	20,8
Фабрично-заводские товары		210	224	173,5	157	64
Мануфактурные.....	370	26	12	7,9	8,9	2,7
Металлическі.....	73,5	14	24	17,6	9,8	3,4
Кожевенные.....	21,5					
Каіатскіе (ковры, предм. вазяня, сушеные плоды и пр.)	80,9	31	33	23,7	72	11,8
	1,907,9	1,233,8	1,568,7	1,234,4	949,3	287,2

Міне дала төсіндегі барлық сауда рыногын өз қолдарына жинақтаған Ресей өкіметі шет аудандармен ашықтан-ашық тонаушылық сипаттағы айырбас немесе сауда жүргізді. Далалық аудандарда көптеп жәрмеңкелер ашылып, онда өз ережелерін бекітті. Торғай облысының Орта Азиямен байланыс орнатуға қолайлы жеріне орналасқан Ырғыз бекінісінің ірге тасы 1845-жылы қаланып, 1869-ж. Ырғыз уездік қала статусын алды. Осы мерзімнен бастап Ырғыз бекінісі 1 мыңға жуық тұрғыны бар уездік қала сапытына көшіп, негізінен қазақтар, татарлар, башқұрттар қоныстанып, олар қала халқының 87% құрады. Қала

халқының 33% әскерилер мен саудагерлер болды. [7] 1870-ж.12 (19) қарашада Ресей ішкі істер министірі генерал-адъютант Тамашев Ырғыз (бұрынғы Орал) бекінісі жанында ашылған жәрмеңкенің жұмыс ережесін бекітті. Соның бірі 1870 жылы 12 (19) қарашада Ресей ішкі істер министірі генерал-адъютант Тамашев Ырғыз (бұрынғы Орал) бекінісі жанында ашылған жәрмеңкенің жұмыс ережесін бекітті. Бұл ереже жәрмеңкенің ашылу мақсаты мен жәрмеңкеге келген саудагер көпестердің және сатып алушылардың негізгі құқықтары былайша көрініс тапты:

Ырғыз жәрменкесінің ережесі бойынша саудагерлер мен сатып алушылардың азаматтық және еңбек құқықтарының сақталуы

1. Торғай облысының қазақтарының өз қарамағындағы малдарын өткізу және өздеріне қажетті нәрсенің бәрімен қамтамасыз етуіне қолайлы жағдай жасау, үшін және қазақтардың малдарын орыс саудагерлерінің сатып алуын жеңілдету үшін Торғай облысында екі жәрменке тағайындалады: біріншісі Елек уезінің Ақтөбе бекінісінде, екіншісі Ырғыз уезінің Ырғыз (бұрынғы Орал) бекінісінде.

2. Бұл жәрменкелердің өткізілетін мерзімдері: Ақтөбе жәрменкесі үшін 15-шілдеден 15-тамызға дейін, Ырғыз жәрменкесі үшін 10-қыркүйектен 10-қазанға дейін.

3. Басқа қалалардан келетін көпестердің қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтау үшін уезд бастығының жарлығымен жергілікті бекініс горнизонынан шынайы қажеттілікке сәйкес команда тағайындалады.

4. Жәрменкедегі қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты сақтау ісін қадағалау жәрменкелердің ерекше комитетіне жүктеледі. Бұл комитет құрамында: уезд бастығы немесе оның көмекшісі, одан басқа 4 мүше: қазақтардың өздері қалағанша 2 ордалық ақсақал және жәрменкеге келген орыс саудагерлері арасынан сайланған екі адам болады. Осы көрсетілген комитеттердің әрқайсысының жанында жәрменкеге айдап әкелінген малдарды карап, тексеріп отыратын ветеринарлық дәрігер болады. Сонымен бірге комитет қарамағында түрлі қажеттіліктер үшін қазақтарда тағайындалады.

5. Сонымен бірге жәрменке комитетіне мынадай міндеттер жүктеледі: а) жәрменкеге келген саудагерлерді ұрлық пен тонаудан қорғау, б) жәрменкеге келушілерді қажетті жазбаша құжаттарсыз келуден сақтандырып, алдын – ала тексеру, в) әртүрлі бақытсыздықтардан сақтандырудың полициялық шараларын алу, г) сауда уставының XI томдық 2857 статьясына

сәйкес қазақтар және орыс саудагерлерінің арасында болған барлық істерді ауызша сот арқылы талдап, кінәлілерге айып тағу, арызданушылардың талабын тез арада шешу. Егер арызданушылар қабылданған шешімге риза болмаса, онда олар 1868 жылы 21-қазанда бекітілген Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша Ереженің 124, 135 және 142-статьяларына сәйкес өз шағымдарын қанағаттандыру туралы уездік сотқа шағымдануына болады немесе қазақтардың халықтық дәстүріне сай шешулеріне болады.

6. Жәрменкеге келген саудагерлердің паспорттары болуы шарт және олар келген бойда паспорттарын комитетке көрсетіп, олардың келгендігі туралы мәліметтердің барлығы арнаулы тіркелу кітабына жазылып, келгендердің қайта кеткендеріне дейін сақталады.

7. Комитет паспорттарын көрсеткен саудагерлерге орын тағайындайды.

8. Жәрменке алаңында әкелінген товарлар қойылатын номерленген орындар саны 200-ден артық болмауға тиіс.

9. Әрбір орын 3 шаршы сажень болуы шарт.

10. Жәрменке жинағының пайдасына мануфактура және тері - терсек сататын саудагерлерден әрбір орын үшін 2 рубль төлем алынды.

11. Жәрменкедегі сауда орындары саудагерлердің өзара таласын тудырмау үшін әр жәрменкеде барлық саудагерлердің қатысуымен жеребе тарту арқылы бөлінеді.

12. Бір орынды екі қожайын ала алмайды.

13. Сүт тағамдарын сататын саудагерлер ерекше қатарда орналасады, олар әрбір шаршы сажень күміспен 50 тиын төлейді.

14. Сүт тағамдары қатарынан қызыл қатарға ауысып орналасқысы келгендер, онда жеребе бойынша бөлінген әрбір орынға 2 рубль төлеуге міндетті.

15. Көрсетілген алым-салықтар әр жәрменкеде бөлек төленеді.

16. Орындарды бөлуге жеребе жәрменкенің бірінші күні бір-ақ рет төленеді.

17. Жеребе арқылы ие болған сауда орындарында саудагерлер сауданы арба

үстінде, шатырда, балағанда, киіз үйлерде, жылжымалы және тұрақты лавкаларда жасай алады.

18. Егер ағаштан жылжымалы немесе кірпіштен тұрақты лавкалар салғысы келген саудагерлер болса, онда оларға жеребе арқылы бөлінген орындарға өз лавкаларын салуға рұқсат етіледі.

19. Лавка салуға жеребе тартқан саудагер қатарына 3-тен артық емес лавка салуға ғана құқылы.

20. Жылжымалы немесе тұрақты лавканың қожайыны жәрмеңке аяқталған соң келесі жәрмеңке үшін акциздік төлем жасауға міндетті. Егер бұл шарт орындалмаса, онда жәрмеңке комитеті оның орнын жеребе тарту арқылы басқа саудагерге беруге құқылы. [7] Осындай жәрмеңкелер Семей облысы Ботов (Қоянды) жәрмеңкесі Қарқаралы уезінде орналасқан жылдық сауда айналымы туралы: «в 1900 до 1.644 тыс. рублей из них произведени степи образовалось на 955 тыс руб., остальная же сумма приходилась на фабрично-заводская изделия Чарская (в Семипалатинском уезде) с оборотом 310 тыс руб., Покровская (в Баян-Ауль) - на 210 тыс руб., Ивановская (в Песчанном) – на 134 тыс руб., и др » - деп көрсетеді. [5, 290 б.] Жәрмеңкелерден пайданың көптігін сезген патша өкіметі оны жыл санап көбейтіп, оның үстіне қазақ даласына ішкерілей енуді көздеген саясатта ұстады. Сондықтан өзінің әрі экономикалық, әрі саяси билік ету аймағын кеңейту мақсатында тауар сатудан жылдық табыстары мыңдаған рубльге шығатын жәрмеңкелер саны жыл санап өсе түсті. Солардың ішінде: «В Тургайской области значительные ярмарки находятся: в Актюбинске на 326 т.р., две в Кустанае – на 614 т.р., в Тургае – 186 т.р. и две в Иргизе – на 296 т.р.». [5,290 б.] Бұл жәрмеңкелерде негізінен мал өнімдерінен басқа, астық өнімдері сондай-ақ «азиядан» келетін Бухара, Ташкент кілемдері, жібек шапан, маталар мен кептірілген жемістер

әкелінген. Ал көшпелі қазақ халқы үшін ең қажеттісі ол – мануфактурадан шығарылған өнімдер мен үй шаруашылығына керекті бұйымдар - самаурын, леген, қалақ, өзге де темір бұйымдармен, айыр- күрек, кетпен сияқты шаруашылық құралдарын сатып алған.

Ресей империясы көпестердің қауіпсіздігін сақтау үшін және қоғамдық тәртіпті қорғау үшін жәрмеңкелер кезінде оларды қорғайтын әскерлері жіберіп тұрды. Ал жергілікті чиновниктердің көпшілігі отарлаушы саудагерлердің алдамшылығынан және алаяқтығынан қарапайым халықтың мүддесін қорғамақ түгел, өздері приказчиктер мен агенттердің көмегі арқылы сауда-саттық пен айналысты.

Сонымен сауда қазақ даласында отарлық сипат алды. Мұнда Ресейдің ең төменгі сорттағы, яғни өзінің ішкі аймағындағы жәрмеңкелердің бәрінде болып шыққан және мүлде өтпеген өнеркәсіп бұйымдары әкелінді. [8] Бұл бұйымдардың жергілікті халыққа өте ауыр шарттармен жоғары бағаға сатылуы да сауда саясатының отарлық сипатын анықтады. Көпестер қазақтармен арада жүрген саудадан түскен мол пайда есебінен байып алды. Ол дала халқының сауда ісіндегі тәжірибесінің аздығын, өз құқықтарын дұрыс түсіне алмауын пайдаланды.

Сауданың отарлық сипаты орыс көпестері сатқан бұйымдардың бағасының жаппай өсіріліп, керісінше жергілікті халықтың малы мен шаруашылық өнімдерінің бағасы жасанды түрде төмен есептелгені байқалды. Дегенмен қазақтар сауда жасауға үйрене бастады. Қазақ өлкесі малға бай, бірақ өнеркәсіп бұйымдары жоқ ірі тұтыну рыногіне айналды. Сондықтан қазақ өлкесі патша үкіметінің метрополия ретінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін шикізат көзіне айналдыру мақсаты толығымен, ойдағыдай іске асты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Гродеков Н.И.* Киргизы и Каракиргизы Сыр - Даринской области, Ташкент, 1899, Т.1, 198 с.

2. *Мякутин А.И.* Юридический быт киргизов, I Вещное право. II Обязательственное право. Оренбург, 1910 (на обложке 1911) Труды Оренбургской ученой архивной комиссии, Вып XXV. Б.т. Б.ц. Настольная дорожная книга для русских людей под редакцией В.Б.Семенова, том 18. Киргизский край. С-Петербург. издание А.Ф.Девреяна, 1903 г.
3. *Пахмань С.В.* Обычное гражданское право в России. «Юридические очерки». Том 1-ый. С.-Петербург. 1877г.
4. *Ковалевский М.* Современный обычай и древний закон. Том первый. Москва. 1886г.
5. Россия полное географическое описание нашего отечества.
6. *Доменский В.* Об устройстве Киргизской степи. СББ, 1865. 167с.
7. КР ОМА 25 қор, 1 т., 486-іс, 2 п., узаконений о киргизских степных областей. Оренбург. 1898. 249 б.
8. *Добросмыслов А.Е.* Торговля в Тургайской области. – Оренбург. 1898. – 134 с.

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ТОРГОВЫХ ОТНОШЕНИЙ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Медеуова Махаббат Нурлановна

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье анализируются особенности развития торговых отношений в казахском обществе, рассматривается изменения торговых отношений в соответствии с разными историческими периодами. Предложены виды товаров, которыми торговали на ярмарках и материалы по сохранению гражданских и трудовых прав торговцев и покупателей по сведениям Иргизской ярмарки.

Ключевые слова: торговые отношения, торговля, требования торговли, ярмарка, торговец, товар, покупатель.

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF TRADE RELATIONS IN THE KAZAKH SOCIETY

Medeuova Mahabbat Nurlanovna

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

This article analyzes the characteristics of the development of trade relations in the Kazakh society, considers changes in trade relations in accordance with the different historical periods. By Irgiz fair information there are ordered types of goods, which were traded at fairs and materials on conservation civil and labor rights of traders and buyers.

Keywords: trade relations, trade, trade demands, fair, trader, seller, buyer.

МҰРАГЕРЛІК МҰРАТЫ – БІРЛІК

Сарсенбаева Зита Қонысбайқызы – «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты,
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе, 030006, Әйтеке би, 52

Қазіргі кезде жеке меншік ұғымының қайта түлеуі жылжитын, жылжымайтын мүлік көздерінің көбеюі мұрагерлік институтының көзбен қарап ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Қазақ қоғамында ертеден қалыптасқан үйленген ұлға енші бөлу, ұзатылған қызды жасаумен беріп, «қара шаңырақта» отағасы орнын кенже баласы басатын үрдіс қалыптасқаны белгілі. Сәйкесінше мақалада елімізде жүріп жатқан мемлекеттік және құқықтық салалардағы реформаларды жүргізу барысында халықтың дәстүрлі мұра мен мұрагерлік қағида-ережелерін жаңғыртып пайдалану мәселесі сөз болады.

Кілт сөздер: мұрагерлік, құқықтық саладағы реформалар, саяси мұра, мүліктік мұра, әдет заңдары, дәстүрлі мұра, мұрагерлік қағида-ережелер.

Адамзат баласының дүниеге келіп, өсіп-өркендеуінде мұрагерлік институтының алатын орны ерекше. Ол әр дәуірдің дамуына, дініне, мәдениетіне орай өзгеріп отырған.

Қазіргі кезде жеке меншік ұғымының қайта түлеуі жылжитын, жылжымайтын мүлік көздерінің көбеюі мұрагерлік институтының көзбен қарап ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Қазақ қоғамында ертеден қалыптасқан үйленген ұлға енші бөлу, ұзатылған қызды жасаумен беріп, «қара шаңырақта» отағасы орнын кенже баласы басатын үрдіс қалыптасқаны бесенеден белгілі. Бізде мұра мен мұрагерлік институттары өзге халықтардағыдай жете дамымаса да, лауазымдық орындарда мұра мен мұрагерлік жақсы сақталғанын назардан тыс қалдыру мүмкін емес. Ұзақ ғасырлар бойы өмір сүрген отбасы мен неке құқықтырына, оның ішінде мұра мен мұрагерлікке түрлі өзгерістер еніп келген мәлім. Кеңестік дәуірде күштеп неке заңдарын енгізу нәтижесінде бұрынғы қағида-ережелер ұлттық бейнесінен айырылып мүлдем әлсіреп кетті.

Елімізде жүріп жатқан мемлекеттік және құқықтық салалардағы реформаларды жүргізу барысында халықтың дәстүрлі мұра мен мұрагерлік қағида-ережелерін жаңғыртып пайдалануға болады. Өйткені, біздің неке және отбасы туралы заңнамасының көп тұтастары металитетімізге мүлдем ерсі келеді. Олардың болмысымызға жақындату, қайта зерделеу басты мүддемізге айналса кәнеки. Бұның алқабилер соттарына, кәсіби соттарға да берер тағылым мол. Әсіресе жоғары оқу орындарында құқық және мемлекет теориясында мен тарихы, құқықтық-саяси ілімдер тарихы неке және

отбасы, азаматтық құқық, әдет құқығы пәндерінен дәріс беру кезінде пайдаланудың маңызы терең.

Мұраны кейінгі ұрпаққа қалдырудың бірнеше түрі мен сипаты қалыптасты. Атап айтқанда: саяси, рухани және мүліктік. Саяси мұраға – тақты мұра етіп қалдыруды айтсақ, рухани мұраға – өлең-жырлар, өнер, ақыл-өсиет т.б., ал мүліктік мұраға – дүние мүлікті қалдыруды жатқызуға болады.

Мұраның әкімшілік жолмен берілуінің бір көрінісі – саяси биліктің ең жоғары нысаны мемлекеттік тақ мұрагерлігі әр елде әр түрлі аталғанымен сипаты жағынан бәрі де монархиялық, әкеден балаға, ағадан ініге берілетін биліктің түрі болады. Ежелгі тайпалардың өзінде әке тағымен бірге елдің саяси, әкімшілік, әскери билігінің өз ұрпағына көшіп келген. Сондықтан болашақ мұрагерлер өз әулеті, халқы алдында үлкен жауапкершілікпен қарады. Түркілерде саяси мұрагерлік қана емес, материалдық мұрагерлік туралы да біршама зерттелген. Азия мемлекеттерінде ата қоныстың ұрпақтан ұрпаққа мұрагерлік жолмен беріліп, оған ешкімнің қол сұғуына жол берілмегендігін ғылыми деректер дәлелдейді. Көптеген деректерге сүйенсек, әке өлсе ұлы мұрагер, аға өлсе, іні мұрагер болғандығын көреміз. Бұл тәртіп өмір тәжірибесінен туындаған қағида болады.

Қорыта айтқанда, саяси мұрагерліктің әдет заңдарындағы өзіне тән ерекшеліктерін былайша тұжырымдауға болады: яғни, мұрагерлік – қандай жолмен жетсе де өмірлік лауазым. Мұрагерді не өлім, не, соғыстағы жеңіліс, немесе аталастар арасындағы опасыздық болмаса тақтан ешкім айыра

алмайды. Әкеден балаға мұраға қалатын лауазым сол ұрпақтың ауызбірлігіне де бойланысты болады.

Қазақ мұрагерлігінің әдет-ғұрпындағы бастауларының бірі – рухани мұра қалдыру болды. Оған халықтың ауыз әдебиеті арқылы болашақ ұрпаққа жеткен өлең, жырлар, дастандар, шешендік сөздер мен билер шешімдер, хан жарлығы, көшпелі қазақ халқының қоғамдық құрылысын басқаруға арналған заңдары да бізге жеткен мұра еңсебінде сақталған.

Мұра мен мұрагерліктің қалыптасуына өз үлесін қосқан ежелгі Қазақстан аумағын мекендеген тайпалардың пайдаланған әдет заңдары, кейін хандық дәуірде соның негізінде құрастырылған жол-жора, жарғы, яғни, құқықтық ескерткіштері, билер билігі, ережелер, шариғат заңдары екені де айқын.

Құқықтың қайнар көзі ретінде қолданылатын низамдардың бірі – Қазақ хандығындағы «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын заң болды.

«Есім ханның ескі жолында» мұрагерлікке көңіл бөлінбеген деуге болмайды. Осы екі заңды толықтыра отырып XVII ғасырдың соңында қазақ мемлекеттің саяси құрылымында басқару жүйесінде эз Тәуке хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер сияқты кемел ойлап, кең пішкен даналардың ой жемісі арқасында ежелден өзге заңдарымен тең қаралып келе жатқан жер дауын мүлік заңынан бөліп алып, жеке ереже ретінде билік нормасына енгізді.

Мұсылмандық құқық бойынша, мұра мен мұрагерлік өте маңызды орын алады. Шариғат бойынша мұра мен мұрагерлік үш дәреже бойынша бөлінеді және мұрагерліктен мына жағдайларда мұрагерлерді шеттетіп, мақұм қалдырады: нақақ қан төккендер, бостандығы жоқтар, ата-анасынан қарғыс алғандар, діннен безгендер. Қазақ халқында да ата-анасынан «теріс бата» алғандар, діннен безгендер, «етегін кесіп елден қуылғандар» мұраға ие бола амаған. Шариғат заңы мұраны мынандай болшектерге бөледі: жарты, төрттен бір, сегізден бір, үштен бір, үштен екі, алтыдан бір. Ислам дінінің енуін мұра мөлшерін айқындап, оның бөліну дәрежесін, белгілейді. Мұрагерлік мұрадан

заңсыз шеттетілмей, мұраны орынды бөлу ережесін қатан сақтауды талар етті.

Енші беру арқылы ата-ана ұрпағын көзінің тірісінде өз бетімен өмір сүре білуге тәрбиеледі, сыртынан қамқор болып отырды. Енші отбасындағы несібенің сол балаға тиесілі үлес етіп есептеледі. Оны орынды пайдаланып, көбейте білу енші алған балалардың міндеті болады. Еншісін алған бала қайтып айналып әке мұрасына еш уақытта таласпайтын болды.

Мұрагерлікпен тікелей байланысты келесі бір институттың түрі - әмеңгерлік. Әмеңгерлік туралы ғұндар, түркілер заманындағы заңдармен Шығыс ханның «Ұлы Ясы» заңында, хандық дәуірдегі қолданған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның есаі жол», Тәуке ханның «Жеті жарғысында» әмеңгерлік мәселесі мен жесір дауында ерекше көңіл бөлген. Жалпы әмеңгерлікке байланысты «аға өлсе жеңге мұра, іні өлсе келін мұра» деген қағида бойынша жесір қалған әйел жас болса қайтыс болған күйеуінің туыстарының біреуіне күйеуге шығады. Қазақ қоғамында ұзақ сақталған өзге халықтардан ерекше бір институт «әмеңгерлік» туралы зерттеуші ғалымдардың көптеген еңбектерінде көрсетілген.

Ежелден келе жатқан әдет-ғұрып қағидалары бойынша әке мұрасына иеліке ететіндер: марқұмның балалары, әке-шешесі, аға – інілері, жақын туыстары, қала берді аталас ағайындары болатын.

Марқұмның артында басқа рудан асырап алған ұл қалса онда, оған енші беріп, өз руына қайтарады. Ол марқұмның толық мұрагері болу үшін асырап алған әкесі көзінің тірісінде өз ағайын-туыстарының басын қосып, әрқайсысына жолын беріп, риза етіп, асыранды ұлдың мұрагер болу құқын заңдастыруы қажет, сондай жағдайда ғана бүкіл мал-мүлкін сол асырап алған ұлдың билігіне өтеді, оған енді ешкімнің таласы болмайды, оның мұрагерлік құқына ешкім шек келтірмейді. Ал егер асырап алған ұл сол ру ішіндегі ағайын – туыстардан алынса, онда ол толықтай мұрагер болып есептеліп, өзге мұрагерлермен бірдей үйлеске ие болады. Марқұмның өлеріндегі өсиет, артында қалған

жас балаларының, жесірінің, қара шаңырақтың, тіпті енші алып кеткен балаларының, ұзатылмаған қыздардың мүддесі және өліктің жетісі, қырқын, жүзін, асын беру шығындарды түгелдей ескеріле отырып айталады.

Мұра және мұрагерлік институтының жойылмау себебі ол ізгілікке негізделген және болашаққа бағытталған. Мазмұны терең, өмірімен біге қайнасқан, тіршіліктің тірегі болып есептеледі.

ЦЕЛЬ НАСЛЕДСТВА - ЕДИНСТВО

Сарсенбаева Зита Конысбаевна

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

Модернизация понятия частная собственность, увеличение числа движимого и недвижимого имущества требует нового подхода к институту наследства. В казахском обществе дочере, выходящей замуж принято давать приданое, а младший сын является хранителем очага, оставшего от отца. Следовательно, в статье рассматривается пути использования правил народного традиционного наследования в процессе реформ, проводимых государственных и правовых сферах.

Ключевые слова: наследство, реформы в правовых сферах, политическое наследие, имущественное наследство, традиционные законы, традиционное наследие, наследственные правила.

PURPOSE OF INHERITANCE - UNITY

Sarsenbayeva Zita Konysbaevna

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

Modernization of the concept of private property, increasing of the number of movable and immovable property requires a new approach to the institution of inheritance. In Kazakh society dowry is given daughters who are getting married, and the youngest son is the custodian of the hearth remained by his father. Consequently, the article discusses ways of using the traditional rules of the national inheritance in the process of reforms undertaken by the state and legal spheres.

Keywords: heritage, legal reforms, political heritage, political inheritance, customary laws, traditional heritage, inheritance rules.

**Саяхат Гүлабзал Саяхатқызы – «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты,
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе, 030006, Әйтеке би, 52**

Берілген мақалада қазақы неке-отбасы қатынастарына шариат заңдарының әсері қарастырылған. Мұсылмандық құқық құрылысын сипаттау үшін оның нормалары туралы мәліметтер ұсынылған. Айтылмыш нормалар екі топқа бөлініп көрсетілген: кез-келген адамның іс-әрекетіне баға беру және белгілі бір жағдайларға не іс-әрекеттің салдарына байланысты реттейтін нормалар. Әр топқа жан-жақты сипаттама берілген.

Кілт сөздер: мұсылмандық құқық, шариат, ислам діні, діни догмалар, қарым-қатынас нормалары.

Мұсылмандық құқық – шариат заңдары Шығыстағы мұсылман елдерінің көпшілігінің мемлекет және құқық тарихының өркендеп өсуіне ерекше әсер еткені шындық. Әлбетте, қазақтардың да мемлекет және құқық тарихы мұнан шет қалған жоқ. Бұл мәселені заң ғылымдарының докторы, профессор Нұралы Өсерұлы жан-жақты зерттегені мәлім. [1]

Мұсылмандық құқықтың бір ерекшелігі заңдық және идеологиялық әсер ету факторының шеңбері өте кең әрі қалың жұртшылықтың көзқарастарының қалыптасуына өшпес із қалдырып келеді. Оның үстіне әлемдегі өзге діндерге қарағанда ислам діні прогресшіл әрі мемлекет және құқықпен өте тығыз қабысып жатыр. Бұларды реттеуші күш ретінде мұсылмандық құқық айрықша роль атқарып отыр. Оны біз күннен-күнге әлем жұртшылығы оң көзбен қарап, ірі ғалым, қоғам қайраткерлері ислам дінін қабылдап жатқанынан көре аламыз. Өйткені, ислам бір мезгілде «сенім және мемлекет», ал мұсылмандық құқық өз алдына құқық қана емес, әрі дін деп қорытынды жасай аламыз.

Шындығында да дін және құқықтық заңдар мұсылмандық құқықтың діни негізін құрайды. Сондықтан да мұсылмандық құқықтың барлық тармақтарында діни догмаларға арқа сүйеді.

Әсіресе, мұсылмандық құқық адам құқығы мен бостандықтарына ерекше мән береді. Шариат соты әділдік, теңдік, бітімгершілік аясына негізделген. Исламдық шариат соты алдына келген кез келген адамды тең көреді, олардың дәулетіне, лауазымына қарамайды. Мысалы, Омар халифа кезінде біреумен дауласып, қазыға барыпты. Қазы Омарды көре сала жалпақтап, Омеке, келіңіз, келіңіз дей бергенде мемлекет басшысы Омар қазыға «Сен

қазылыққа жарамайсың. Дауласып келген екі тарапты тең көрмедің, қазылықтан боссың» деп әмір еткені жайлы дерек бар. Сол себепті де шариат нормаларында құлықтылық, теңдік, әдептілік, кішіпейілділік, имандылық, т.б. адами қасиеттерді жоғары қояды.

Мұсылмандық құқық құрылысын сипаттауда оның нормаларына егжей-тегжей үңілу маңызды рөл атқарады. Мазмұнына қарап, бұл нормаларды екі топқа бөлуге болады. Біріншісіне кез келген адамның іс-әрекетіне баға беру жатады. Бұл іс-әрекетті бес категорияға: міндетті, кеңес етілген, рұқсат етілген, шектелген, тыйым салынған деп бөледі. Осы категориялардың жақсысын, іс-әрекеттердің дұрысын ұстандарды имандылар, ал шектеп не тыйым салынғандарын істеушілерді жаман іс-әрекет етуші, күнаһарлар деп есептейді.

Екінші топқа белгілі бір жағдайларға не іс-әрекеттің салдарына байланысты оны реттейтін нормалар жатады. Мысалы, қасақана кісі өлтірушілердің өлім жазасына кесілуі, есі дұрыс еместердің келісім жасаудан шектелуі, т.б.

Мұсылмандық құқық нормалары негізінен адам және адамдардың қарым-қатынастарын реттейтін нормалардан тұрады. Сондықтан да мұндай іс-әрекеттерді қылмыстық немесе азаматтық деп бөлмей, бірге қарастырады.

Дәстүрлі қазақ құқық нормалары да қылмыстық немесе азаматтық деп бөлмеген. Жеке адам статусы немесе құқықтары діни принциптерге негізделеді. Бұл нормалардың негізгі институттары некелесу, ажырасу, туыстық жөндері, отбасын материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету, бала тәрбиесі, өсиет, мұрагерлік, қамқоршылық, құқықтық қабілетін шектеу, жеке меншік мәселелерін реттеу, келісім-шарт және оны қамтамасыз

ету, Алла құқықтары, яғни адамның табиғи құқықтары, нахақ қан төгу, жезөкшелік, ата-анасын ренжіту, тонау, діннен безу, мемлекетке қарсы көтеріліс, т.б. мәселелерді қамтиды.

Мұсылмандық құқықтың әлеуметтік-саяси механизмі бейне бір екі норма есебінде, бірі тысқы және бірі ішкі ниет-сенімдерін қамти отырып, әсер етеді. Осының салдарынан тәртіп бұзушы әрбір адам тек бұл өмір ережесін бұзып қана қоймай, бақи дүние ережесін де бұзады деп санайды. Осыдан келіп, егер мұсылман шын мұсылман болса, тәртіп бұзуға тиісті емес. Адамдар арасындағы қарым-қатынас мемлекеттік араласуынсыз-ақ дұрыс шешіліп жатады. Өйткені, жауапкершілік әрбір мұсылманның сеніміне, ар-ұятына, мұсылмандық имандылығына негізделеді. Міне, осы себепті мұсылмандық құқықтың өрісі кең, ол саясатпен де, мемлекетпен де, құқықпен де тығыз қабысып жатады, тәртіп бұзушылық өте сирек ұшырасады. Ислам діні тіпті хаюандарға артық жүк артуға, ұрып-соғуға, шыбын-шіркейлерді бет алдына өлтіруге тыйым салады.

Шариат та адамға, қоғамға аса үлкен қауіп пен қатер төндіретін сөз бен тілдің кесірінен болатынын ескеріп, адамдарға алдын ала ауыр күнәдән сақтандырады. Біздің қазақ халқында «Екі елі аузыңа төрт елі қақпақ қой» деп, баланы кішкентайынан тәрбиелейді. Өйткені, тіл қадірлі де етеді, қор да етеді. Ғайбат сөйлеу, сөз тасу, өтірік сөйлеу, жалған куәлік беру, өтірік ант ішу ұрыс пен таласқа жетелейді. Шариат сондықтан да адам баласын тіліне ие болуға шақырады. Ал оны жасаушыларды ауыр жазалап, күнаһар, ар-ұяты жоқ деп есептейді.

Қазақ халқы «Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» деп, ар-ұятын жанынан да жоғары қояды. Сол себепті де ата-бабаларымыз сөз өнері мен заңға ерекше мән берген сияқты.

Сөз өнері мен Заңға ерекше мән берген қазақ қоғамында құқық барлық өмір саласының реттеушісі рөлін атқарды. Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы демократиялық бастаулар адам құқығы мен бостандықтарында ерекше көрініп, ол ел

бірлігін сақтауға, бейбіт өмірге үндеді. Сол себепті де халықтық сипат алды.

Ислам діні догмалары мұсылман адамның өзін алдымен пәктікке, сенімділікке, намаз оқуға, зекет пенг садақа беруге, ораза тұтуға тәрбиелеп, жаман іс әрекеттерден бойын аулақ мықтап даярлайды. Мұны бұлжытпай істеушілер ешуақытта жамандық іс-әрекеттерге бармайды, Алладан қорқады. Былайша айтқанда, исламдық догмалар адам баласын ізгілікке тәрбиелеуге даярлап, зор көмек көрсетеді.

Мұсылман адам өзіне-өзі сенімді болады.

Шариат заңдары адам құқығы мен бостандықтарына айрықша мән беріп, үнемі кез келген құқық салаларында оны қорғауға, күнәлілерді жазалауға кепілдік береді. Сонымен қатар, арам деп саналған іс-әрекеттерді істемеуді міндеттейді. Яғни, адамның тумасынан берілетін жеке басының құқықтарын ешкім, ешуақытта өзгелер тарапынан ажыратылуға жатпайды. Онан тек Алла ғана аластатуы мүмкін. Олар – ар-ожданы, өмірі, бостандығы.

Адамның жеке басының бостандығы, еркін жүріп-тұруы, қадір-қасиеті әрдайым сақталады. Оған зорлық-зомбылық жасауға, жәбір көрсетуге шариат жол бермейді. Мұхаммед алейһис салам: «Сенім – кез келген зорлық-зомбылықтан бас тарту. Ешқандай момын зорлық-зомбылықты қолдамасын», – деп уағыздаған. [2] Адамзат баласы ақ не қара, қоңыр не сары түсіне, тегіне, бай-кедейлігіне қарамастан Алла алдында бірдей тең құқыққа ие.

Кез келген адам әлеуметтік-экономикалық құқықтарды иеленіп, жеке меншікке ие болуға, отбасын құруға, мәжілістерге, сот процестеріне қатысуға ерікті. Осындай кепілдіктер ала отырып, адам өз қоғамы ішіндегі әдет-ғұрып заңдарын, салт-дәстүрлерін сақтауға, өзгенің құқықтарын, бостандығын, ар-ожданын құрметтеуге, өз малынан зекет, үшір секілді мемлекет тарапынан белгіленген алым-салықтарды төлеуге, Отанын қорғауға, табиғатты сақтап, ұқыпты қарау міндеттеледі.

Адам баласы өз өмірінде отбасын құруға құқылы. Ол үшін шариат

- кәметке келуді;

- ақыл-есі бүтін болуды;
- өзара келісімін;
- маһр (неке басын) төлеуін;
- жақын туыс болмауын талап етеді.

Сол секілді шариат заңы әйел саны мөлшерін нақты көрсетіп, онан асырмауды талап етеді.

Шариат заңы бойынша мұсылман адамның отбасын құрып, ұрпақтар өсіруін міндеттейді. Мұхаммед Пайғамбар да: «Үйленіңдер, ұрпақ өсіріңдер, сендердің көптіктеріңмен мақтанайын» деп тек айтпаған. [2]

Мұсылман адам әйелінен ажыраспай, қайта оны құрмет тұтады. Отбасын құрып, ұрпақтарына ізгілікті тәлім-тәрбие береді. Өйткені, кез келген адам өмір сүру барысында құқық субъектісіне айналады әрі құқық қабілетіне ие болады. Құқық қабілеттілігі әрекет қабілеттілігіне жол береді. Яғни, әрекет қабілеттігі арқылы адам азаматтық құқықтарға ие болып, оны жүзеге асыруға, міндеттерді орындауға қабілеттігімен көзге түседі. Бұл құқық кәмелетке келген әрбір адам баласына беріледі. Кәмелетке толмағандар үшін ата-аналары, қамқоршылары жауап береді.

Әрекет қабілеттігі бар адам меншік құқығына ие болып, өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы. Меншік құқығының нысандары мен түрлеріне үй-жай, мал-мүлік кіреді. Меншік мемлекеттік және жеке меншікке бөлінеді.

Сонымен, әрекет қабілеттілігіне ие болған әрбір адам өзінің жеке меншігін құруға, сауда-саттық жасауға, өзгелермен мәмім, келісім-шарттар жасап, құқықтық қатынастарға түсуге, бірлестік топтар құруға, тапсырыстар беруге, өкілеттік жасауға, кепілдікке, өсиет айтуға, мұрагер болуға, т.б. ерікті.

Нәтижеде адам құқықтары мен бостандықтарының «мүліктік емес өзіндік құқықты көздеген мақсатына қарай мынадай түрлерге бөлуге болады: азаматтың өмір сүруін қамтамасыз ететін мүліктік емес өзіндік құқықтары (мысалы, өмір сүру құқығы, денсаулық сақтау құқығы және т.б.); ә) азаматтың әлеуметтік жағдайын

қамтамасыз ететін мүліктік емес өзіндік құқықтар (мысалы, есім алу құқығы, жеке өміріне құқығы және т.б.)», - деп көрсетеді. [3]

Өзіндік құқық негізінен ар-намыс, қадір-қасиет, іскерлік сипаттардан тұрады. Кез келген адам өзінің ар-намысын, қадір-қасиетін, іскерлік беделін қорғауға, ал өзгелер оны құрмет етуі тиіс. Егер тұлға ретіндегі адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне, іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар анықталса, ар-намысы, қадір-қасиеті және беделіне кір келтірілген адам өзіне келтірілген залалды, моральдық зиянды теріске шығарып, оның орнын толтыруды талап етуге толық құқықты.

Мүліктік құқықтар адамдар арасында пайда болады. Олар көбіне мәміле түрінде пайда болып, екі тараптың еркі мен ниетінен туындайды. Азаматтық қатынастағы мәміле жасауда адам еркінің сақталуына шариат заңында ерекше көңіл бөледі.

Шариат заңы өлген адам қаны үшін құнмен алмастыруына рұқсат етеді. Оны «диат» дейді. Адам өлімі, қаны үшін алынатын құн мөлшері де әртүрлі белгіленеді. Сондай-ақ, дене мүшелерін жарақаттағаны үшін:

- бір қолы үшін жарты құн;
- шаш, сақал, әйел бұрымы кесілсе толық құн;
- көзі көрмей соқыр болса толық құн;
- қол-аяқтың әр саусағы үшін оннан бір құн;
- соққыдан жынды болса, сал болып қалса толық құн алынады.

Мұхаммед Пайғамбар қан үшін қылмыскерден өлтіруді, кешірім етуді және құн алуды күнәкерлерге таңдауға рұқсат еткен. Шариат та қанға-қан жазасында кешірім етуді өте дұрыс деп есептейді.

Өйткені, адам өлтіргендерді Алла тағала өзі азаптайды, себебі адам қаны қасиетті, онан айыру ауыр қылмыс. Бір адамның қаны бүкіл адамзат баласының қанының төгілуімен теңестіріледі. Құранда: «Егер, кімде –кім бір момын мұсылманды әдейі, қасақана өлтірсе, оның жазасы ішінде мәңгі қалатын тозақ оты болады. Сондай-ақ, Алла оған ашу-ызасын

төгіп, қарғыстайды әрі оған зор азап әзірлеп қойған», - деп көрсетеді. [4]

Ислам дінін және оның құндылықтарын өз мемлекеттерінің негізі есептеген мұсылман елдері өз конституцияларында ислам құндылықтарын қорғап, кепілдік беретінін жазады.

«Кез келген қылмыстық іс-әрекеттерде тазир деп аталатын жазаны Құран, Сунна, Иджма, Қияс, т.б. көрсетілмеген қылмыстық іс-әрекеттерді болмағандықтан, оны объективтік және субъективтік жағына мән бере отырып жазалайды. Мысалы, зекет төлемеу, намаз оқымау, ораза тұтпау, міндеттемені орындамау, таразыдан алдап жеу, қоғамдық орындарда тәртіп сақтамау». [5] Сол секілді «ұрының іс әрекетін жасырушы да жазаға кесіледі. [6] Мұсылман заңгерлері арасында тазир категориясымен жазалау және оның түрлері жайлы әлі күнге талас-тартысты, әсіресе, қылмыскердің шашын алу, жартылай жалаңаш көшеде алып жүру, бірнеше күн тағам бермеу, т.б. жайында таласуда. Сондай-ақ, тазирмен тазалағанда берілетін дүре саны хадд жазасында берілетін дүре санынан кем болу-болмауы жайлы да әлі бір пікірге келген жоқ. Дегенмен, тазир категориясымен жазаланушы өзге хадд, қысас категорияларымен жазаланғаннан жеңіл екенін ескертеміз. Тіпті, кейде жаза қолданылмай, ескерту берілуі мүмкін.

Шариат заңы бойынша күнәлі іс істегендер, мейлі ол ісі майда, маңызсыз болғанымен, мейлі аса ауыр болғанымен, бұған қарамай «Каффарат», яғни таза айыбын өтуі тиіс. «Тазалану, пәктену айыбы – екі ай ораза тұту, құл некүнді азат ету, 30 аш-жалаңашты тойындыру. Сөйтіп, кәффарат деп белгілі бір жағдайларда істеген күнәсі үшін өкініп, не жазасын алып, кейін қылмысынан тазартылуы үшін, не болмаса кейде заңды іс-әрекеті үшін де орындауға жататын бұйрық түріндегі іс-әрекетті айтамыз.

«Жалпы кәффаратты қасақана кісі өлтіргенде, қасиетті рамазан айын қорлайтын заңсыз іс-әрекеті үшін өтейді», - деп көрсетеді. [7]

Былайша айтсақ, шариат заңына қарсы іс-әрекет жасағаны үшін төлеуге, өтеуге тиісті айыптар. Оны істеген ісінің ауыр-жеңіліне орай өтейді. Мысалы, ораза қағидасын сақтамаса 2 ай ораза, не қалған екі айыптың бірін ғана өтейді, ал қасақана адам өлтіргендер көрсетілген үш айыпты толық өтейді. Тек осы өтеуден кейін ғана жасаған адам пәктелді деп есептеледі. Мұсылмандық құқықтағы адам құқығы мен бостандықтарды негізінен діни және құқықтық заңдардың өзара тығыз байланыстылығынан әрбір нормалардан көруге болады. Мұсылмандық сот ісін жүргізуде де ислам талаптарын бұлжытпай орындау бірінші кезекте тұрады. Куәлік беру, ант ішу арқылы сол адам істің ақ-қарасын дәлелдейді. Сол үшін де кез келген мұсылман адамның араның дін алдында да, заң алдында да таза болуы ғажап емес. Өйткені, «Алла бәрін біледі, бәрін көреді» деп өтірік айтып оның азабына ұшырамауды бірінші орынға қояды. Қорыта айтқанда, шариат заңдары қазақ әдет-ғұрып заңдарымен үндесе отырып, адам құқығын қорғауға пәрменді әсер етіп, қоғам мүшелеріне адамгершілік, имандылық, қайырылымдылық, бауырмалдық сияқты жақсы қасиеттерді тәрбиелеуге әсері зор екенін көреміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Өсерұлы Н.* Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсерін зерттеу: заң ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. Алматы, 1997. – 247б.
2. *Ахлақ – әдепке тиісті хадистер.* – Ташкент, 1990. 38 б.
3. *Төлеуғалиев Ф.* Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. 1 том. Алматы, 2001. 144 б.
4. *Құран (және оның қазақша мағынасы). I бөлім.* Аудармашылар: Нұралы Өсер ұлы, Серкімбаев ұлы ат-Түркістани, Жұмабай Мақаш ұлы, Ізтай ұлы ат-Тарази. Москва, 1990. 346 б.
5. *Ибраһим Дасуки аш -Шаһауи. Әл-Хисба фи –л -ислам.* Каир.1962, 125 б.

6. Таки - ад Дин ибн Таймийа . Ас сийаса аш-шариа. Каир, 1969. 90-91бб.

7. Өсерұлы Н., Қонабаев Ө. Мұсылмандық құқық. Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – 75 б.

ВЛИЯНИЕ ЗАКОНОВ ШАРИАТА НА БРАЧНЫЕ-СЕМЕЙНЫЕ ОТНОШЕНИЯ КАЗАХОВ

Саяхат Гулабзал Саяхатовна

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассматривается влияние законов шариата на семейные-брачные отношения казахов. Предложены сведения о нормах мусульманского правового строения. Данные нормы группируются на два вида: нормы для оценивания действий человека и нормы, регулирующие разные события и их последствия. Каждая отдельно анализируется по-отдельности.

Ключевые слова: мусульманское право, шариат, религия ислам, религиозные догмы, нормы отношений.

INFLUENCE OF THE SHARIA LAW ON KAZAKHSMARRIAGE AND FAMILY RELATIONS

Sayakhat Gulabzal Sayahatovna

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

This article examines the impact of Sharia law on family and marriage relations of Kazakh people. There is offered the information of the legal norms of the Muslims. These standards are grouped into two types: rules for the evaluation of human actions and the rules governing the different events and their consequences. Each separately analyzed.

Keywords: Islamic law, the Sharia, Islam religion, religious dogma, rules of the relationships.

ЖЕКЕ АДАМДЫ ЖАЛДАУ ШАРТЫНАН ТУЫНДАЙТЫН

МІНДЕТТЕМЕДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Серікқызы Дильнар – «Құқықтану» мамандығының 2 курс магистранты, Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе, 030006, Әйтеке би, 52

Қазақ қоғамында ертеден-ақ жеке адамның еңбек күшін пайдалану, жалдау болғандығы қазақ әдет-ғұрып заңдарын зерттеушілер еңбегінен байқалады. Дегенмен жалдаушы жеке жалданған адамның қажетін қанағаттандырып, әділ бағалай алған-алмағандығы сұрақ тудырады. Сәйкесінше мақалада осы мәселе қарастырылып, құқықтық мұралар талданған.

Кілт сөздер: жалдау шарты, жалдау ұғымы, жұмыс күші, жалға алушы, жалданушы,

Қандай қоғамдық құрылыс болмасын азаматтық қатынастарды реттеуде жалдау шартының мазмұны, тараптары белгілі бір міндеттерді жүктейтіндігі белгілі. Ол қазақ қоғамында ежелден-ақ қалыптасқан. Жалдау ұғымы әр қоғамның даму ерекшелігіне, сол қоғамдағы азаматтық қатынастың қалыптасу, даму деңгейіне байланысты болып келеді.

Қазақ қоғамында ертеден-ақ жеке адамның еңбек күшін пайдалану, жалдау болғандығын қазақ әдет-ғұрып заңдарын зерттеушілер еңбегінен көреміз: «Личный наем сводится к сделке, на основании которой одна сторона нанимающиеся работник обязывается за известное вознаграждение и в течение определенного времени исполнить известную работу или оказать определенные услуги материального свойства другой стороне (нанимателю, хозяину)» - деп көрсетіледі [1]. Яғни жеке жалдау қазақ қоғамында ауқымы кең тарамағанымен сол кездегі шаруашылық түрлеріне сәйкес: мал бағу, егін салу, оны жинау, ору, бастыру, үй жұмысын атқару үшін, атап айтқанда әйел адамдар сиыр сауу, ас-су дайындау, үй ішіндегі шаруаларға жұмсалса, ер адамдар малмен байланысты шаруаларды атқарған. Сондай-ақ Ресей империясының қол астындағы билік тұсында болыстық басқарманың тапсырмасын орындау үшін, сауатты адамдар балаларды оқыту үшін жалданған. Көп жағдайда қазақ кедейлерінің атқарған жұмыс түрлері туралы: «Стрижка баранов, посев, паливка и уборка пшеницы и ячменя в тех местах, где производится хлебопосевства, и в последние годы кошение сена близ зимовок, приготовление кизяка, мытье белья и всякая другая работа во всех аулах охотно исполняются беднейшими киргизами за

умеренную плату скотам и вещами», - деп көрсетеді [2].

Байқап отырғанымыздай жалдау ежелден қалыптасқан, азаматтық қатынастың бір түрі ретінде қазақ қоғамында болғандығын көреміз. Ондағы төлем ақы ретінде қазақтарда ақша болмағандықтан мал, әсіресе ұсақ малмен киілген киім бергендігін көреміз. Ол отбасының қажетін толық қанағаттандырмағанмен, белгілі бір көмегінің болғандығын көрсетеді. Дегенмен жалдаушы жеке жалданған адамның қажетін қанағаттандырып, әділ бағалай алды ма? деген сұрақ туындайды. Жеке жалға алудың ежелден ақ өзге мемлекеттерде болғандығын дәлелдейтін құқықтық мұраларды саралап қарасақ Хаммурапи заңында «басы бос жұмысшыларды жұмыс күші ретінде топтап: ауыл шаруашылық жұмысын атқарушы және қол өнершілер» деп бөлгендігін көреміз. Сондай-ақ дәрігерлердің, құрылысшылардың, мал дәрігерлердің еңбек ақысы белгіленген. Қолөнершілерге қарағанда ауыл шаруашылық жұмысшысына еңбек ақы төленген [3]. Бұл Вавилон қоғамы үшін ауыл шаруашылығы маңызының басым болғандығын көрсетеді. Еңбек ақы жалдау уақытының өтуіне байланысты төленетін болған. Егер жалдаушы жұмысын ерте аяқтаса, онда ол мадақтау еңбек ақысын алу құқығынан айырылатын болған.

Жеке жалдау шарты орыс шаруалары тәрізді ауызша жасалған, бірақ куәнің қатысуы міндетті болған. Жалдаушы міндеттері: келіскен жалақыны жыл бойына түгелдей немесе жартылай беріп, қалғанын белгілі бір уақытта береміз деп келіскен. Ал тараптың бір жағы келісімнен бас тартқан жағдайда шарт тоқтады деп есептеп, екінші тарап алған ақысын қайтаруға тиіс болған.

Негізінен жалдау мерзімі қазақтарда көбіне бір жылға жалдаған, бірақ шартты жасау және оны тоқтату еркіндігі сақталған. Жалдаушы жалданушыға ізгілік сезіммен қарап, олардың ақысын жемей, адал болуға көңіл бөлген. Сондай-ақ жалдаған адамға сенім білдіріп оны «балам», «көзім» деп шаруашылығын сеніп тапсыра білген, оған жауап ретінде жалданушыда адал қызмет атқаруға тырысқан. Ал қажет болған жағдайда ұрысуға, қамшымен үш рет ұрып жіберуге де құқы болған, бірақ одан жоғары күш қолдануға тиым салынған. Жалданушы сотқа шағымдануға құқылы болған. Дегенмен қазақтар көп жағдайда өзінің рулас ағайындарын жалдаға. Оған әрине оның сөзі өтімді және жанашырлықпен қарайды. Тек қасақана келтірген шығынға ерекше көңіл бөлген, ал еріксіз жағдай болған шығындар басқаша бағаланған: оған «садақа» ретінде қарап, кешіре білген. «За естественную смерть скота и за украденную скотину пастух совсем не отвечает», - деп көрсетеді зерттеушілер [4]. Ал мал бағушы жоғалған малды жасырып қожасын алдаса, ол қайталанса онда жоғалған мал айыбымен қайтарылған, ол үшін рулас ағайындары да жауапты болған.

Бірақ әдет ғұрып заңдарындағы жеке жалдауға қойылатын талаптары империялық заңдардың әсерімен өзгереді, яғни малды бағушы жоғалған малдың жартысын, үштен бірін төлеген. Жоғалу қайталанса мал бағушыдан, туыстарынан ант алған. Ол ауыр айыптың түрі саналған. Дегенмен қазақ қоғамында шығынды өтеудің себептері оның өтеу құнын жеңілдеткен.

Егер мал күндіз емес, түнде жоғалып кетсе бақташы ол үшін жауап бермейді. Ал өзге халықтармен салыстырсақ «У сибирских киргизов пастух, буде от несмотрения сторожа утонет скотина в тин, в возу или во рву, также обязан платит, что она стоила» - деп көрсетеді [5]. Сондай-ақ қазақтардың жеке адамды жалдау шартында аңдар малды жаралап, жеп кетсе бақташы оған жауап бермейді. Ал орыстардың әдет заңында шаруалары жалдаушының шығынын өтеуге міндетті, ол сот арқылы немесе өзара келісіммен шешіледі.

Қазақ қоғамында көпшілік жағдайда түйе мен жылқыны көлік құралы ретінде пайдаланады, оны жалдағаны үшін «ат майы» деген төленген, дегенмен бірақ рулас елдің ішінде ағайынның малын аз уақыт пайдаланғанға ешкім де ақы сұрамайды. Тек пайдалануға алған мал аман-есен оралса болғаны. Бұл бір ағайынға берген көмек ретінде есептелген: бұл туралы «... по понятиям киргизов, шерсть, молоко, и рабочая сила животных считается блоготворительностью животных и запользование или не платяты. Человека, требующего за них плату, порицают словами: «пусть он, не разбогатеет, погибнет» - деп айып санағанын көреміз [4].

Жеке адамды егін жинағанда өнімнің бір бөлігін беремін деген келісіммен жалдаған, ал құдық қазу үшін, ол адамды өз ісінің шебері ретінде жалдаған, төлем ақысы алдын ала төленіп, келісім бойынша құдықтың тереңдігі қанша болса да су шыққанға дейін қазуға міндеттенген.

Бұл жердегі бір ерекшелік туралы зерттеушілер: «При это обыкновенно ставят условия чтобы за работников, которая могут быть засыпаны отвалами грунта, не требовать куна» - деп көрсетеді [4].

Жеке жалдау түрлеріне жүкті белгілі бір жерге жеткізу, құрылыс шеберлерін жалдау жатқанымен, бала оқытудағы мұғалімді жалдауды кіргізе алмаймыз, ол қазіргі кездегі ұғыммен алғанда интеллектіні пайдалану болып есептеледі.

Жалданған шебердің жауапкершілігі туралы Самоквасовтың айтуынша: «Если мастеровой что испортить, или вовсем материале запрется, то полагается испорченное исправить без наказания, а за утайку материалов судья определяет претендателю присягу и буде дать оную что получает иск свой с ответчика» [5].

Жеке жалдаудың ерекше бір түрі ретінде мердігерлікті алуға болады. Бірақ жалдау әдет заңдарында заңды сипатқа ие болса, мердігерлік тікелей өзінің қызметі емес, басқа біреудің еңбегін қолдану (пайдалану) арқылы жасалатын жалдау түрі деп қаралған. Қазақтарда ол көбіне ауыр жүктерді тасымалдау үшін көбірек қолданылған.

әсіресе ұзақ жолға тасылатын жүктерге жауапкершілікті белгілі бір адамның алуына байланысты болған. Ол туралы: «Купцы для отправке клади большею частью обращаются не к возчиком, а к караванбашам с которыми обмениваются письменными обязательствами о количестве клади, провозной платы и сроки доставки. Сверх того, караванбаши представляют купцам ручательство в добросовестности возчиков» - деп көрсетеді [4].

Зерттеу нәтижесінде байқағанымыздай қазақ қоғамында жеке жалдау ертеден-ақ белгілі болған. Жалдаушы тарапты «жалшы» деп атап ондай ұғым кешегі Кеңес дәуірі орнағанға дейін қолданылған. Кеңес дәуірінде ол біршама ұмыт болған ұғымдардың біріне айналды.

Қазіргі азаматтық қатынаста бұл ұғымның мағынасы кеңейіп: жалға алушы, жалға беруші, жалданушы, жалдаушы деген ұғымдар көбейді. Азаматтық кодекстің 29,30 тараулары түгелдей, осы жалдауға арналғанмен жеке жалдау туралы баптар айқындалмаған, реттелмеген. Сол себептен азаматтық кодексте осы жеке жалдау туралы арнайы баптар қарастырылып, оның негізіне қазақ қоғамында ертеден қолданылып,

ғасырлар екшесінен өткен құқықтық мұралардың тиімді жағын заңдарды қабылдау барысында ескергеніміз абзал болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Пахмань С.В.* «Обычные гражданское право в России» «Юридические очерки». Том 1. С-Петербург. - 1826.
2. *Колмогоров Г.В.* «Вестник императорского русского географического общества» С-Петербург. «О промышленности и торговли в киргизской степи сибирского ведомства»- 5 б.
3. *Мұхтарова А.Қ.* «Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы» Алматы, 1999ж. - 28б.
4. *Гродеков Н.И.* «Киргизы и каракиргизы Сырь-Дарьинской области» Том 1. «Юридический быт» Ташкент - 119б
5. *Самоквасов Д.Я.* «Сборник обычного права сибирских инородцев» «Обычай киргизов» - 184б.
6. *ҚР Азаматтық кодексі* (Жалпы және ерекше бөлімдері) Алматы: Юрист. 2005.

ОТВЕТСТВЕННОСТИ В ОБЯЗАТЕЛЬСТВЕ, ВОЗНИКАЮЩИЕ ПРИ НАЕМЕ ЧЕЛОВЕКА

Серікқызы Дильнар

Казахско-Русский Международный университет; РК, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

В казахском обществе издавна было использование и наем рабочей силы человека, об этом рассказывается во многих трудах исследователей. Однако возникает вопрос, смогли ли наниматели удовлетворить нужду наемного работника и справедливо оценить его труд. Следовательно статья посвящается данная проблеме, анализируются их правовые отношения.

Ключевые слова: договор наема, понятие наема, рабочая сила, наниматель, наемный работник.

RESPONSIBILITY AND OBLIGATIONS ARISING ON HIRING RIGHTS

Serikkyzy Dilnara

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

In Kazakh society has long been used the recruitment of labor rights, this is written in many works of researchers. However, the question arises whether the tenants were able to meet the need of the employee and fairly evaluate his work. Therefore, the article is dedicated to these problems, it analyzes their legal relationship.

Keywords: hiring contract, the concept of hiring, labor, employer, employee.

К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ

Уважаемые коллеги,
Казахско-Русский Международный университет принимает статьи для
Международного научного журнала «Вестник КРМУ».
Журнал имеет ISSN 2307-5686

Научный журнал включает статьи по следующим *направлениям*:

1. *Экономические науки;*
2. *Гуманитарные науки;*
3. *Естественные науки;*
4. *Технические науки;*
5. *Юридические науки.*

Общие требования к содержанию:

1. К рассмотрению принимаются научно-теоретические и экспериментальные работы по проблемам общественных, гуманитарных и прикладных наук, содержащие научную новизну и практическую значимость;
2. Статья должна отражать современный уровень знаний по данному направлению, квалифицированно излагать научно-технические вопросы, обладать сжатым и хорошим литературным изложением, иметь четко выполненные иллюстрации;
3. Материал, предлагаемый для публикации, должен являться оригинальным, неопубликованным ранее в других печатных изданиях;
4. Автор несет ответственность за опубликованные материалы, их научную достоверность, статьи должны быть отредактированы автором и не содержать грамматических, лексических ошибок.
5. Автор представляет свою статью в Научно-исследовательский отдел на бумажном и электронном носителях.

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ РУКОПИСЕЙ

I. Структура статьи (построчно):

НАЗВАНИЕ СТАТЬИ – прописными буквами.

Имя, отчество, фамилия (полностью).

Ученая степень, звание.

Полное наименование организации, город, страна.

Аннотация (не более 8-ми строк) на двух языках (аннотация на английском и казахском языках, если статья на русском языке, на русском и английском языках, если статья на казахском языке - обязательно).

Текст статьи.

Список источников.

II. Оргкомитет просит авторов при подготовке докладов руководствоваться следующими правилами:

1. Формат страницы - А4, книжная ориентация. Объем материалов должен составлять 3-7 страниц, отпечатанные через 1,0 интервал, в редакторе «Word», шрифт «Times New Roman», цвет шрифта черный, кегль - 12. Поля: верхнее и нижнее - 2,0 см, левое – 3 см, правое – 1,5 см.

2. Форматирование текста: запрещены любые действия над текстом («красные строки», центрирование, отступы, переносы в словах, уплотнение интервалов).

3. Все рисунки должны быть выполнены черно-белыми и не должны превышать страницу формата А4, изображения должны быть высокого качества. Формат рисунка должен обеспечивать ясность всех деталей. Иллюстрации и таблицы нумеруются, если их количество больше одной.

4. Литература. Список использованной литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7. 1-84. Например:

1. Автор. Название статьи // Название журнала. Год издания. Том (например, Т.26) - номер (например, №3.) - страница (с.34. или с. 15-24.)

2. Аманов С.А. Название книги. Место издания (например Алматы:) Издательство (например, Наука), год издания. Страница.

3. Петров И.И. Название диссертации: дис.канд.биолог.наук. М.: Название института, год.

4. С. Christopolos, The tranmisson-Line Modeling (TML) Metod, Piscataway, N. Paris. 1995.

5. Ссылки на источник в виде порядкового номера помещают в тексте в квадратных скобках: [16, с.45].

III. На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе:

Сведения об авторе

Фамилия, имя, отчество

Название статьи

Направление

Полное название организации – места работы (учебы), ее почтовый адрес

Занимаемая должность, ученая степень

Номера телефонов (служебный и домашний) с указанием кода города

E-mail

Домашний адрес (фактический) с индексом

Примечание. Укажите, пожалуйста, с кем из авторов (если авторов несколько) вести переписку или переговоры и по какому адресу или телефону.

Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи, рукописи и электронные версии не возвращаются, статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и не возвращаются авторам.

Материал просим выслать по адресу: 030006 г. Актобе, ул. Айтеке би, 52, Казахско-Русский Международный университет, 212 каб., Ахметова Алия Закулгадиновна.

Телефоны для справок:

8(7132) 22-15-16, факс: 8 (7132) 21-06-08

E-mail: ahmetaliya@mail.ru

**«Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің хабаршысы»
халықаралық ғылыми журналы**

**Международный научный журнал
«Вестник Казахско-Русского Международного университета»**

2013

Выпуск №3 (4)

Редактор *Бердимуратов Т.Б.*
Технический редактор *Ахметова А.З.*
Компьютерная верстка *Тулегенова Д.Е.*

Подписано в печать: 25.09. 2013.

Тираж 100 экз.

Адрес типографии:

Типография и дизайн-студия «Палитра»
Казахско-Русского Международного университета
Республика Казахстан, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

По вопросам опубликования статей в журнал обращаться
в Казахско-Русский Международный университет
тел.: 8(7132)- 21-73-65, 22-15-16, факс: 21-42-12;
сайт: www.krmu.kz. E-mail: ahmetaliya@mail.ru; mmu@akparat.kz

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сай болмауы мүмкін.
Жарияланымдағы фактілер мен мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.
Редакция қолжазбаларды қайтармайды және оған пікір білдірмейді.
Материалдарды қайта басу редакцияның рұқсатымен мүмкін болады.
Журналға сілтеме жасау міндетті.

Опубликованные материалы могут не совпадать с точкой зрения редакции.

Ответственность за достоверность фактов и сведений,
содержащихся в публикациях, несут авторы.

Редакция не возвращает и не рецензирует рукописи.

Перепечатка материалов возможна только с разрешения редакции.

Ссылка на журнал обязательна.